



SAMRUK
K A Z Y N A



2021

ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП

ЖАҒАНДЫҚ
СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ
ТҰРАҚТЫЛЫҚ

ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ТҰРАҚТЫЛЫҚ





SAMRUK
KAZYNA



2021
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

БІЗ ТУРАЛЫ

«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы 2008 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылды. Қордың Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қордың миссиясы – активтерді Қазақстан Республикасы халқының мүддесінде тиімді басқару арқылы ұзақ мерзімді құн құру және экономиканың орнықты дамуын ынталандыру.

МАЗМҰНЫ

2021 ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

Директорлар кеңесі төрағасының алғысөзі	4	ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ	34	ОРНЫҚТЫ ДАМУ	80
Басқарма төрағасының алғысөзі	8	Жаһандық трендтер	36	ESG-трансформациялау	82
Есептік кезеңнің негізгі оқиғалары	12	2021 жылғы экономикаға шолу және орташа мерзімді болжам	37	Қоршаған ортаға әсері	84
КОМПАНИЯНЫҢ БЕЙІНІ	20	COVID-19 ықпалы	40	Әлеуметтік басқару	88
Қордың активтер портфелі	22	Қор тобының қаржылық және өндірістік нәтижелері	41	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі	96
Қызмет географиясы	24	Қордың кредиттік рейтингтері	44	Демеушілік және қайырымдылық	97
Серіктестік және қауымдастықтарға мүшелік	26	Операциялық тиімділік	50		
ДАМУ ЖОСПАРЫ	28	Инвестициялық қызмет	55		
Ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар	30	Жекешелендіру бағдарламасы	61		
		Трансформациялау және цифрландыру бағдарламасы	64		
		Сатып алуды басқару	73		

“ ” БІЗДІҢ МАНДАТЫМЫЗ

Қордың пайымы – жауапты инвестициялар арқылы адамдардың әл-ауқаты мен қоршаған ортаны қорғау қағидаттарын ұстана отырып, инновациялық дамуда ілгері ұмтылатын ұлттық экономика көшбасшысы.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	98	Корпоративтік хатшы	123
Корпоративтік басқару жүйесі	100	Ішкі аудит қызметі	123
Қорды басқару жөніндегі кеңес	102	Омбудсмен	123
Жалғыз акционер	102	Комплаенс қызметі	123
Дивидендтік саясат	103	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	124
Директорлар кеңесі	104	Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	126
Директорлар кеңесінің құрамы	105	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	129
Директорлар кеңесінің 2021 жылғы жұмысы	107	Қоғамдық кеңес	130
Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер	109		
Басқарма	117	ҚОСЫМШАЛАР	134
Қор басқармасының құрамы	118	КБК сақтау туралы 2021 жылға арналған есеп	136
Басқарма жұмысы туралы есеп	120	Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер туралы 2021 жылға арналған есеп	138
Басқарма жанындағы комитеттер	120	Глоссарий	140
Директорлар кеңесінің мүшелері мен басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты	123	Байланыс ақпараты	143



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Джон Дудас

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

Құрметті әріптестер, серіктестер, стейкхолдерлер мен инвесторлар!

2021 жыл алдыңғы жылдың трендін жалғастырып, біраз созылып кеткен COVID-19 пандемиясының дағдарысымен байланысты әлемдік экономика үшін өте күрделі жыл болды. Қор компанияларының тобы мұндай салдардың әсерінен сақтандырылған жоқ. Әйтсе де, өткен жылы энергия тасымалдаушылар бағасының едәуір өскенін айта кеткен жөн, бұл коронавирус пандемиясымен байланысты шектеулердің салдарын жұмсартуға септігін тигізді. Сонымен қатар, Қор сыртқы факторлардың ықпалын барынша азайтумен байланысты тиісті жауапты шараларды қабылдады және белсенді іс-әрекетінің арқасында өз қызметінде негізгі мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізе алды.

Қордың стратегиясы

Қордың стратегиясы негізгі Жалпы ұлттық басымдықтарға сәйкес және елдің ұзақ мерзімді даму бағдарын белгілейтін ұлттық құжат болып табылатын «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыруға септігін тигізеді.

Қордың Даму стратегиясына сәйкес, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздік арасында қисынды тепе-теңдік сақталған жағдайда, төмен көміртекті дамуға ауысу бойынша жаңа тәсілдер әзірленді. Қор 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптылыққа жетуді өзіне мақсат етеді.

Келер 10 жылдықта негізгі басымдықтар шеңберінде басты назар ESG қағидаларын енгізуге және Қазақстан Республикасында инфрақұрылымдық және «жасыл» инвестицияларды іске асыруға бағытталады. Активтер портфелін басқаруды оңтайландыру және тиімділігін арттыру 3 бөлікке бөлу арқылы қолжетімді болды – стратегиялық басқаруға, инвестициялық менеджментке және АХҚО алаңына басымдық бере отырып, бәсекелес ортаға беруге арналған активтер.

Қазіргі кезде Қор қарқынды жетілдіру бойынша өз тарихында ең ауқымды өзгерістер бағдарламасын іске асырып жатыр. Өзгерістер Қор қызметінің барлық бағыттарына қатысты. Реформалар жөніндегі Жоғарғы кеңестің отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың мақұлдауын алған бағдарлама Қор жұмысының тиімділігін арттыру, отандық тауар өндірушілер мен жеткізушілерді қолдау, сондай-ақ сатып алу процесінің ашықтығын арттыру мақсаттарын белгілейді. Ұсынылған барлық реформалар бүгінде іске асырылып жатқанын айта кеткен жөн. Жаңартылған Қордың қызметі бүгінгі өзінде барынша ашық болып табылады.

Қордың алдында тұрған жаңа сын-қатерлердің ескерілуімен өзектендірілген Даму стратегиясын Қордың Жалғыз акционері көп ұзамай белгіленген тәртіпте бекітетін болады.

Сыртқы факторлар

Әлемдегі геосаяси жағдайға байланысты, Ресей Федерациясына қатысты теңдессіз санкциялар енгізілді. Қазақстан мен Ресейдің географиялық жақындығын және экономикаларының жоғары дәрежеде ықпалдасатынын ескерсек, Ресей Федерациясына қатысты санкциялық режимді күшейту Қордың компаниялар тобының болашақ қызметі мен қаржылық көрсеткіштеріне елеулі ықпал етуі мүмкін.

Санкциялық заңнаманы бұзу тәуекелдерінің іске асу мүмкіндігі мен ықпалын азайту мақсатында, Қор өзінің Портфельдік компанияларымен бірлесіп, тұрақты негізде басты тәуекелдерге сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу шараларын өткізеді, оларды басқару бойынша іс-шараларды жедел әзірлеп, іс жүзінде қолданады. Қор тәуекел-факторлардың өзгеруін одан әрі бақылап, барлық мүдделі тараптармен қойылған мәселелерді шешу үшін қажетті іс-шараларды әзірлеуін жалғастыруда.

Жекешелендіру

2020 жылдың соңында Қазақстан Республикасының Үкіметі 2021–2025 жылдарға арналған жаңа Кешенді жекешелендіру жоспарын қабылдап, активтерді жекешелендірудің жаңа мерзімдерін белгіледі.

Осы Кешенді жекешелендіру жоспары аясында Қор 2021–2025 жылдары IPO/SPO-ға шығарылуы немесе стратегиялық инвесторларға сатылуы тиіс 8 ірі компания бойынша, сондай-ақ түрлі тәсілмен бәсекелес ортаға табысталуы тиіс 17 активті дайындау бойынша жұмысты жалғастырып келеді.

Қор бәсекелес нарықтары бар секторлардағы экономиканы мемлекет иелігінен алу бойынша саясатты ұстанады. Осылайша, Қордың ірі стратегиялық кәсіпорындарын ашық және бәсекелес тәсілмен ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығына шығару арқылы жекешелендіру жоспарланып отыр. Жалпы, 2021 жылы Қордың мынадай компанияларын IPO-ға шығару немесе бәсекелес ортаға беру бойынша дайындық шаралары өткізілді: «Қазпошта»

АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Эйр Астана» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «QAZAQ AIR» АҚ. Қор IPO-ға шығару үшін басқа да компанияларды қарастырады, олардың қатарында «KEGOC» АҚ және «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ын атап кетуге болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына 2021 жылы активтерді сатудан 558,3 млн теңге көлемінде қаражат аударылды.

2022 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметімен келісім бойынша компанияларды бәсекелес ортаға беру және стратегиялық емес активтерді шығару (дивестициялау) жөніндегі іс-шараларды іске асыру жоспарланып отыр.

**Соңғы жылы
Қордың
компаниялар тобында
H&S көрсеткіштері**

**11%-ға
жақсарды**

Өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша мәртебе (HSE) және COVID-19

Қор өзінің экономикаға, экология мен қоғамға ықпалының маңыздылығын түсінеді және мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, өзінің экологиялық (E), әлеуметтік (S) және басқарушылық (G) мақсаттарының үйлесімділігі арқылы өз қызметінің орнықты даму қағидаларына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Қор үшін орнықты дамудың негізгі факторларының бірі ретінде адамдардың әл-ауқаты және экологиялық тепе-теңдік болып табылады, бұл ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Қор адам капиталын нығайтуға, өндірістік қауіпсіздікті арттыруға, еңбекті қорғауға және әлеуметтік тұрақтылыққа баса назар аударады. Қауіпсіздік мәдениетін арттыруға, көшбасшылықты дамытуға және еңбек пен денсаулықты қорғау (бұдан әрі – H&S) мәселелерінде халықаралық стандарттарға қол жеткізуге бағытталған бірқатар синергетикалық бастама іске асырылуда.

**Өткен жылы
LTIF коэффициенті
0,22-ні құрады,
бұл 2020 жылғы
көрсеткіштен**

**4,2%-ға
жоғары**

Бүгінгі таңда ESG күн тәртібінің негізгі факторларының бірі қызметкерлердің әл-ауқаты және қауіпсіз еңбек жағдайын құру болып табылады. H&S саласында қалыптасқан мәселелердің шешімін табумен үшін (және жалпы Қор үшін) аса маңызды және Басқарма мен Директорлар кеңесі де біздің осы ұстанымымызды толығымен қолдайды.

Соңғы жылы Қордың компаниялар тобында H&S көрсеткіштері жақсарды. Ортақ әрекеттеріміздің арқасында 2021 жылы үйлеріне аман-есен оралған қызметкерлердің саны алдыңғы жылға қарағанда ~11%-ға артты. Өткен жылы LTIF коэффициенті 0,22-ні құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 4,2%-ға жоғары (0,23).

Дегенмен атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, ауыр жазатайым оқиғалар, оның ішінде өлім жағдайлары тым жиі орын алады, бұл көбіне жоғары басшылықтың қауіпсіздік мәселелерімен жеткілікті дәрежеде айналыспайтынын көрсетеді. 2021 жылы 14 әріптесімізден айырылып қалдық. Қайтыс болғандардың отбасыларына тиісті қолдау көрсетілді. Тағы 48 қызметкеріміз ауыр дәрежелі дене жарақаттарын алды. Қордың компаниялар тобы болған оқиғалардан сабақ алуы тиіс болды, сөйтіп, төмендегі мақсаттарға жету үшін Қордың компаниялар тобында 2022 жылды «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жылы» деп жариялау туралы шешім қабылданды:

- Ауыр жазатайым оқиғаларды, жарақаттану мен сырқаттануларды, әсіресе өлім жағдайларын болдырмау;
- Аса қауіпті жағдайда жұмыс істейтін өндірістердегі оқиғалардың алдын алу;

- Әлемдегі үздік салалық тәжірибелерді енгізу.

H&S бойынша 2022 жылға арналған жоспар әзірленіп, 13 негізгі портфельдік компанияларына енгізу үшін жолданды. 2022 жылы мынадай іс-шаралар жоспарланды:

- Кейін қолдану мақсатында үздік тәжірибелерді зерттеу бойынша көшбасшы компаниялармен тәжірибе алмасу;
- HSE саласында менеджмент біліктілігін арттыруға бағытталған корпоративтік оқу бағдарламасы мен электрондық курсты іске қосу;
- Қордың қауіпсіздік мәдениетін жақсартуға арналған бағдарламалар бойынша, оның ішінде «Leadership Accountability» (CEO және CEO-1 өндірістік компаниялары) бойынша оқыту;
- Орындардағы негізгі мәселелерді шешу үшін Өндірістік кеңестердің қатыстырылу деңгейін арттыру.

Қызметкерлердің денсаулығын қамтамасыз етуге қатысты Қордың компаниялар тобында пандемиялық жағдайды тұрақтандыру бойынша үлкен жұмыс атқарылды. Біз қызметкерлеріміздің 87%-ның вакцина алуына қол жеткіздік, 18%-ы қайта вакциналанды.

Жалпы, Қор тобының барлық қызметкерлерінен қауіпсіздік мәдениетін трансформациялау және қауіпсіздік мәселелерімен жеке айналысу деңгейін арттыру талап етіледі.

Қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ технологиялық процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты тәуекелдерді азайту мәселелеріне қатысты белсенді тәсілдер талап етіледі. Парадигманың осылайша жылжуы көптеген адамдардың өмірі мен қор-

шаған ортаны келешек ұрпақтарға сақтап қалып, отбасылардың әл-ауқатын жақсартуға көмектеседі.

Қайырымдылық

Өткен жылы Қор қайырымдылық шараларына ерекше көңіл бөлді. 2021 жылы жалпы сомасы 7,1 млрд теңгеден астам сомаға 32 әлеуметтік жоба іске асырылды. Шамамен жарты миллион адам аталған жобаларды іске асыру аясында көмек алды.

Қордың қайырымдылық қызметі медициналық сектордағы адамдар мен қоғамдастықтарға бағытталды. Мәселен, Петропавл ауруханасында медициналық бөлімшенің ашылуы және Қарағанды ауруханасын гипоксиядан емдеуге арналған жабдықпен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар медиа, мәдени қоғамдастықты, адам әлеуетін дамытуға бағытталған

жобалар іске асырылды. Сондай-ақ, Қор топтары орналасқан өңірлерде әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламаларын іске асыруға назар аударылды. Бұл жобалар салауатты өмір салтын насихаттауға және қолжетімді спорттық инфрақұрылымды құруға бағытталды, бұған ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне қамқорлық, аутизммен науқастанатын балаларға көмек, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған спорттық секциялар, әлеуметтік осал топтарға жататын отбасындағы балаларға арналған аула клубтары мен жыл бойы жұмыс істейтін заманауи спорт кешендерін ұсыну кіреді.

Әлемдегі тұрақсыз жағдай мен өңірдегі геосаяси жағдайды ескерсек, 2022 жыл оңай болмайды деп күтілуде. Бұған қарамастан, Қор өзінің Даму стратегиясы мен «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыру аясында ел басшылығы белгілеп берген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған жұмысын одан әрі жалғастырады.

**2021
жылы жалпы
сомасы**

7

МЛРД ТЕҢГЕДЕН

**астам сомаға
32 әлеуметтік жоба
іске асырылды**

Джон Дудас

**«Самұрық-Қазына» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы**



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Сәтқалиев Алмассадам Майданұлы

«Самұрық-Қазына» АҚ
Басқарма төрағасы

Құрметті әріптестер, серіктестер мен инвесторлар!

2021 жыл – жаһандық сын-қатерлер жылына айналды. Құндылықтар адамдардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатына көбірек көңіл бөлу, қоршаған ортаға ықпалды азайту және корпоративтік мәдениетті дамыту жағына қарай қайта қаралды.

Адамдар – компанияның басты құндылығы. Қор қызметінің нәтижелері мен инвесторлар үшін құрылатын құн әр адамның кәсібилігімен қауіпсіздігі деңгейіне байланысты болады.

Пандемия кезінде Қор және портфельдік компаниялары жұмыс орындарын сақтап қалып, еңбекақының дер кезінде толық көлемде төленуін қамтамасыз етті. Бұған қоса, Қор халыққа әлеуметтік жобалар арқылы көмек көрсетуін жалғастырды. 2021 жылы біз жалпы саны 500 мыңнан астам бенефициарды қамтитын 32 қайырымдылық жобасын жүзеге асырдық.

2021 жылы біз

32

**қайырымдылық
жобасын жүзеге
асырдық**

Сонымен қатар, Қор мемлекеттік вакциналау науқанын қолдап, Қазақстан халқы үшін «Hayat Vax» вакцинасын сатып алуды қаржыландырды, қалаған әр адам бұл вакцинаны мемлекеттік медициналық мекемелерде салдыра алды. Қазіргі кезде қызметкерлерге коронавирустық инфекциядан екпе салу бойынша жұмыс жалғастырылып келеді.

Өндірістік қауіпсіздік жүйесін жақсарту мәселелері – мен үшін де, жалпы Қор үшін де ең жоғары басымдық. Қор тобы қызметкерлерінің барлығы өз үйлеріне, отбасыларына аман-есен оралуы керек. Үш жылда Қордың компаниялар тобы бойынша HSE саласында ауқымды жұмыс атқарылды. 2021 жылы зардап шеккендердің саны 2019 жылмен салыстырғанда 36%-ға азайды.

Қызметкерлеріміз бен мердігерлеріміздің және тұрғындардың денсаулығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ыждағатты жұмысымыз Самұрық-Қазына компаниялар тобының ұзақ мерзімді және табысты бизнесінің негіз қалаушы факторы болып табылады. Осыған орай, 2022 жыл «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жылы» болып жарияланды.

Қор пандемияның жағымсыз әсерін барынша азайту үшін тиісті шараларды қабылдады және белсенді іс-қимылының арқасында негізгі көрсеткіштерге қол жеткізе алды.

**2021
жылы зардап
шеккендердің
саны 2019 жылмен
салыстырғанда**

36 %-ға

азайды

2021 жылғы өндірістік және қаржылық нәтижелер пандемияға дейінгі 2019 жылдың нәтижелерінен асып түсті. Таза пайда 1,6 трлн теңгені құрады, бұл жылдық жоспардан әлдеқайда жоғары. Негізінен, мұндай өсу бұрынғыдай жалпы түсімнің едәуір бөлігін ала-

тын мұнай мен мұнай өнімдері бағасының өсуінен болды.

Жолаушылар әуе тасымалы, жүк теміржол тасымалы сияқты басқа бағыттар бойынша көрсеткіштердің едәуір жақсаруын, электр энергиясына сұраныстың өсуін атап өткен жөн. Бұл негізінен күрделі 2020 жылдан кейін іскерлік белсенділіктің қалпына келуі мен карантиндік шаралардың алынып тастауы есебінен болды.

2021 жылы бекітілген дивидендік саясатты ескере отырып, Қор өзінің Жалғыз акционері ретінде ҚР Үкіметі пайдасына дивидендік табысты арттыру бағытында тұрақты жұмыс атқарады. Мәселен, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қор республикалық бюджетке 170 млрд теңге аударды, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен екі есе жоғары.

Қор тобының компаниялары ірі салық төлеушілер болып табылады, 2021 жылы ҚР бюджетіне шамамен 1,2 трлн теңге аударылды, бұл республикалық бюджетке түсетін жыл сайынғы қаражаттың орташа есеппен алғанда 10%-ын құрайды.

Қордың ел экономикасындағы үлесін азайтуға ерекше мән беріледі. 2021 жылы Қордың бес активі жалпы сомасы 2,7 млрд теңгеге сатылды.

Сондай-ақ, Қор «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ мен «Әйр Астана» АҚ-ын халықаралық листингке шығаруға дайындап, тәуелсіз кеңесшілерді тарту мәселелерін, сондай-ақ жоспарланатын мәмілелердің жергілікті деңгейде кеңінен жариялануы, қазақстандық бөлшек сауда инвесторларын тарту, сондай-ақ өтінімдерді жинаудың ұзағырақ мерзімін қамтамасыз ету

сияқты «Халықтық IPO»-ның жекелеген элементтерін бейімдеу мәселелерін пысықтауға күш салды.

2021 жылы портфельдік компанияларының портфельді оңтайландыру бойынша жеке жоспарлары шеңберінде стратегиялық емес активтерден шығу бойынша жұмыс атқарылды, оның ішінде 13 актив сатылды, 2 актив мемлекеттік меншікке берілді және 8 актив таратылды.

Бүкіл әлем тұрақты және инклюзивті болашаққа ұмтылып жатқан шақта, біз Самұрық-Қазынада бизнес философиясы мен оны жүргізу тәсілдерін реформалау, қайта құру, әлеуметтік жауапкершілікті күшейту бойынша істі қолға алдық.

Біз жаңа тәуекелдер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, Қордың даму стратегиясын жаңартуды бастадық. Құжатты әзірлеу барысында Самұрық-Қазына қорын құрудың басты мақсатын – тұрақты экономикалық дамуға септесу арқылы ұлттық әл-ауқатты арттыруды негізге алдық.

Біз сапалы өсу және акционерлік құнды арттыру негіздерінің бірі ретінде орнықты дамуды белгіледік. Қордың компаниялар тобының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, біз ESG қағидаларын орындау тұрғысынан, демек адамдардың әл-ауқатын арттыру және қоршаған ортаға жағымсыз ықпалды азайту бойынша міндеттерді белгіледік.

Бүгінде әлем қоғамдастығы климаттық және экологиялық күн тәртібі шеңберінде үрей тудыратын әрекетсіздік сценарийлерін қажет етпейді. Үкімет басшылары мен бизнес-қоғамдастықтардың өкілдері қоршаған ортаға ықпалды азайту қажеттілігін түсінеді және конструктивтік шешімдер іздеуге тырысады. Сондай-ақ инвесторлар экологиялық тәуекелдердің ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылыққа және компанияның құнына ықпал ететін инвестициялық тәуекелдерге айналатынын түсінеді.

**2021 жылы
Қордың бес активі
жалпы сомасы**

**2,7
МЛРД ТЕҢГЕГЕ
сатылды**

**Самұрық-
Энерго АІХ
биржасында**

**18,4
МЛРД ТЕҢГЕ**

**көлемінде дебюттік
«жасыл» облигацияларды
орналастырды**

Қор бұл бағытта белсенді жұмыс атқаруда. Самұрық-Қазына электр энергетикалық саладағы мемлекет мүдделерін білдіретін ірі холдинг ретінде еліміздің «жасыл» экономикаға көшу бойынша жоспарларында негізгі рөл атқарады.

Біздің елімізде өндірілетін электр энергиясының шамамен 70%-ы отын ретінде көмірді пайдалану арқылы өндіріледі. Газ, көмір және соның салдарынан электр энергиясына ең төмен тарифтердің нәтижесінде Қазақстанның экономикасы энергия

сыйымдылығы бойынша әлемде 12-ші және көміртек сыйымдылығы бойынша 5-ші болып табылады. Бұл ретте халық санының артуы, цифрландыру мен автоматтандыру бойынша трендтер электр энергиясын тұтынудың ұлғаюына әкеледі, сұраныс 2060 жылға қарай 3 есе артуы мүмкін және бұл сұранысты өтеу үшін міндетті түрде базалық генерация көздері қажет.

Біз осы жоғарыда аталған және басқа да аспектілерді Қордың көміртек бейтараптылығына қол жеткізу бойынша ұстанымы мен мақсатын белгілейтін төмен көміртекті дамуға ауысу бойынша Тұжырымдамасын әзірлеу барысында ескереміз. Біз келешекте 2060 жылға қарай көміртек бейтараптылығына қол жеткізу жоспарымен көміртек ізін 10%-ға төмендетуді мақсат етеміз.

2021 жылы Қор қоршаған ортаға әсерді азайту және ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша шаралар кешенін іске асырды. Мәселен, есептік жылы Қордың портфельдік компаниялары ЖЭК саласында бірқатар жобаны қолға алды. Мемлекет басшысының қатысуымен Алматы ЖЭЦ-2 станциясын газға ауыстыру жобасы іске асырыла бастады. Келешекте ЖЭЦ-3 те газға ауыстырылмақ.

Қордың портфельдік компаниялары көбіне энергияны көп қолданатын технологиялармен жұмыс істейтін ірі өндірушілер болып табылатындықтан, энергияны үнемдеуге және энергия тиімділігін арттыруға баса назар аударады. Қордың ең энергия-сыйымды кәсіпорындарының бірі – Самұрық-Энерго 2015-2025 жылдар арналған энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы қолданылады. Өз кезегінде, ҚазМұнайГазда 2021 жылы 49 іс-шара орындалды, осының нәтижесінде отын-энергетикалық қорлар 5,3 млн кВт электр энергиясы және 8 107 мың м³ табиғи газ көлемінде үнемделді.

Қойылған міндеттерді қаржыландыру мақсатында Қор және оның портфельдік компаниялары «жасыл» облигациялар немесе орнықты даму мақсаттарына байланған облигациялар шығару мүмкіндігін қарастырды. 2021 жылдың қарашасында АХҚО-ның қолдауымен Самұрық-Энерго АІХ биржасында 18,4 млрд теңге көлемінде дебюттік «жасыл» облигацияларды орналастырды.

Жалпы, біздің ойымызша, Қор Қазақстанның төмен көміртекте дамуға ауысу ісінде локомотив міндетін атқара алады.

Біз портфельдің тиімді басқарылуын қамтамасыз етудің, сондай-ақ активтердің ұзақ мерзімді құнын арттырудың негізгі қаржылық емес факторларының бірі ретінде корпоративтік басқаруды қарастырамыз. Акцияларды алғашқы орналастыру мерзімдері мен жоспарларына қарамастан, барлық портфельдік компаниялары үшін корпоративтік басқару деңгейін арттыру міндеті қойылды. Бұл соның ішінде шешім қабылдау, комплаенс-рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету және ақпаратты ашып көрсету бойынша талаптарға да қатысты.

ESG күн тәртібін енгізу шеңберінде Қордың барлық портфельдік компаниялары келер жылдары ESG рейтингін алу бойынша жұмыстарын жалғастырады. Бірқатар портфельдік компаниялары халықаралық рейтингтік агенттіктермен жұмысын бастап кетті.

Жеткізушілер мен мердігерлер ESG қағидаларын орындауда құндылық құру тізбегінің маңызды қатысушылары болып табылады. Соңғы екі жылда ашық тендер өткізу және баға ұсынымдарын сұрату

тәсілімен бәсекелес сатып алулардың едәуір өскені байқалады. Бір көзден сатып алулар үлесі 5 есе азайған, бәсекелес сатып алулардың көлемі 6 есе артқан. Отандық тауар өндірушілерге 246 млрд теңге көлемінде тікелей қолдау көрсетілді. 2021 жылғы сатып алулардың қорытындысы бойынша үнем 145 млрд теңгені құрады.

Қор негізгі көрсеткіштерді жақсарту бойынша жұмысын жалғастырып келеді. 2022 жылдың басында Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен Реформалар жөніндегі Жоғарғы кеңестің отырысында реформалау бойынша жедел және жүйелі шараларды қамтитын Қорды реформалау бағдарламасы мақұлданды.

Жедел шаралар аясында Қордың Корпоративтік орталығының қызметкерлер саны қысқартылды, ұйымдық құрылым оңтайландырылды, шетелдік өкілдіктер жабылды. Бұл шаралар Корпоративтік орталық бойынша шығындарды шамамен 2,6 млрд теңгеге азайтуға мүмкіндік берді. Дәл осындай

жұмыс Қордың компаниялар тобы деңгейінде де өткізілуде.

Қазіргі кезде біз халықтың әл-ауқатын арттыру бойынша жүйелі шараларды іске асыруға кірістік, онда Қордың және оның портфельдік компанияларының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, бизнесті қолдау бойынша бастамалар, дивидендік және инвестициялық саясаттағы, активтерді жеке-шелендірудегі және адам капиталын дамытудағы жаңа тәсілдер қамтылды.

Жалпы, Қор қойылған мақсаттарына жүйелі түрде жылжып келеді. Портфельдік компанияларының тиімділігін арттыру бойынша кешенді жұмыс атқарылуда. Қысқа мерзімді перспективада біз өзімізді стратегиялық холдинг ретінде көреміз, кейін инвестициялық холдинг моделіне ауысуды жоспарлап отырмыз. Ұзақ мерзімді перспективада компанияны жаһандық трендтер негізінде түбегейлі өзгерістер күтіп тұр.

Сәтқалиев Алмассадам Майданұлы

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы

Отандық тауар
өндірушілерге
санаттық сатып алулар
арқылы

246

МЛРД ТЕҢГЕ

сомасында тікелей
қолдау көрсетілді

ЕСЕПТІК КЕЗЕҢНІҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ



MUBADALA



SOCAR

«Самұрық-Қазына» АҚ Отандық кәсіпкерлерді қолдаудың II форумын өткізді

Нұр-Сұлтан қаласында Samruk Business Forum атты «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры ұйымдастырған отандық кәсіпкерлерді қолдаудың екінші форумы өтті. Іс-шараға ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Премьер-Министр, Президент әкімшілігінің басшысы, Үкімет мүшелері, «Самұрық-Қазына» Қорының Басқарма төрағасы, ұлттық компаниялардың басшылары және бизнес-құрылымдастықтардың өкілдері қатысты. 2018 жылдан бастап Қор ұзақ мерзімді оффтейк-келісімшарттар жасай отырып, Қазақстанда баламасы жоқ жаңа өндірістер құруды ынталандыратын импортты алмастыру бағдарламасын іске асыруда. Отандық бизнеске Қазақстандағы өндірісті реттеу ұсынылды, Қор өз тарапынан оларды орта мерзімді перспективада сатып алуға кепілдік береді. Ақпандағы жағдай бойынша, импортты алмастыру бағдарламасы аясында инвестиция көлемі 218 млрд теңгені құрайтын 42 жоба мақұлданды. Іс жүзінде 27 млрд теңге көлемінде нақты шарттарға қол қойылды, 2 000-нан астам жұмыс орны құрылды.

АҚПАН

«Самұрық-Қазына» АҚ-да «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі ашылды

2021 жылғы 17 ақпанда «Самұрық-Қазына» АҚ-да Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен Қордың бірінші басшыларының қатысуымен «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің ашылуы өтті. Жобалық кеңсе сыбайлас жемқорлық алғышарттарын жою, парасаттылық идеологиясын ілгерілету және Қор компаниялары тобының корпоративтік басқаруындағы қоғамдық бақылауды күшейту мақсатында құрылған. Мемлекет басшысы Samruk Business Forum отандық кәсіпкерлерді қолдау форумы барысында Қор нысандарын 2025 жылға дейін тиімді және ашық жекешелендірудің міндетті құралы ретінде қоғамдық бақылауды атап өтті.

«Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз әл-ауқат қорларымен инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтеді

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы БАӘ Mubadala Investment Company тәуелсіз әл-ауқат қорының басшылығымен кездесу өткізді. Кездесу барысында тараптар ағымдағы ынтымақтастықты және ҚР экономикасының түрлі секторларына инвестициялаудың перспективасын талқылады. Сапар барысында стратегиялық құжаттарға қол қойылды. «Самұрық-Қазына» АҚ және Mubadala – Abu Dhabi Future Energy Company (Masdar) еншілес кәсіпорны Қазақстанда жаңартылатын энергия көздері секторын дамыту және зерттеу туралы Меморандумға қол қойды. «KMG Drilling&Services» және «Caspian Drilling Company» әзірбайжандық SOCAR және британдық British Petroleum бірлескен барлау жұмыстарын өткізіп жатқан Каспий теңізінің әзірбайжандық секторында «Satti» қазақстандық өзін-өзі көтеретін бұрғылау қондырғысымен ұңғыларды бұрғылау туралы келісімге қол қойды. Сонымен қатар басқа да әлеуетті инвесторлармен, оның ішінде Атырау облысындағы газхимиялық кешен жобаларындағы ынтымақтастық бойынша келіссөздер өткізілді. Құны 2,6 млрд АҚШ долларын құрайтын «Полипропилен» зауытының құрылысы биыл аяқталуы керек.



НАУРЫЗ

«QazaqGas» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның дербес портфельдік компаниясына айналды.

Бүгін Үкіметтің қаулысы қабылданып, «Самұрық-Қазына» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» АҚ арасында «QazaqGas» АҚ-ды «Самұрық-Қазына» АҚ қорының сенімді басқаруына беру туралы келісімге қол қойылды. Осылайша, «ҚазТрансГаз» АҚ ұлттық компаниясы газды тасымалдап қана қоймай, сонымен бірге газ және газбен жабдықтау саласындағы толыққанды ұлттық операторға айналады.

ҚР Премьер-Министрі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жаңа басшысын таныстырды

ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Мамин «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ ұжымына Басқарманың жаңа төрағасы Алмассадам Сәтқалиевті таныстырды. Асқар Мамин Қордың жаңа басшысы Алмассадам Сәтқалиевті таныстыра отырып, оның энергетика саласындағы және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жүйесіндегі үлкен жұмыс тәжірибесін атап өтті. Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» қорының алдына еліміздің инфрақұрылымдық, көлік-логистикалық және индустриялық дамуын қамтамасыз ету арқылы, сонымен қатар, отын-энергетика кешенін дамыту, инвестицияларды тарту және отандық тауар өндірушілерге қолдау көрсету арқылы ұлттық экономиканың одан әрі тұрақты дамуына жағдай жасау міндетін қойды.



«Самұрық-Қазына» АҚ-да үздік өндірісшілер марапатталды

«Самұрық-Қазына» АҚ-да «Үздік маман» кәсіби шеберлік конкурсының қорытындысы жасалды. Конкурсақа Қордың өндірістік компаниялары – «Қазақстан темір жолы»,

СӘУІР

«ҚазМұнайГаз», «Қазатомөнеркәсіп», «Қазақтелеком», «KEGOC», «Самұрық-Энерго», «Қазпошта», «Эйр Астана», «Тау-Кен Самұрық», «Біріккен химиялық компания» және «QAZAQ AIR» қатысты. Айта кетсек, «Самұрық-Қазына» АҚ елдің ірі жұмыс берушілерінің бірі болып табылады – штатында шамамен 300 мың қызметкер бар. 2024 жылға қарай «Самұрық-Қазына» АҚ Орта Азиядағы №1 жұмыс беруші атануды, ал 2028 жылға қарай – ТМД аймағындағы 30 үздік жұмыс беруші қатарына кіруді жоспарлап отыр.



EDPR және «Самұрық-Қазына» АҚ «жасыл» энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды

Жел энергиясының көлемі бойынша әлемдік үшінші өндіруші және жаңартылатын энергия көздері секторындағы көшбасшы EDPR компаниясының басшылығымен кездесу өтті. EDPR ЖЭК саласындағы серпінді және жоғары технологиялық жобаларды іске асыруда инвестиция салуға ниетті. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы А.Сәтқалиев бүгінде Қордың портфельдік компанияларын декарбонизациялауға және Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін дамыту жөніндегі бастамаларды ілгерілетуге ерекше назар аударатынын атап өтті. Бағдарламалық құжаттар шеңберінде Қазақстан электр

МАМЫР

энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі ЖЭК үлесін 2030 жылға қарай 10%-ға дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

«Самұрық-Қазына» компаниялар тобындағы эпидемиологиялық жағдай ерекше бақылауда және басым мәнге ие

Қор қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін вакцинамен қамту деңгейін барынша арттыруды көздейді. 2021 жылғы 24 мамырдағы жағдай бойынша компаниялар тобындағы вакцинацияланған қызметкерлердің саны мынадай: 1-компонентпен: 46 680 қызметкер немесе Қор компаниялары тобындағы жұмысшылардың жалпы санының 16,8%-ы. Атап айтқанда, Қордың келесі портфельдік компанияларының қызметкерлеріне вакцина егілді – Қазақстан темір жолы – 19,089 (20,3%), ҚазМұнайГаз – 7,528 (12%), ҚазТрансГаз – 5,141 (40,7%), Қазатомөнеркәсіп – 3,884 (20,3%), Самұрық-Энерго – 3,357 (19,4%), Қазақтелеком – 2,470 (20%), KEGOC – 1,815 (39,3%), Қазпошта – 1,293 (6,2%), Әйр Астана – 632 (11,8%), Тау-Кен Самұрық – 377 (43,7%), Біріккен химиялық компания – 93 (14,9%), Samruk-Kazyna Construction – 38 (45,8%), Qazaq Air – 19 (6,8%). 2-компонентпен – 14 872 қызметкер немесе Қор компаниялары тобындағы жұмысшылардың жалпы санының 5,4%-ы егілді.

МАУСЫМ

«Самұрық-Қазына» АҚ делегациясы Петербург халықаралық экономикалық форумы – 2021 жұмысына қатысты

«Самұрық-Қазына» АҚ мен Қордың портфельдік компанияларының басшылығы Санкт-Петербург халықаралық экономикалық форумының жұмысына қатысты. Сапар қорытындысы бойынша Қазақстанда инвестициялар үшін база құру және бірлескен жобаларды жүзеге асыру туралы өзара тиімді келісімдер мен келісімшарттарға қол қойылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС портфельдік компаниясы арқылы Da Vinci Emerging Technologies Fund III тікелей инвестициялар қорына қатысады

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС Жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы келісімге, Шектеулі серіктестікке қатысуға жазылым туралы келісімге және Қосымша хатқа қол



қойылған сәттен бастап шектеулі серіктестік ретінде Da Vinci Emerging Technologies Fund III тікелей инвестициялар қорының қатысушысы болып табылады. 80 миллион АҚШ доллары көлемінде кейінге сақталған жалпы капитал (committed capital) көлемімен алғашқы DVET жабылуы 2021 жылғы 30 маусымда өтті. СК Инвест-тің кейінге сақталған капиталының сомасы 10 миллион АҚШ долларын құрайды.

ШІЛДЕ


«Самұрық-Қазына» АҚ делегациясы Бакуда стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастық мәселелерін талқылады

Баку қаласына жұмыс сапары аясында «Самұрық-Қазына» АҚ делегациясы Әзірбайжан Республикасының Экономика министрі, SOCAR Бақылаушы кеңесінің төрағасы, Әзірбайжан инвестициялық холдингінің Бақылаушы кеңесінің мүшесімен және Әзірбайжан инвестициялық холдингінің (ӘИХ) Бас атқарушы директорымен кездесті. Транзиттік-көліктік әлеует пен логистиканы әртараптандыруды жаңғырту жолында бірлескен шаралар ынтымақтастықты нығайтуда басым бағыт болады деп келісілді. Келіссөздер барысында теміржол, теңіз және әуе қатынасы, логистика мен мұнай-газ саласындағы серіктестік мәселелері талқыланды.



Каспий саяси орталығының делегациясы «Самұрық-Қазына» АҚ-на келді

«Самұрық-Қазына» АҚ-да Caspian Policy Center зерттеу орталығының делегациясымен кездесу өтті. Тұрақты даму басымдықтары, энергоауысу және инвестициялық стратегиялармен қатар пандемия жағдайында Қор тарапынан қабылданған ұтымды шаралар әңгімеге арқау болды. «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері шетел сарапшыларына шығындарды оңтайландыруға бағытталған шаралар туралы айтып берді. Соның арқасында Қордың портфельдік компанияларында 2020 жылы жұмыс күші қысқартылмай, әлеуметтік тұрақтылық қамтамасыз етілді. Кездесуде сонымен қатар Қорды дамытудың негізгі басымдықтары, соның ішінде ESG қағидаттарын енгізу талқыланып, тараптар ынтымақтастығын нығайтудың жаңа мүмкіндіктері пысықталды.





«Самұрық-Қазына» АҚ мен Кореяның халықаралық сауда қауымдастығы (КІТА) арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды

Сеулде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Оңтүстік Корея Президенті Мун Чжэ Инның шақыруымен мемлекеттік сапары аясында жоғары деңгейдегі келіссөздер өтті. Екі мемлекет басшылары қазақ-кәріс стратегиялық ынтымақтастығын одан әрі дамытудың кең ауқымды мәселелерін талқылады. Келіссөздер нәтижесінде бірқатар екіжақты құжаттарға, соның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ мен Кореяның халықаралық сауда қауымдастығы (КІТА) арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Басқарма төрағасы А.Сәтқалиев КІТА (Korean International Trade Association) Қауымдастығының Қазақстан-Корея іскерлік кеңесінің құрамына кіруі қазақстандық және оңтүстік корейлік бизнес-қоғамдастықтарының серіктестігіне тың серпіліс бергенін атап өтті. Сонымен қатар, тараптар энергетика, мұнай-газ, тау-кен салалары мен атом өнеркәсібі, IT-шешімдер, байланыс пен телекоммуникациялар және басқа да салалардағы болашақ ынтымақтастықтың бағыттарын айқындап алды.

«Самұрық-Қазына» АҚ: басты басымдық – орнықты даму

«Самұрық-Қазына» Қоры көміртек пайдалану деңгейін төмендету бағдарламасын іске асыруды қолға алды. Портфельдік компанияларымен бірқатар кеңестер өткізіліп, декарбонизациялау бойынша көрсеткіштер мен стратегиялық мақсаттар айқындалды. Қор басшылығы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететін «ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «SamrukKazyna Ondeu» ЖШС, «Тау-Кен Самұрық» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ мен «Эйр Астана» АҚ сияқты компанияларының энергоауысу жоспарларымен танысты. Күн тәртібіндегі бастамалар ең алдымен көмір қуатын алмастыруға,

ТАМЫЗ

газ және су энергетикасын дамытуға, баламалы энергия көздеріне негізделген жаңа қуат өндіру нысандарын іске қосуға, жеке пайдалану үшін ЖЭК құрылысына, энерготиімділікке, қуат жинақтауға, көміртекті аулап, сақтау технологияларын енгізуге, сутекті энергетиканы дамытуға және жасылдандыру шараларын іске асыруға бағытталған. Экономикада көміртекті пайдалану деңгейін төмендету – мемлекеттер мен корпорациялардың жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.



Қазақстан Катардың жетекші компанияларымен инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтеді

Катарда Қазақстан – Катар іскерлік кеңесінің отырысы өтті. Іс-шараға Қазақстан мен Катардың ірі компанияларының басшылары, ҚР Үкімет мүшелері, мемлекеттік ведомстволар мен қаржы институттарының өкілдері қатысты. Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың нәтижелеріне тоқтала келе, Қор басшысы Катар еліміздің маңызды экономикалық серіктестерінің бірі болып табылатынын айтты. Қазіргі кезде Қазақстанда катарлық серіктестермен бірлесе жалпы сомасы 125 млн АҚШ долларын құрайтын 3 жоба іске асырылуда: «Qatar Development Bank» қатысуымен Алматы облысындағы перинаталды орталықтың құрылысы, «Barzan Holdings» қатысуымен «Матыбұлақ» әскери дайындық оқу орталығының инфрақұрылымын жетілдіру бойынша жоба, «Al Rayan Investment»-пен АХҚО алаңында тәуелсіз катар банкінің ашылуы. Іс-шара аясында катарлық өнеркәсіптік қауымдастықтар мен компаниялардың өкілдері сөз сөйледі.

ҚЫРКҮЙЕК

11 мың кәсіпкер 2021 жылы «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының тапсырыстарымен қамтамасыз етілді

2021 жылдың қыркүйек айындағы жағдай бойынша 11 мың қазақстандық кәсіпкер «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының сатып алу жүйесі бойынша тұрақты тапсырыстарға қол жеткізді. Сатып алулар жүйесін жетілдіре отырып, Қор отандық бизнеске қолдау білдірді. Қазақстандық бизнеске көмек Қазақстанда теңдесі жоқ өнеркәсіптерді дамытуға ынталандыратын импортты алмастыру Бағдарламасы аясында көрсетіледі. Бағдарлама шарты бойынша ұзақ мерзімді оффтейк-келісімшарт жасалынады. Оффтейк-келісімшарттар компанияларға олардың өндіретін тауарларына Қордың компаниялар тобы тарапынан кемінде бес жыл бойы тапсырыс берілетініне кепілдік береді. Кәсіпорындар жаңа өндірістерді ашып, оларды кеңейтуге 220 млрд тг шамасында инвестиция құйды, бұл 2 000-ға жуық жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Импортты алмастыру аясында жалпы сомасы 121 млрд теңгеге 627 атаудан тұратын тауарлар тізімі бекітілді. Қазір 76,4 млрд теңгеге бағаланатын 139 оффтейк-келісімшарт іске асырылып жатыр, оның ішінде сомасы 50 млрд теңгеге жуық 55 келісімшарт биыл жүзеге асады.

S&P «Самұрық-Қазына» АҚ-ның рейтингтерін «BB+/B»-ден «BBB-/A-3»-ке көтерді, болжам – «тұрақты»

S&P Global Ratings рейтинг агенттігі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ эмитентінің шетел және ұлттық валютадағы міндеттемелері бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несие рейтингтерін «BB+/B»-ден «BBB-/A-3»-ке дейін ұлғайтты. Рейтинг бойынша болжам – «тұрақты». Сонымен қатар Қордың ұлттық жіктеу бойынша рейтингі «kzAA+»-тен «kzAAA»-ға дейін және басымдыққа ие кепілдендірілмеген орта мерзімдік облигациялар шығару рейтингі «BB+»-тен «BBB»-ке дейін ұлғайтылды. «Самұрық-Қазына» Қоры мемлекеттің ІЖӨ-нің шамамен 40%-ын құрайтын Қазақстандағы корпоративтік сектордың барлық дерлік стратегиялық активтерін (соның ішінде мұнай-газ саласын) басқарады деп көрсетіледі. S&P сарапшыларының пікірінше, Қор Үкіметтің экономикалық және әлеуметтік міндеттерін орындаудағы негізгі тетігі. Және, олардың ойынша, бұл жағдай орта мерзімде өзгере қоймайды.



Сауд Арабиясымен инвестициялық ынтымақтастықтың перспективалары

«Самұрық-Қазына» АҚ-да бүгін Сауд Арабиясы Корольдігінің Инвестиция жөніндегі министрі Халид Бин Абдулазиз Әл-Фалих бастаған делегациясымен кездесу өтіп, ынтымақтастықты нығайту мәселелері талқыланды. ынтымақтастықтың перспективалары энергетика, тау-кен, мұнай-химия, сутегі энергетикасы, өнеркәсіп пен аграрлық салаларын қамтиды. Қордың компаниялар тобы көміртектік бейтараптыққа қол жеткізуге ерекше назар аударады, бұл салада Сауд компанияларының көмірсутек ресурстарын пайдалану тәжірибесі пайдалы болары сөзсіз. Оған қоса, геология мен ұңғыма бұрғылау саласындағы ҒЗТҚЖ тақырыптары бойынша «жасыл» технологиялардың трансферті тұрғысынан бірлескен жобасы қос тарапқа да тиімді болмақ. Сауд Арабиясы Корольдігінің бизнес қоғамдастығына Қордың ірі компаниялары қосылған Жекешелендіру бағдарламасына қатысу ұсынылды.



Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі аясындағы іс-шаралар туралы

ҚХР-дың Цзянсу аймағындағы Ляньюньган қаласында Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесінің кәсіпкерлер Форумы өтті. Оны «Самұрық-Қазына» АҚ Қытайдың халықаралық сауданы қолдау Комитетімен бірлесіп ұйымдастырды. Шараның басты мақсаты Қытайдың Шығысындағы логистика, химия, фармацевтика, биотехнология, басқа да түрлі өндірістік салаларды қамтитын өнеркәсіптік аймақтардың әлеуетті инвесторларымен байланыстарды жандандыру болды. Қазақстан мен бірлескен Қазақстан-Қытай логистикалық терминалы орналасқан Ляньюньган аймағы арқылы өтетін мультимодальдық тасымалдауды дамытуға және өңірлік логистикадағы кедергілерді азайту жолдарын іздеуге баса назар аударылды. Шара қорытындысы бойынша Қазақстан мен Цзянсу провинциясының кәсіпорындары арасында инвестициялық және өнеркәсіптік ынтымақтастықты нығайту жөніндегі екіжақты бастама қабылданды. Форум аясында сонымен қатар «Ляньюньган-Каспий теңізі интеграцияланған жеткізу желісі» тақырыбында конференция ұйымдастырылды. Басты мақсат – Ақтау теңіз портымен байланысты нығайтып, Транскаспий мультимодальдық бағыт бойынша жүк тасымалын арттыру және Қазақстан аумағында заманауи логистикалық нысандарды орналастыру, қосылған құны жоғары және экспорттық әлеуеті бар тауарлар өндірісін дамыту. Бұл конференция қорытындысы бойынша бірқатар коммерциялық құжаттарға қол қойылды, соның ішінде «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС мен қытайлық Shanghai ACE Investment & Development Co., Ltd компаниясы арасында ынтымақтасу ниеті жөніндегі келісімге қол қойылды.

«Самұрық-Қазына» АҚ 500 млн АҚШ долларына еурооблигациялар орналастырды

«Самұрық-Қазына» АҚ тұңғыш рет құны 500 млн АҚШ долларын құрайтын еурооблигацияларды 2,00% жылдық купонымен 5 жылға сәтті орналастырды. Орналастыру нәтижесі бойынша купонның ең төмен үстемеақысына қол жеткізілді және ТМД елдері арасындағы эмитенттер бойынша АҚШ долларында ұсынылған егемен еурооблигацияларда теңдессіз қысқа спрэд бекітілді. Тапсырыстар

КАЗАН

кітабын (book-building) қалыптастыру кезінде облигацияға деген сұраныс көлемі алғаш ұсынылғаннан үш есеге арта түсті. Мұның арқасында келісімшарт бойынша соңғы үстемеақы көлемін +/- 5 негізгі тармаққа (WPIR) өзгерту құқығымен 2,3% дейін төмендетуге және келісімді 2,25% үстемеақы табысымен (reoffer yield) жасақтауға мүмкіндік туды. Тапсырыс беру кітабының соңғы нұсқасына әлемнің алдыңғы қатарлы инвесторлары кірді. Соның ішінде АҚШ, Еуропа, Ұлыбритания елдерінің компаниялар активтерін басқаратын Қорлар да бар. Жалпы, орналастыруға 70-тен астам халықаралық инвестор қатысты. Жергілікті облигациялар нарығын қолдау және дамыту мақсатында және ел ішінде еурооблигациялар бойынша табыс деңгейін сақтап қалу үшін орналастырудағы басымдық қазақстандық инвесторларға берілді. Олар орналастыру науқанына KASE және AIX қазақстандық биржалар арқылы қатысқан. Орналастыру сонымен қатар LSE биржасында листингтеледі деп күтілуде. Келісімшарт бірлескен алдыңғы қатарлы менеджерлер мен букраннерлер санатында жұмыс істейтін халықаралық банктер – Citi, MUFG, UBS және VTB Capital-мен қатар қазақстандық менеджерлер – «First Heartland Securities» АҚ және «Фридом Финанс» АҚ көмегімен жасалды.



«Самұрық-Қазына» АҚ: тұрақты инвестициялар арқылы Ұлыбританиямен ынтымақтастық

Лондон қор биржасы алаңында Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған Инвестициялық форум өтті. «Тұрақты инвестициялаудың болашағы. ESG үшін шешуші он жылдық» ұранымен өткен іс-шараға LSE және ҚР CIM басшылығы, қазақстандық және британдық іскерлік орта өкілдері қатысты. Екі елдің өкілдері жаңартылатын энергия көздерін, сутекті энергетиканы дамыту бойынша жобалар мен перспективті бағыттарды, жаңа технологияларды енгізу бойынша бастамаларды, сондай-ақ «жасыл» қаржыландыру құралдары мен төмен көміртекті даму секторындағы британдық-қазақстандық серіктестікті кеңейтудің болашақ мүмкіндіктерін талқылады.



Қазақстанда уран өнімдерінің өндірісі іске қосылды

Өскеменде Үлбі металлургия зауытының аумағында жаңа «Үлбі-ЖБҚ» зауытының ашылу салтанаты телекөпір үлгісінде өтті. Іс-шараға «Самұрық-Қазына» АҚ, «Қазатомөнер-кәсіп» ҰАК» АҚ, «ҮМЗ» АҚ, Қытай атом энергиясы жөніндегі агенттік, China General Nuclear (CGN), Framatome және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің басшылары қатысты. Зауытта жылу бөлетін құрастырмалар (ЖБҚ) – ядролық реакторда энергия алуға арналған инженерлік құрылымдарды шығару көзделіп отыр. Инновациялық өндірістің ашылуы Қазақстанға атом станцияларына арналған ядролық отынды өндіруші және жеткізуші мемлекеттердің шектеулі

ҚАРАША

шеңберіне кіруге мүмкіндік берді. Жоба атом өнеркәсібінде әлемнің үздік компанияларының табысты көп тарапты кооперациясының жақсы үлгісі болып табылады. Өндіріс үшін жылу бөлетін құрастырмалар өндірісіндегі әлемдік көшбасшылардың бірі – Framatome француз компаниясының озық технологиясы таңдалды.

«Самұрық-Қазына» АҚ – энергоауысу теңгерімді әрі біртіндеп жүргізілуі шарт

«Самұрық-Қазына» АҚ 2031 жылға қарай парниктік газдардың шығарылымын 10%-ға азайтуды және 2060 жылға дейін көміртек бейтараптығына қол жеткізу міндеттерін айқындайтын төмен көміртекті даму Тұжырымдамасын әзірлейді. Құжатқа сәйкес, Қордың миссиясы – Қазақстан Республикасы халқының мүддесінде активтерді тиімді басқару арқылы олардың ұзақ мерзімді құндылығын арттырып, экономиканың орнықты дамуын ынталандыру.

ЖЕЛТОКСАН

2022 жыл «Самұрық-Қазына» Қорының компаниялар тобында қауіпсіздік және еңбекті қорғау жылы болып жарияланды

Қор құрылымында алғаш рет HSE (health, safety and environment) арнайы секторы құрылды. HSE мәселесінің стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, 2022 жыл «Самұрық-Қазына» Қорына кіретін компанияларда және Қордың өзінде «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жылы» болып жарияланды. Компаниялардың басшылары HSE тиісті деңгейін сақтаудағы қауіпсіздік мәселелерінде міндеттілік пен қатыстылықты көрсете отырып, персоналмен өзара әрекеттесу және әр қызметкерінің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық таныту арқылы әр қызметкері үшін үлгі болуы керек. «Самұрық-Қазына» компаниялар тобында кешенді аудит өткізіп, HSE бойынша жүйелі ұсыныстар әзірлеу, сондай-ақ Қор мен оның барлық портфельдік компаниялары үшін үздік әлемдік тәжірибе негізінде HSE бойынша бірыңғай стандарт жасау мәселесін пысықтау ұсынылады.


«Самұрық-Қазына» АҚ және Shanghai Investment & Development Co. Ltd міндетті емес Term sheet-ке қол қойды

2021 жылғы 9 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ және Shanghai Investment & Development Co. Ltd ҚХР (Ляньюньган, Хоргос және т. б.), ҚР (Достық, Хоргос, Ақтау) және Каспий



маңы өңіріндегі басқа елдердің аумағында орналасқан логистикалық орталықтар арасындағы Еуразиялық мультимодальдік жеткізілімдер тізбегінің бір бөлігіне айналатын Ақтау қ. сервистік-өндірістік базаны дамыту жобасына қатысу бойынша міндетті емес Term sheet-ке қол қойды. Жобаның коммерциялық мақсаты Қытай мен Каспий маңындағы елдер арасындағы саудамен қалыптастырылатын логистикалық қызметтер нарығының айналымынан табыс алу, сондай-ақ осы мақсатта ҚХР мен басқа елдерден өңдеуші және құрастырушы өндірістерді шоғырландыру болып табылады. Жобаға кірудің мақсаты – Қытай мен Шығыс Азияның басқа да өнеркәсіптік дамыған елдерінің нарықтарын тұрақты мультимодальдік жеткізілім тізбектерімен «Ақтау теңіз порты» АЭА арқылы Каспий маңы өңірінің шикізаттық экономикаларымен біріктіру, жаңа жұмыс орындарын құру және жергілікті жұмыс күшінің біліктілігін арттыру.

КОМПАНИЯНЫҢ БЕЙІНІ



Қордың активтер портфелі 22

Серіктестік және
қауымдастықтарға мүшелік 26

Қызмет географиясы 24





90,42%
АКЦИЯ

Көмірсутекті барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау жөніндегі қазақстандық оператор



www.kmg.kz

100%
АКЦИЯ

Қазақстанда халықаралық энергия теңгерімімен табысты ұштастырылған көп бейінді ірі энергетикалық холдинг



www.samruk-energy.kz

100%
АКЦИЯ

Пошталық, қаржылық, брокерлік және агенттік қызметтердің кең аясын ұсынатын Қазақстан поштасы ұлттық операторы



www.post.kz

100%
АКЦИЯ

Қызметін геологиялық барлау мен өндіруден бастап ақырғы өнімді сатуға дейінгі бүкіл тізбек бойынша жүзеге асыратын қазақстандық газ компаниясы



www.kaztransgas.kz



51%
АКЦИЙ

Қазақстанның негізгі әуе тасымалдаушысы



www.airastana.com

100%
АКЦИЯ

Қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру, өңдеу, қайта өңдеу және сату жөніндегі қазақстандық компания



www.tks.kz



75%
АКЦИЯ

Уран, сирек кездесетін металл, атомдық электр станцияларына арналған ядролық отын импорты – экспорты бойынша қазақстандық оператор



www.kazatomprom.kz



**SAMRUK-KAZYNA
ONDEU**

100%
АКЦИЯ

Химиялық саладағы инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру жөніндегі қазақстандық компания



www.ucc.com.kz



90%
АКЦИЯ

Қазақстанның электр энергетикалық жүйесінің бірыңғай жүйелік операторы



www.kegoc.kz



**КАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ**

100%
АКЦИЯ

Қазақстанның Магистральдық темір жол желісінің ірі операторы



www.railways.kz

QAZAQ



**SAMRUK-KAZYNA
CONSTRUCTION**

100%
АКЦИЯ

Ел ішінде өңірлік рейтинг орындайтын қазақстандық әуе компаниясы



www.flyqazaq.com

100%
АКЦИЯ

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы бойынша құрылыс басқарумен айналысатын қазақстандық компания



www.skcn.kz


51%
АКЦИЯ

Қазақстанның негізгі телекоммуникациялық компаниясы, ұлттық байланыс операторы мәртебесіне ие



www.telecom.kz

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ





Акциялары (қатысу үлесі) тікелей немесе жанама түрде Қорға тиесілі заңды тұлғаларды классификациялау Әдістемесіне сәйкес жасалған Қор Тобының құрылымы, 31.12.2021 жағдай бойынша.



2014 ж. бері IFSWF (Халықаралық тәуелсіз әл-ауқат қорлары форумы) мүшесі



Қазақстан-Қытай іскерлік кеңесі шеңберінде ҚХР халықаралық саудаға жәрдемдесу комитетімен серіктестік



LSE-мен (Лондон қор биржасы) серіктестік



Қазақстан-Британ іскерлік кеңесі шеңберінде DIT, Ұлыбритания Сыртқы істер министрлігінің Халықаралық сауда департаментімен серіктестік



Қазақстан-Корея іскерлік кеңесі шеңберінде KITA, Корея халықаралық сауда қауымдастығымен серіктестік



Қазақстан-Катар іскерлік кеңесі шеңберінде Катар Мемлекетінің Сауда-өнеркәсіптік палатасымен серіктестік





London Stock Exchange



15 жылдан астам уақыт бойы Лондон қор биржасы Қазақстанның мемлекеттік және жеке компаниялары үшін борышкерлік және жекеменшік капитал түрінде қаржыландыруды тарту мақсатында қарастырылатын басым платформа болып келді. Біздің қарым-қатынасымыз күннен-күнге өсіп дамуда. Жақында ғана, 2021 жылдың қазан айында Лондон қор биржасы «Самұрық-Қазына» дебюттік еурооблигацияларының листингін қабылдады. Глазгодағы COP26 айрықша саммитінен сәл бұрын біз халықаралық инвесторлардың, кеңесшілердің және капитал нарығында шешім қабылдайтын басқа да адамдардың үлкен аудиториясының қызығушылығын тудырған Kazakhstan @30 Инвестициялық форумын өткіздік. «Самұрық-Қазына», АХҚО және Қазақстан Елшілігі бірлесіп ұсынған бұл форум еліміздің орнықты көшуге ұмтылысын көрсетіп, оның жаңа шамшыл мақсаттарына жету үшін іске қосылған жұмыс ағындарын алғы шепке шығарды. Лондон қор биржасы «Самұрық-Қазынаның» Қазақстанның экономикалық дамуына және Париж келісімінің жаһандық мақсаттарының жүзеге асырылуына үлес қосып жатқанын қолдайды. Біз жаңа инвестициялық оқиғаларды әлемдегі ең терең капитал пулдарының бірімен байланыстыра отырып, еліміздің әлемдік капитал нарықтарының қауымдастығымен одан әрі бірігуін қолдау мүмкіндігін тағатсыздана күтудеміз.



K I T A




Корея халықаралық сауда қауымдастығы 70 000-нан астам мүше-компаниядан құралған Кореядағы аса ірі іскер ұйым болып табылады. КІТА сауда арқылы Корея экономикасын дамыту мақсатында 1946 жылы құрылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Кореяға 2021 жылдың тамызында мемлекеттік іссапармен барды. «Самұрық-Қазына» мен КІТА қазақстандық және корейлік компаниялар арасында ынтымақтастықты нығайтуға арналған қазақстандық-корейлік дөңгелек үстелде бірлесе төрағалық етті. Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» мен КІТА өз төрағалары арасында екі жақты кездесу өткізіп, сауда, инвестициялар, қызмет, технологиялар, бірлескен кәсіпорындар және Көгілдір үй мен Корея Республикасы Президентінің Аппаратындағы жобалар саласындағы екі жақты ынтымақтастықты қолдау мақсатында Қазақстан-Корея іскерлік кеңесін құру бойынша өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды.



ДАМУ ЖОСПАРЫ





ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) даму жоспары Қордың портфельдік компанияларды басқару жөніндегі пайымын, миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын және негіздейтін іргелі құжат болып табылады. Қор тобындағы компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыруда, активтерді тиімді басқару қоры.

Қор Қазақстан Республикасының егемендік қоры болып табылады, оның жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады және дербес коммерциялық ұйым ретінде жұмыс істейді.

Жоғары сапалы өсуді қамтамасыз ету және жаһандық сын-қатерлерге төзімді бизнес үлгісін құру қажеттілігіне сүйене отырып, Қордың стратегиялық көзқарасы адамның игілігі қағидаттарына негізделген инновациялық дамуда серпіліс жасайтын ұлттық экономиканың көшбасшысы ретінде айқындалды. жауапты инвестициялар арқылы болу және қоршаған ортаны қорғау.

Қордың миссиясы Қазақстан Республикасы халқының мүддесі үшін әртарапандырылған активтер портфелін тиімді басқару және кәсіпкерлікті қолдау арқылы экономиканың тұрақты дамуын және ұзақ

мерзімді құнды құруды қамтамасыз ету болып табылады.

3 стратегиялық мақсат анықталды:

- 1) Портфельді тиімді және белсенді басқару. Мақсат – таза актив құнын екі есе арттыру. Қор портфель сапасын оңтайландыруды және жақсартуды, озық технологияларды енгізуді, сондай-ақ бизнес үлгісін жетілдіруді қамтамасыз етеді.
- 2) Әртараптандыру. Мақсаты – тауарлық емес тауарлар мен қызметтерді шығаруды ұлғайту. Қор жаңа өндірістерді дамытуға инвестициялар ағынын және экономиканы әртараптандыруға жәрдемдесетін жаңа қайта бөлуге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.
- 3) Тұрақты даму. Мақсат – ESG принциптерін жүзеге асыру. Қор үшін негізгі факторлар адамдардың әл-ауқаты, экологиялық тепе-теңдік және сонымен бірге бизнестің озық тәжірибесі мен корпоративтік басқару қағидаттарына негізделген ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету болуы тиіс. Бизнесті жүргізуге және корпоративтік жауапкершілікті дамытуға көзқарас ретінде ESG қағидаттарын енгізу активтердің ұзақ мерзімді құнын арттыруға және инвестициялық тартымдылықты арттыруға көмектеседі.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР



Еліміздің дамуындағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайды және Қордың ел экономикасындағы рөлін ескере отырып, бүгінде инвестицияны, ең алдымен, Қазақстан экономикасына, оның ішінде стратегиялық жобаларды жүзеге асыруға бағыттау мақсатқа сай болып көрінеді. Осыған байланысты Қордың алдағы 5-8 жылдағы басқару моделі елдің әлеуметтік және инфрақұрылымдық дамуын қолдау міндеттері бар стратегиялық холдинг ретінде айқындалған. Қор бірте-бірте тек коммерциялық мақсатта жұмыс істейтін инвестициялық холдингке айналады. Атап айтқанда, Қор кейіннен жаһандық экспансия үшін халықаралық инвестициялардағы (2040 жылға

қарай) құзыреттілігін кезең-кезеңімен арттыруды көздеп отыр. Бұл өз кезегінде Қорға 2050 жылға қарай серпінді жобалардың әртараптандырылған және сапалы портфелі және өнім экспортының жоғары үлесі бар халықаралық инвестициялық компанияға айналуға мүмкіндік береді. Осылайша, Қор өзінің бәсекеге қабілеттілігін және әлемдік ауқымдағы «перспективалы серіктес» ретіндегі беделін нығайтады.

Айта кету керек, Қордың 2023-2032 жылдарға арналған даму жоспарының бұл нұсқасын ағымдағы жылдың соңына дейін бекіту жоспарланған.

ҚОРДЫ ШОЛУ

Қор тобының талдау нәтижелері портфельді басқару тиімділігін күшейту қажеттігін көрсетеді



Қорды құру мақсаты және даму кезеңдері

Қазақстанның ұлттық әл-ауқатын арттыру, активтерді тиімді басқару және «Қазақстан-2050» стратегиясын іске асыруға септесе отырып, Қор тобы компанияларының ұзақ мерзімді құнын өсіру

Ұлттық әл-ауқатты тұрақты арттыру экономиканың өсуіне септесу арқылы мүмкін болмақ

МАҚСАТТАР



КЕЗЕҢДЕР



ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ



Жаһандық трендтер 36

2021 жылғы экономикаға шолу және орташа мерзімді болжам 37

COVID-19 ықпалы 40

Қор тобының қаржылық және өндірістік нәтижелері 41

Қордың кредиттік рейтингтері 44

Операциялық тиімділік 50

Инвестициялық қызмет 55

Жекешелендіру бағдарламасы 61

Трансформациялау және цифрландыру бағдарламасы 64

Сатып алуды басқару 73



ЖАҒАНДЫҚ ҮРДІСТЕР

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҮШІН КӨМІРТЕГІ ІЗІН АЗАЙТУ

2050-2060 жылдарға қарай **көміртекті бейтараптандыру** – үкіметтің, трансұлттық компаниялардың және ҰҚҚ-ның мақсаты болып табылады.

15% - 2030 жылға қарай ҚР парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсаты
+30% - 2050 жылға қарай энергетикалық көшуге инвестициялардың жаңа болжамдары

РЕСУРСТАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Орталық Азияда **79%** су дағдарыс деңгейі

ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ, КАПИТАЛДЫҢ ТӨМЕН ҚҰНЫ

+40%-дан 53 трлн АҚШД – 2025 жылға қарай ESG критерийлері бойынша активтер көлемі

5X - 11 трлн 2025 жылға қарай АҚШД – ESG борыштық құралдарының көлемі

ЭКОЛОГИЯ

ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС КҮШІН ҚҰРУ

2025 жылға қарай жұмыста қалу үшін қажетті дағдылардағы **елеулі өзгерістер**

5X компания есебінен оқып жатқан студенттер саны

HSE ЖӘНЕ CSR ТӘЖІРИБЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

HSE және CSR саласындағы **талаптардың артуы** мен бастамалардың өсуі
Дарындыларға **таластың күшеюі**

АДАМ КАПИТАЛЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ

+5,3% - 2020 жылғы әлемдік ЖІӨ

ПОРТФЕЛЬДІ ӘРТАРАПТАНДЫРУ

2020 жылы -5,3% - әлемдік тауар айналымының көлемі

ИНВЕСТИЦИЯЛАР МЕН СЕРІКТЕСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

-58% ж/ж - 2020 жылғы өтпелі экономика жағдайындағы елдерге ТШИ ағындары

ЖЕРГІЛІКТІ ЭКОНОМИКАҒА АРНАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

+630 а.т. (19,3%-ға дейін) - ішкі нарықтардағы ҰӘҚ инвестиция көлемі

ӘЛЕМДІК ЭКОЛОГИЯ

ЦИФРЛЕНДІРУГЕ ЫҚПАЛДАСУ

58% - (алдағы 3 жылдағы өсім) – B2C цифрлық өзара әрекеттесу үлесі

55% - (алдағы 7 жылдағы өсім) – тауарлар мен қызметтер өндірісін цифрландыру үлесі

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЕКТОРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

1,9X - 2021 жылы технология секторындағы ҰӘҚ мәмілелер көлемі

ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

35-40% - ірі компаниялар соңғы технологияларды кеңейтуде

20% - компаниялар роботтандырылған автоматтандырылған процестерді енгізуде

ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Қазіргі жаһандық трендтерді есепке алатын болсақ, анықталған табысқа жету факторлары тұрақты дамуға ықпал ететін болады.

МАКРОЭКОНОМИКА

Әртараптандырылған экономика құру
1995 жылдан бергі Экономикалық күрделілік индексіне
-23 позиция

**Инвестицияларды ынталандыру мақсатында
тарифтік саясатты қайта қарау**
Дамуға ықпал етпейтін тарифтік саясат
38,7% – негізгі құралдардың тозуы (5 жыл ішінде +2,7%)
> 50% – бюджеттік әлеуметтік шығыстары

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

Жаңа жоғары өнімді жұмыс орындарын ашу
>2 миллион адам өзін-өзі жұмыспен қамтыған
5% – жұмыссыздық деңгейі

Әлеуметтік тұрақтылықты сақтау
> 1 миллион адам – елдегі АӘК алушы
700 мың мүгедек адам
Жұмыстың **жетіспеушілігі**, жалақының төмендігі

ҒЫЛЫМ МЕН ИННОВАЦИЯ

Озық технологиялар мен инновациялық шешімдерді енгізу
2010 жылдан бері Жаһандық инновациялар индексіне (GII)
-14 позиция (77-орын)
Технологиялық өндіріс бойынша GII субиндексіне **80-позиция**

**ҒЗТКЖ-ға қолдау көрсету және коммерцияландыру,
жаңа ғылыми-технологиялық бастамаларды іске қосу**
0,15% ЖІӨ – ҒЗТКЖ-ға инвестиция көлемі
(1,3% әлем бойынша орташа алғанда; 3-5% дамыған елдерде)
55-орын – БЭҚ бәсекеқабілеттіліктің жаһандық индексі

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САУДА

Инвестициялар тарту
ТШИ жалпы ағынының **>50%-ы** тау-кен секторына
Теріс таза ТШИ ағыны

**Экспортқа бағытталған инвестициялар
және импортты алмастыру**
>50% – экспорт құрылымындағы шикі мұнай үлесі
Дайын тауар **импортының жоғары үлесі**

ШОБ-пен қарым-қатынасты нығайту
35% – ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі (ЭЫДҰ бойынша 65%-ға дейін)

ҚАЗАҚСТАНҒА ШОЛУ

ҚР-дағы ағымдағы жағдай жаһандық масштабтау мүмкіндігімен ел ішіндегі жауапты инвестицияларды ұлғайту қажет екенін көрсетеді.

2021 жылы әлемдік экономиканың біртіндеп қалпына келуі және мұнай бағасының өсуі салдарынан ҚР ЖІӨ-нің шынайы өсуі 2020 жылмен салыстырғанда 4%-ды құрады. Өнеркәсіптік өндіріс телекоммуникация (13%-ға), сауда (9,2%-ға), құрылыс (7,6%-ға), өңдеуші өнеркәсіп (5,5%-ға) және электр қуатымен жабдықтау (4,8%-ға) салаларында өсуді байқатты. ҚР ҰБ-ның алдын ала бағалауы бойынша төлем теңгерімінің ағымдағы шоты 2020 жылғы 6,6 млрд АҚШ доллары тапшылығымен салыстырғанда 2021 жылы 5,7 млрд АҚШ доллары тапшылығымен құрылды. Әлемдік экономиканың өзінің ұзақ мерзімді өсу трендіне біртіндеп оралуы шикізатқа сұраныстың ұлғаюына және қазақстандық экспорттың негізгі өнімдерінің бағасының өсуіне әкелді. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің деректері бойынша ҚР ЖІӨ-нің өсуі 2022–2025 жылдары орташа есеппен 4-5%-ды құрайды деп күтілуде.

Айырбас бағамы

2021 жылы USD / KZT орташа жылдық бағамы 426 теңге / АҚШД құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 2,6%-ға жоғары. 2021 жылдың қаңтар-ақпан айларында теңге 415-418 теңге / АҚШД деңгейінде нығайды, теңге желтоқсан айында көбірек әлсіреді, ол кезде бағам 434-436 теңге / АҚШД деңгейіне жеткен болатын. 2021 жылдың қарашасында коронавирустың «омикрон» штаммының таралуымен, АҚШ Федералдық резервтік жүйесінің активтерді сатып алу бағдарламасын қысқарта бастауы туралы хабарлауымен, сондай-ақ энергия ресурстарын экспорттайтын елдердің валютасына көбіне қолдау көрсеткен күзгі энергетикалық дағдарыспен байланысты теңгенің әлсіреуі байқалды. 2021 жылы ҚР ҰБ ұлттық валютаны қолдау мақсатында ішкі нарықта жекеменшік қорлардан барлығы 252 млн АҚШД-ын сатты. Республикалық бюджетке трансферттерді шығару салдарынан 2021 жылы Ұлттық қордың активтері 3,4 млрд АҚШД-на азайды.



Шикізаттық тауарлар

Жалпы жыл қорытындысы бойынша мұнай бағасының қарқыны едәуір деңгейде қалпына келіп, жылына 50,2%-ға артты. Егер 2020 жылдың негізгі драйвері ұсыныс болса, атап айтқанда ОПЕК+ альянсы квотасының ұсынылуы болса, 2021 жылы әлемдік экономиканың біртіндеп қалпына келуі себебінен басты назар сұраныс жағына қарай ығысты. Жылдың соңғы айында мұнай бағасы қарашадағы күрт құлдырауының орнын біршама тоқтырып, баға белгіленімдері баррельге 77,78 АҚШ доллары деңгейіне дейін, айына 10,2%-ға қалпына келді. Жаңа «омикрон» штаммының жұмсағырақ симптомдары туралы хабарламалар, сондай-ақ АҚШ-та мұнай қорларының азаюы мұнай бағасына жағымды әсер етті.

2022 жылға жасалған медиандық және орташа болжамдар баррель үшін 90 АҚШД деңгейінде қалыптасып, одан әрі өсу әлеуетін болжап отыр. Нарық қатысушыларының мұнай бағасы бойынша позитивті күтулері түрлі институттардың болжамдарының бөлінісінде көрсетілген.

Уран бағасы 2021 жылы 40%-ға өсіп, жыл соңына қарай фунтына 42 АҚШД құрады. Sprott Physical Uranium Trust құрылуы және қызметінің басталуы тамыз айының екінші жартысында, сондай-ақ қыркүйек айында спот бағасының күрт өсуіне жағдай жасады, себебі уранның қысқа мерзімді ұсынысы нарықтың көптеген қатысушылары күткеннен әлдеқайда жылдамырақ қысқарды. Осының нәтижесінде қыркүйектің екінші жартысында спот бағасы фунтына 50 АҚШ долларынан асты. Кейін қор нарықтарындағы тұрлаусыздық салдарынан спот белсенділігі едәуір баяулады, бұл тоқсан соңына қарай спот бағасының фунтына шамамен 43,00 АҚШ доллары деңгейіне дейін төмендеуіне әкелді. Желтоқсанда спот нарығындағы белсенділік айтарлықтай баяулады, бұл бағаның фунтына 42,00 АҚШ долларына дейін біртіндеп төмендеуіне әкелді.

2021 жылы мырыштың орташа бағасы тоннасына 3 005 АҚШД деңгейінде құрылды, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 32%-ға артық. Сұраныстың қалпына келуі әлем бойынша шектеулердің алынып тасталуы нәтижесінде мүмкін болды, бұл ретте электр энергиясы бағасының өсуіне байланысты ұсыныстар тұрғысынан күмән туындады, бұл базалық металл бағасының тоннасына шамамен 3 500 АҚШД көлемінде жылдық максимумға жетуіне көмектесті.

**2021 жылы
мырыштың орташа
бағасы тоннасына 3 005
АҚШД деңгейінде құрылды,
бұл 2020 жылғы көрсеткіштен**

32%-ға
артық

2021 жылы алтын бағасы унциясына 1 788 АҚШ долларына дейін 4%-ға аздап төмендеді. Алтын бағасы орталық банктердің (АҚШ Федералдық резервтік жүйесі, ЕОБ, Жапония Банкі, Аустралия Резервтік банкі, Риксбанк және Швейцария ұлттық банкі) ақша-кредиттік саясатының қаталдауы жағдайында унциясына 1 800 доллар белгісінен жоғары деңгейде тұрақтай алмады.

Жалпы, Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) мәліметтеріне сәйкес, әлемдік өсу 2021 жылы 5,9% көлемінде бағаланды. Пандемияның жаңа толқынына қарамастан, әлемдік экономиканың қалпына келуі жалғасуда. COVID-19-дың таралуы нәтижесінде пайда болған алшақтықтар әлдеқайда

тұрақты болып көрінеді: дамудағы қазіргі алшақтық орташа мерзімді экономикалық көрсеткіштерге әсерін тигізетін ұзақ із қалдырады деп күтілуде. Бұл алшақтықтардың негізгі факторлары вакциналарға қолжетімділік және ерте кезеңде қабылданған мемлекеттік қолдау шаралары болып табылады. Әлемдік экономиканың өсуі 2022 жылы 4,4%-ды құрайды деп болжамданып отыр. Энергия тасымалдаушылар бағасының өсуі және жеткізілімдердің кідірітілуі әсіресе Құрама Штаттар мен көптеген дамушы елдерде және нарықтары енді қалыптасып келе жатқан елдерде ойлағаннан әлдеқайда жоғары әрі кең ауқымды инфляцияға әкелді.

**Жалпы, Халықаралық
валюта қорының (ХВҚ)
мәліметтеріне сәйкес,
әлемдік өсу 2021 жылы**

5,9%

көлемінде бағаланды



COVID-19 ЫҚПАЛЫ

2021 жылы бүкіл әлем COVID-19 пандемиясынан туындаған жаңа реалияда өмір сүруін жалғастырды, пандемия адамдардың денсаулығына, іскерлік белсенділігіне, тұтас елдердің экономикасына және ағымдағы жалпы өмір салтына едәуір ықпал етті. Эпидемиологиялық жағдай жыл бойы Республикада вирустың түрлі жаңа штаммдарының анықталуы мен таралуы себебінен күрт өзгеріп отырды.

Қор 2020 жылы вируспен күрес бойынша өткізілген жоспарлы жұмыстың арқасында пандемияның кезекті толқындарына дайындығын көрсетті.

Қор тобының компаниялары өзі орналасқан өңірлердегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты әкімшілік персоналды қашықтан жұмыс режиміне ауыстырып, өндірістік объектілер мен кеңселерде міндетті әлеуметтік арақашықтықты сақтауды және зарарсыздандыру бойынша қатал санитарлық-эпидемиологиялық процедураларды жалғастырды.

Вирустың нұсқасына қарамастан, COVID-19-бен күресу шаралары бұрынғыдай болып қала берді:

- КВИ-ын таратпау бойынша барлық профилактикалық шараларды орындау;
- вакциналау/ревакциналау;
- науқастанушылар мен байланыстағыларды оқшаулау;
- ҚК орналасқан өңірлерде қабылданған және енгізілуін күтіп отырған шектеулерге сәйкес карантиндік шараларды орындау.



Қор адам өмірі – ең үлкен құндылық деп біледі. 2020 жылы Қор тобы қызметкерлерінің арасында COVID-19 вирусын жұқтырудың 13 860 жағдайы анықталды, оның 69-ы өлім жағдайымен аяқталды (COVID-19 бен пневмонияны қоса алғанда). Бұл ретте өлім жағдайларының 2020 жылмен салыстырғанда (қызметкерлер арасында 173 өлім жағдайы тіркелген) 60%-ға азайғаны байқалады. Жыл соңындағы жағдай бойынша Қордың компаниялар тобының науқастанған барлық қызметкерлерінің 97,8%-ы сауығып шықты, пандемия басталған кезден бері Қор тобы қызметкерлерінің жалпы санынан сырқаттанушылар үлесі 10,9%-ды құрады.

Вакциналау және ревакциналау тәсілімен ұжымдық иммунитеттің қажетті деңгейіне жету Қор тобы қызметкерлерінің арасында COVID-19 вирусының таралуынан қорғанысты қамтамасыз етудегі басым бағыт болып табылады. HSE Комитеті жанында құрылған COVID-19 вирусын таратпау жөніндегі жедел штаб шеңберінде орталықтандырылған шешімдерді қабылдау жөнге қойылып, ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен және өңірлік Денсаулық сақтау басқармаларымен қарым-қатынас жақсартылды, соның нәтижесінде қолданыста жүрген вакциналардың барлық түрлерінің болуы және қажетті қолжетімділігі қамтамасыз етілді, орындарға мобильді вакциналау топтары тартылды. Вакциналау барысы бірінші басшылардың жеке бақылауына алынды. Күшейтілген түсіндіру жұмыстары, көшпелі мәжілістер өткізілді, басшылық тарапынан жеке үлгі көрсетілді, қызметкерлерді вакцина алуға материалдық және материалдық емес ынталандыру құралдары қолданылды.

2021 жылдың сәуірінен бастап Қор қызметкерлерді вакциналаумен қамтудың барынша жоғары деңгейіне жетуді көздеп келеді: 1-компонентпен 235 278 қызметкер егілді, бұл қызметкерлердің жалпы санынан 86%-ды құрайды. 2-компонентпен 229 095 қызметкер немесе қызметкерлердің жалпы санынан 84%-ы егілді. 2021 жылдың желтоқсан айының соңында Қордың ҚК-не COVID-19 инфекциясынан қорғанысты ұзақ мерзімге сақтау және неғұрлым айқын иммундық жауапты қалыптастыру, оның ішінде ҚК өндірістік объектілерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында, қызметкерлерге бустерлік вакцина егу бойынша жұмысты күшейту тапсырылды.

Әлеуметтік қауырттылықтың жоғары деңгейін назарға ала отырып, қажетінше қызметкерлердің мәжбүрлі бос тұруы және шектеу шараларын күшейту кезеңдерінде қызметкерлердің наразылығының өсуіне жол бермеу бойынша шаралар қолданылды.



ҚОР ТОБЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕРІ¹

Төмендегі кестеде Топтың 2019, 2020 және 2021 жылдардағы шоғырландырылған нәтижелеріне қатысты қаржылық ақпарат көрсетілген.

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Шоғырландырылған түсім, млрд теңге (мем. субсидияларды қоспағанда)	10 649	8 556	11 710
Активтер, млрд теңге	26 417	27 483	30 310
Жекеменшік капитал, млрд теңге	14 343	15 152	17 173
Акционердің үлесінен шоғырландырылған таза пайда, млрд теңге	1 248	558	1 629
ЕБИТДА (операциялық), млрд теңге	2 366	1 870	2 856
ЕБИТДА Margin (%)	22,1	21,8	24,3

2021 жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған түсім сомасы 11,7 трлн теңгені құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 3,1 трлн теңгеге немесе 37%-ға артық. 2020 жылмен салыстырғанда, газ өңдеу өнімдерін сату сегментінде біршама ауытқу байқалады (-47 млрд теңге). Бұл ретте барлық басқа сегменттер бойынша өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда өсу байқалады: шикі мұнай сату (+1 738 млрд теңге), мұнай өнімдерін сату (+808

млрд теңге), жүк теміржол тасымалы (+115 млрд теңге), уран өнімдерін сату (+104 млрд теңге), мұнай мен газ тасымалдау (+33 млрд теңге), әуе тасымалы (+169 млрд теңге), электр кешені (+82 млрд теңге), тазартылған алтын сату (+81 млрд теңге), телекоммуникациялық қызметтер (+60 млрд теңге), өңделме мұнайды қайта өңдеу (+11 млрд теңге), электр энергиясын тасымалдау (+27 млрд теңге) және теміржол жолаушылар тасымалы (+20 млрд теңге).

¹ толығырақ ақпаратты Қордың жарияланған қаржылық есептерінен алуға болады

Сегменттер бойынша түсім, млрд теңге

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Шикі мұнай сату	3 529	1 972	3 710
Мұнай өнімдерін сату	2 590	1 844	2 652
Жүк теміржол тасымалы	970	1 076	1 191
Газ өңдеу өнімдерін сату	875	810	763
Уран өнімдерін сату	468	563	667
Мұнай мен газ тасымалдау	389	290	323
Әуе тасымалы	331	163	332
Электр кешені	240	263	345
Тазартылған алтын сату	436	638	719
Телекоммуникациялық қызметтер	432	520	580
Өңделме мұнайды қайта өңдеу	195	192	203
Электр энергиясын тасымалдау	222	287	314
Теміржол жолаушылар тасымалы	86	39	59
Пайыздық табыс	39	40	54
Пошталық қызметтер	46	42	43
Минус: шикі мұнай сапасының банкі	(15)	(2)	(6)
Минус: жанама салықтар және коммерциялық жеңілдіктер	(587)	(538)	(625)
Өзге табыс	400	357	387
	10 649	8 556	11 710

Қызметтің өзге түрлері бойынша түсім факторлары:



Мұнай мен мұнай өнімдерін өндіруден

Vrent маркалы мұнай бағасының өсуі (есепті кезеңде – 71 \$/bbl, 2020 ж. – 42 \$/bbl) АҚШ долларының айырбас бағамының өсуінің оң ықпалы.



Әуе тасымалынан

Жолаушылар ағынының 74%-ға қалпына келуі себебінен, тұрақты жолаушылар тасымалы мен чартерлік рейстерден түсетін табыстың ұлғаюы.



Жүк тасымалынан

Тарифтердің жоғарылауы, импорттық және транзиттік қатынастағы жүк айналымының өсуі, транзиттік тасымалдан табыс есептеулері бойынша валюта бағамының (швейцарлық франк) өзгеруінен түсетін табыстың ұлғаюы.



Уран өнімдерін сатудан

Споттық баға белгіленімінің өткен жылмен салыстырғанда және АҚШ долларының теңгеге қатысты орташа бағамына қарағанда ұлғаюы.



Энергия сатудан


Негізінен «ГРЭС-1» ЖШС бойынша 18%-ға, сондай-ақ «АЭС» ЖШС бойынша электр энергиясын сату көлемдері мен тарифтің 10%-ға өсуі есебінен электр энергиясы сату көлемдерінің ұлғаюы.

Қор тобының шоғырландырылған активтері 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 30,3 трлн теңгені құрады, бұл 2020 жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 2,8 трлн теңгеге немесе 10%-ға артық. EBITDA (операциялық) және EBITDA margin 2021 жылдың қорытындысы бойынша тиісінше 2 856 млрд теңгені және 24,3%-ды құрады, ал 2020 жылдың қорытындысы бойынша осындай көрсеткіштер 1 870 млрд теңгені және 21,8%-ды құрады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қор тобы Қазақстан Республикасының бюджетіне барлығы 1 167 млрд теңге көлемінде салықтар мен төлемдер аударды. Жалпы және әкімшілік шығындар 449 млрд теңгені құрады.

Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері

Қордың қарызы және EBITDA, млрд теңге (шоғырландырылған)




2021 жылдың аяғында Қарыз/EBITDA көрсеткіші 2020 жылмен салыстырғанда, негізінен мұнай бағасының өсуімен және пандемияға байланысты шектеулердің алынып тасталуымен шартталған EBITDA-ның 1 485 млрд теңгеге өсуі есебінен 2,32 деңгейіне дейін төмендеді. Шоғырландырылған қарыздың 361 млрд теңгеге ұлғаюы теңге бағамының әлсіреуімен және Атырау облысындағы мұнай-химия кешенінің құрылысы бойынша KPI қарызының игерілуімен байланысты болды.




Табыстылық коэффициенттері

ROA, % (активтердің табыстылығы)



ROE, % (жекеменшікті капиталдың табыстылығы)



ҚОРДЫҢ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕРІ

Халықаралық рейтингтік агенттіктерден кредиттік рейтингтер алу Қордың несие өтеу қабілетінің тәуелсіз әрі сенімді бағалауы болып табылады. Рейтингтік агенттіктерге Қордың несие өтеу қабілетін түбегейлі және анық бағалау үшін қажетті бүкіл ақпаратына қолжетімділік беріледі.

S&P Global Ratings және Fitch Қордың индустрияландыруға және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан экономикасындағы маңызды рөлін атап өтті.

2021 жылғы 7 қыркүйекте S&P Қордың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кредиттік рейтингтерін Сувереннің «BBB» деңгейіне дейін көтерді.

Болжам – «Тұрақты». Осы агенттік Қордың «kzAAA» ұлттық шәкілі бойынша рейтингін және қамсыздандырылмаған басым қарызының «BBB-» шығарылу рейтингін растады.

2021 жылғы 25 қарашада Fitch Ratings Қордың шетелдік және ұлттық валютадағы эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін (ЭДР) «BBB» деңгейінде растады. Болжам – «Тұрақты».

2021 жылғы 26 тамызда Moody's Ratings Қордың шетелдік және ұлттық валютадағы эмитенті дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін (ЭДР) «Baa2» деңгейінде растады. Болжам – «Тұрақты».



S&P Global
Ratings

BBB

Fitch Ratings

BBB

MOODY'S
Baa2

Ірі портфельдік компаниялардың негізгі өндірістік көрсеткіштері

р/с №	ҚК бойынша көрсеткіштердің атауы	Өлш. бірл.	2020	2021
1	2	3	4	5
1	Мұнай және газ конденсатын өндіру	млн тонна	21,75	21,65
2	Мұнай тасымалдау	млн тонна	61,97	63,29
3	Мұнай мен нафтаны өңдеу	млн тонна	12,85	13,93
4	Газ тасымалдау	млрд м³	86,59	95,41
5	Газ тасымалдау: экспорт	млрд м³	–	14,21
6	Табиғи газ сату	млрд м³	–	22,47
7	Табиғи газ сату: экспорт	млрд м³	–	6,04
8	Жүк айналымы (т/ж)	млрд ткм	231,78	233,34
9	о.і. контейнерлік транзит	мың ЖФБ	876,01	1 065,63
10	Жолаушылар айналымы (т/ж)	млрд пкм	6,35	9,52
11	Уран өндіру	мың тонна	19,59	21,83
12	Уран сату	мың тонна	16,43	16,53
13	Э/э өндіру	млрд кВт*сағ	31,39	35,61
14	Э/э экспорттау	млрд кВт*сағ	0,86	0,4
15	Көмір сату	млн тонна	43,44	44,74
16	Көмір экспорты	млн тонна	10,06	9,80
17	Электр энергиясын тарату (KEGOC)	млрд кВт*сағ	43,60	50,82

р/с №	ҚК бойынша көрсеткіштердің атауы	Өлш. бірл.	2020	2021
1	2	3	4	5
18	Пошталық және курьерлік қызметтер	млн бірл.	149,2	151,9
19	Қаржылық қызметтер	млрд тг	1 372,9	1 322
20	Агенттік қызметтер	млрд тг	27,57	66,4
21	ЭА жолаушылары тасымалданды	млн адам	3,70	6,62
22	QA жолаушылары тасымалданды	млн адам	0,43	0,57
23	Бекітілген желілер саны	мың абон.	2 893,5	2 774,6
24	Бекітілген КЖК абоненттері (порттар)	мың абон.	1 833,2	1 860,7
25	Ақылы ТВ абоненттері	мың абон.	863,88	918,72
26	Моб. байланыс абоненттері	мың абон.	14 787,57	14 543,53

р/с №	ҚК бойынша көрсеткіштердің атауы	Өлш. бірл.	2020	2021
1	2	3	4	5
27	Тазартылған алтын өндіру көлемі	млн унция	1,08	1,64
28	Тазартылған алтын сату көлемі	млн унция	0,86	0,94
29	ББПУ үлдірін өндіру	мың тонна	8,31	9,36
30	ПП қаптарын өндіру	млн дана	17 847,8	15 546,3
31	Глифосат құру	мың литр	1,07	196,6
32	Электр энергиясын өндіру	млн кВт*сағ	790,2	1 788,8
33	Күкірт қышқылын өндіру (93%)	мың тонна	165,16	194,52

ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ



Мұнай мен газ
конденсатын өндіру,
млн тонна

2021

21,7

ТАЗА ПАЙДА
(млрд теңге)



Мұнай
тасымалдау,
млн тонна

2021

63,3

2020

273,2



Мұнай
өндіру,
млн тонна

2021

13,9

2021

1 215,6



«QazaqGaz» ҰК» АҚ



Газ
тасымалдау,
млрд м³

2021

22,5

ТАЗА ПАЙДА
(млрд теңге)

2020

266,5



Табиғи газ
сату, млрд м³

2021

95,4

2021

400,2



«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ



Жүк айналымы,
млрд ткм

2021

233,3

ТАЗА ПАЙДА
(млрд теңге)



Контейнерлік
транзит,
мың КЖҚ

2021

1 065,6

2020

16,2



Жолаушылар
айналымы,
млрд қкм

2021

9,5

2021

119,1

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ



Уран
өндіру,
мың тонна

2021
21,8

ТАЗА ПАЙДА
(млрд теңге)

2020
183,5



Уран
сату,
мың тонна

2021
16,5

2021
140,8



«Самұрық-Энерго» АҚ



Электр
энергиясын өндіру
млрд кВтс

2021
35,6

ТАЗА ПАЙДА
(млрд теңге)

2020
8



Электр энергиясын
экспорттау,
млрд кВтс


2021
0,6



Көмір
сату,
млн тонна

2021
44,7

2021
15



«KEGOC» АҚ



Электр
энергиясын тарату,
млрд кВтс

2021
54,6

ТАЗА ПАЙДА
(млрд теңге)

2020
48,1



Электр энергиясын
диспетчерлеу,
млрд кВтс

2021
105



Электр энергиясын
теңгерімдеу,
млрд кВтс

2021
205

2021
52,6



ПОРТФЕЛЬДІК КОМПАНИЯЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ



«Қазақтелеком» АҚ

	2021	ТАЗА ПАЙДА (млрд теңге)
Бекітілген желілер саны, мың абон.	2 775	
Бекітілген КЖҚ абоненттері, мың абон.	1 861	2020 65,3
Моб. байланыс абоненттері мың абон.	14 544	2021 97,4



«Эйр Астана» АҚ

	2021	ТАЗА ПАЙДА (млрд теңге)
Жолаушылар тасымалы, млн адам	6,6	2020 38,7
Жолаушылар жүктемесінің пайызы, %	80	2021 15,5



«QAZAQ AIR» АҚ

	2021	ТАЗА ПАЙДА (млрд теңге)
Жолаушылар тасымалы, мың адам	569,8	2020 (13,5)
Жолаушылар жүктемесінің пайызы, %	77,7	2021 (6,5)


«Қазпошта» АҚ

Көрсеткіш	2021	2020
Пошталық және курьерлік қызметтер, млн бірл.	146,4	
Қаржылық қызметтер, млрд теңге	1 144	(5,1)
Агенттік қызметтер, млрд теңге	36	(7,2)



«Тау-Кен Самұрық» ҰТКК» АҚ

Көрсеткіш	2021	2020
Тазарт. алтын өндіру көлемі, мың унция	1 641,3	72,1
Тазарт. алтын сату көлемі, мың унция	1 683,8	71,8



«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС

Көрсеткіш	2021	2020
ББПУ үлдірін өндіру, мың тонна	9,4	
Глифосат құру, мың литр	196,9	(51,8)
Күкірт қышқылын өндіру, мың тонна	194,5	(38,5)



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІК

Даму стратегияларын іске асыру мақсатында Қордың портфельдік компаниялары өндірістік бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етеді:



- 2021 жылдың сәуірінде Қарашығанақ кен орнында газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы табысты аяқталды.
- 2021 жылғы 13 қазанда «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС бойынша бұрын қол қойылған құжаттардың ескерілуімен, ҚМГ мен ЛУКОЙЛ арасында «Әл-Фараби» жобасы бойынша мәміле аяқталды, екі компания да өздеріне жүктелген келісімшарттық міндеттемелерін ескере отырып, жер қойнауын пайдалану жобасын тікелей іске асыруға кіріседі.
- Ағымдағы жылдың 16 қарашасында ҚМГ мен ЛУКОЙЛ арасында «Қаламқас теңізі және Хазар» жобасы бойынша Қағидалар туралы келісімге қол қойылды, бұл жоба кен орындарын бірлесіп игерудің тұжырымдамасын, шарттары мен егжей-тегжейлерін белгілеу туралы келіссөздердің өткізіліп, кейін ҚМГ-дың корпоративтік органдарына шығарылуын болжайды.
- 2021 жылғы 25 қарашада «Теңізшевройл» ЖШС құрылған сәттен бастап 500 млн тонна шикі мұнай өндірілді.
- Маңғыстау облысындағы Өзен кен орнында қосымша барлау арқылы жаңа мұнай кендері анықталды. Нәтижесінде шығарылған мұнай қорларының өсімі 39,9 млн тоннаны құрады.



- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ мен China General Nuclear Power Corporation арасында «Орталық» ЕК» ЖШС-не қатысу үлесінің 49%-ын сатып алу-сату шартына қол қойылды.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ және Genchi Global Limited арасында «Астана» Халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) алаңында тіркелген ANU Energy OEIC Ltd., физикалық уран қорына инвестициялауға арналған негіздемілік келісімге қол қойылды.
- Қуаттылығы жылына 200 тонна құрайтын жылу бөлетін құрастырмалардың өндірісі бойынша «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС зауыты іске қосылды.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның корпоративтік басқару рейтингі «ВВВ» деңгейінен «А» деңгейіне дейін көтерілді.
- «Буденовское» БК» ЖШС өнеркәсіптік өндірумен айналысу мақсатында Буденовское кен орнының 6 және 7-учаскелерінде жер қойнауын пайдалану келісімшартына қосымша алды.
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ «Орталық» ЕК» ЖШС-не табысталған Жалпақ кен орнында уранды өнеркәсіптік тәсілмен өндіруге арналған Жер қойнауын пайдалану келісімшартын алды.





- 2021 жылғы 8 шілдеде ҚР Премьер-Министрі Қашаған кен орнының шикізаты негізінде газды кешенді әзірлеу қондырғысы – газ өңдеу зауытының құрылысын бастап берді.
 - 2021 жылғы 26 қарашада Нұр-Сұлтан қ. 2-кезектегі іске қосу кешендерінің 1 және 2 газ бөлу желілерінің құрылысы аяқталып, қолданысқа енгізілді.
 - 2021 жылғы 30 қарашада ҚР Үкіметінің № 854 қаулысымен жер қойнауын пайдалану саласындағы ұлттық компаниялардың қызметін бөлу бекітілді, оның негізінде
- «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ-на газ және газконденсат кен орындарында барлау және өндіру бойынша басым құқық берілді.
 - 2021 жылғы 14 желтоқсанда «ҚазТрансГаз» ҰК» АҚ мен NCOC 2022-2023 жж. Қашаған кен орнының 2А Кезеңін негізгі жобалау бойынша бірлесіп жұмыс атқару туралы келісімге қол қойды, ол бойынша Қашаған кен орнынан алынған 2 млрд м³ көлемінде шикі газды өңдеу бойынша қуаттылық арттырылады.



- Дизельдік отынның пойыз тартуына үлестік шығыны 27,34-тен 27,24 кг-ға дейін 10 000 т-км бруттоға азайтылды.
- Электр энергиясының үлестік шығыны 5,02 кВт*сағ/өлш.-ге азайтылды.
- Контейнерлік транзит 2020 жылы 876 мың ЖФБ-дан 1 065,6 мың ЖФБ-ға дейін өсті.
- Достық – 19-разъезд участкесінде ұзындығы 25 км екінші жолдың құрылысы басталды.





- «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ Қайта құру жобасы шеңберінде ӘЖ қайта құрудың барлық 24 объектісі бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптаманың оң қорытындысы алынды. Жоба іске асырыла бастағаннан бері құрылыс-монтаждық жұмыстар 24 ӘЖ-нің 20-да өткізілді. Оның ішінде 12 ӘЖ-де құрылыс-монтаждық жұмыстар аяқталды: оның 10-ы қолданысқа енгізілді, ал екі ӘЖ-де жұмыс комиссиясы жұмыс істейді. Қалған 8 ӘЖ-де жұмыстар жалғасуда. Жоба іске

асырыла бастағаннан бері 2 029 км ӘЖ-нің 1 342 км қайта құрылды, оның ішінде 2022 жылы 35,8 км ӘТЖ қайта құрылды.

- ЕЭҚ Батыс аймағының Электр желісін күшейту жобасы шеңберінде барлық бес 220 кВ ӘЖ-де құрылыс-монтаждық жұмыстар орындалып жатыр: Орал – Правобережная, Правобережная – Индер, Индер – Қарабатан, Қарабатан – Күлсары және Күлсары – Теңіз. 4 182 тіреудің 1 743-і орнатылды, бұл тіреулердің жалпы санынан 41,6%-ды құрайды.




- «GoPost Home» жаңа сервисі енгізілді. Клиенттерге сәлемдемелер мен супермаркеттерден ұсақ пакеттердің үйге жеткізілуіне тапсырыс беруге мүмкіндік береді. Қызмет пилоттық режимде Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында іске асырылуда. Атап айтқанда, ол Орталық операциялық учаскеде (ООУ) және астананың № 20 байланыс поштасының қалалық бөлімшесінде және Алматы қ. ООУ-де қолжетімді.
- Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп «Мемлекеттік және әлеуметтік қызметтердің әмбебап агенті» пилоттық жобасы іске қосылды. Шалғай елді мекендердің тұрғындары мемлекеттік және әлеуметтік қызметтерді, облыс орталығына шықпастан, бөлімшелерден ала алады.
- «Хоргос – Шығыс Қақпа» еркін экономикалық аумағында орналасқан жаңа бондтық қойма ашылды. Бонд қоймасы күнделікті 100 тоннаға дейін пошталық жөнелтімдерді өңдеуге, қиыр шетелден сәлемдемелер жолдауға және қабылдауға, ЕАЭО елдеріне теміржол және автомобиль көлігімен транзиттік жүктерді тасымалдауға мүмкіндік береді. Бүгінде аталған қызметтер Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан елдеріндегі серіктестеріміздің сұранысына ие.

Қытайдың ірі логистикалық ұйымдарымен уағдаластыққа қол жеткізілді.

- 2021 жылы шағын және орта бизнеске 16 жекеменшік бөлімше табысталды; 37 жаңа серіктестік нүктесі ашылды.
- Автомобильдер паркі жаңартылды, аудан орталықтары мен ауыл тұрғындарына қатынасхаттар мен сәлемдемелерді дер кезінде жеткізу үшін қазақстандық автозауыттан бір партия автокөліктің (181 бірл.) кілті қабылданды.
- 200 еуро немесе 31 кг-нан аспайтын халықаралық пошта жөнелтімдеріне қатысты ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен ықпалдастық орнатылды. Ықпалдасу барысында осы пошталық жөнелтімдер түрлері бойынша деректер мемлекеттік кеден бақылауы органдарына алдын ала тапсырылып, олардың алдын ала шешімдері алынады. Ықпалдасу есебінен пошталық жөнелтімдерді өңдеу мерзімдері мен мемлекеттік органдардан сауалдар санын азайтуға болады.
- 2021 жылғы маусымнан бастап «EMS» қызметі бойынша қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдау бойынша қызмет іске қосылды. Клиенттің банк картасынан төлемді «EMS» курьері «GoPost» мобильді қосымшасында қабылдайды. Клиент көрсетілген қызмет ақысын кез

келген ҚР банкінің картасымен төлей алады (mastercard/visa), бұл ыңғайлы, жайлы әрі қауіпсіз. Картамен төлеу қызметінің іске қосылуы көрсетілетін қызметтер бойынша көлемдерді арттыруға мүмкіндік береді.

- «Мейірім» дисконттық картасы бойынша теміржол билеттерін рәсімдеу және сату (мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жеңілдікпен) және «Әйелдер вагондарына» билет сату бойынша процесс іске асырылды.
- Экономикалық оператор мәртебесі берілді, бұл Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттерінің кеден шекарасынан өтетін жүктерді жеңілдетілген тәртіпте рәсімдеуге мүмкіндік береді. Бұл халықаралық пошта жөнелтімдері мен жүктердің Қазақстанға және одан тыс жерлерге жедел жеткізілуіне септігін тигізеді. Экономикалық оператор мәртебесінің арқасында кеден рәсімдерінен өтудің уақыт шығындары барынша азайтылып, логистика оңтайландырылады.
- Қазақстан мен Ресейдің пошталық қызметтері халықаралық пошта жөнелтімдерін тасымалдаумен және сақтаумен байланысты транзиттік логистикалық шешімдер саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.



ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ

- Қазақстан 2021 жылдың сәуірінде Ookla Speedtest Global Index жаһандық индексі бойынша мобильді интернет жылдамдығының жаһандық рейтингінде ЕАЭО және Орталық Азия елдері арасында ілгерілеу қарқыны бойынша көшбасшы болды.
- Соңғы екі жылда компанияда клиенттермен өзара әрекеттесу форматтары түбегейлі өзгерді, жаңа цифрлық шешімдер енгізілді, олар «Қазақтелеком» АҚ IT бөлімшелерінен кез келген цифрлық технологияның негізі болып табылатын икемді және ауқымды IT-инфрақұрылымын талап етті. түрлендіру. Осы бағыттағы маңызды нәтижелердің бірі микросервистің IT архитектурасына көшу және әзірлеу және пайдалану (DevOps) тәжірибелерін енгізу болды.
- 2021 жылы телекоммуникация желілерін техникалық дамыту және қолдау жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде «Қазақтелеком» АҚ телекоммуникация желілерін дамытудың келесі негізгі бағыттары бойынша жұмысты жалғастырды: магистральдық және аймақтық көлік желісі, деректерді берудің магистральдық желісі, кең жолақты қолжетімділік желілер, коммутация желілері.
- «Қазақтелеком» АҚ Қазақстанда 5G технологияларын белсенді түрде сынақтан өткізіп, енгізуде. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен Қазақстан Республикасының Радиожиілік жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы-

ның 31.08.2021 No 17-04 / 07-1000 хаттамасы бекітілді. Осы Хаттама аясында «Қазақтелеком» АҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы Astana Hub аумағында және Шымкент қаласының орталық алаңында өзінің 5G нүктесін іске қосты. Сондай-ақ, «Қазақтелеком» АҚ 2021 жылдың қазан айында Rixos Turkistan қонақүйінің аумағында 5G нүктесін іске қосты.

- Шымкентте тіркелген сымсыз Интернетке қол жеткізуге арналған Fixed Wireless Access желісі іске қосылды. Шымкент, Нұр-Сұлтан (Оңтүстік-Шығыс), Алматы (Алғабас), Қосшы қалаларының жекелеген аудандарында желі іске қосылды. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында FWA желісін Rollout тарату іске қосылды.
- Жыл басынан бері «Қазақтелеком» АҚ ең заманауи GPON технологиясы бойынша елорданың 35 көпқабатты тұрғын үй кешенін талшықты-оптикалық байланыс желілеріне қосты.
- Қазақстанда «Кселл» АҚ желілері негізінде бизнеске немесе оның филиалына еліміздің кез келген жерінде жұмыс істеуге және қолжетімділік параметрлерін өзгертпей өзінің жеке ақпараттық желісіне қол жеткізуге, ал қызметкерлерге мобильді болуға мүмкіндік беретін «Мобильді кеңсе» қызметі іске қосылды.
- «Қазақтелеком» АҚ жаңа буын қызметі – eSIM іске қосты. Енді «Қазақтелеком» АҚ абоненттері үшін жаңа eSIM қызметі қолжетімді - пластикалық SIM картасына цифрлық балама.

- «Қазақтелеком» АҚ қазақстандықтарға өз үйіндегі ауаны басқаруға және бір уақытта бірнеше гаджеттерден әртүрлі бағдарламаларды көруге мүмкіндік беретін IPTV технологиясын қолданатын жаңа буын телехабар тарату қызметін ұсынды.
- «Қазақтелеком» АҚ TV+ жаңа телевизиялық платформасы TV+ жарнамасының аяқталмаған жылына арналған, 2021 жылдың наурыз айынан бастап медиа қызметін пайдаланушылар саны 300 000-ға жақындады.
- Алматыда жалпы ауданы 180 м2, сыйымдылығы 168 тірек кеңістігі бар жаңа модульдік дата орталығын пайдалануға беру. Деректер орталығында ыңғайлы басқару және бақылау жүйесі қолданылады: тіректер стандартты сыйымдылық 42 бірліктен айырмашылығы 50 бірлікті құрайтын үлкен физикалық сыйымдылығы бар жеке қораптарға орнатылады. Жұмыстың қауіпсіздігі мен тиімділігі үшін модульдік деректер орталығы электр энергиясын тұтыну құнын төмендететін заманауи ауаны баптау жүйесін пайдаланады.
- 2021 жылы бұлтты бейнебақылау платформасында 17 қалада 34+ мың бейнекамера орнатылды. «Қазақтелеком» АҚ бұлтты бейнебақылау жүйесін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жедел басқару орталықтарына интеграциялау аяқталды. ЦОУМВД-ға бейне ағындарды беру үшін 10 Гбит/с деңгейінде өнімді және сенімді оптикалық желі инфрақұрылымы ұйымдастырылды. Осындай қажеттілік туындаған қалаларда ІІМ Орталық департаментінде бейне ағындарды онлайн бақылау үшін «Қазақтелеком» АҚ бұлтты бейнебақылау платформасына және бейне мұрағатқа қолжетімділікпен 13 автоматтандырылған жұмыс орны ұйымдастырылды.



- Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 бойынша 22,8 млрд кВт*сағ және 6,4 млрд кВт*сағ көлемінде тиісінше электр энергиясын өндіруде тарихи максимумға қол жеткізілді.
- 2021 жылғы 30 желтоқсанда «Алматы ЖЭО-2 қоршаған ортаға әсерін барынша азайтып жетілдіру» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесіне «Мемлекеттік сараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды.
- Самұрық-Энерго тобының өндірістік активтеріндегі апаттар мен технологиялық кідірістердің 2020 жылы 1 351-ден 2021 жылы 1 291-ге дейін азайтылуы қамтамасыз етілді.



- 2021 жылы Эйр Астана 4 жаңа халықаралық бағыт ашты, сондай-ақ 6 халықаралық бағыт қалпына келтірілді.
- FlyArystan 2021 жылы он екі жаңа халықаралық бағыт ашты.
- 2021 жылы Компания C-check типті 5 техникалық қызмет көрсетуді өз күшімен өткізді.
- 2021 жылы 4 ӘЖ келді (1 x A320 CEO және 3 x A321LR).
- 2021 жылдың мамырында Компания IOSA аудитін және 2021 жылдың қазаны мен сәуірінде EASA аудитінің 145/147 Бөлімін табысты өтті.
- 2021 жылы «Орталық Азияның үздік авиакомпаниясы» номинациясында 2012 жылдан бері 9 рет қатарынан Skytrax сыйлығын алды (2020 жылы марапат болмаған).



- 2021 жылы 472 млн теңге көлемінде оң EBITDA-ға қол жеткізді.
- 2021 жылы чартерлік негізде мынадай халықаралық бағыттар іске қосылды: Омбы, Новосибирск, Қазан, Екатеринбург.
- 2021 жылы ұшу географиясы 27-ден 35 бағытқа дейін кеңейтілді, оның ішінде 5-уі халықаралық.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қордың күрделі салымдарының негізгі бағыттары бес портфельдік компанияда инвестициялық жобаларды іске асыру болып табылады: ҚМГ, Samruk-Kazyna Odeu, ҚТЖ, СЭ, ТКС. Үлкен күрделі салымдарды қажет ететін негізгі инвестициялық жобалар – бұл мұнай мен газды барлау және өндіру, теміржол құрылысы, газ-химия кешенінің құрылысы, вокзал кешенінің құрылысы, электр беру желілерінің құрылысы және басқа да маңызды жобалар.

Қордың инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысуы

Қор инфрақұрылымдық жобаларды, сондай-ақ өңірлік жобалар мен Индустриялық даму жөніндегі жобаларды іске асыру арқылы ел экономикасын қолдау бойынша қызметін орындауды одан әрі жалғастырады. Қазіргі уақытта жалпы құны 2 трлн теңгені құрайтын ИИДМБ шеңберінде 4 жоба іске

асырылу сатысында тұр. Бұл ретте, Қор Қазақстан Республикасы Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» Жолдауын және Қор басшылығының тапсырмаларын іске асыру жөніндегі Жалпы ұлттық іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында жалпы құны 3,82 трлн теңге көлемінде (іске асырылатын, перспективалық және әзірленіп жатқан жобалар) 14 басым инфрақұрылымдық жобаны іске асыруды қарастырып жатыр. Бұл жобалар негізінен көлік, логистика, энергетика және инфрақұрылым салаларын қамтиды. Аталған 18 жобаны іске асыру шамамен 6 мың тұрақты жұмыс орнын және 24,6 мың уақытша жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.



ҚОР ТОБЫНЫҢ ІРІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ



СОЛТҮСТІК-КАСПИЙ ЖОБАСЫ (тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлеу)

Жобаның мақсаты

және қысқаша сипаттамасы

- Мердігерлік учаскеде мұнай және ілеспе өнімдерді барлау, игеру және өндіру.
- Өндіру Д аралдарының, А аралының, ЕРС2, ЕРС3 және ЕРС 4 аралдарының ұңғымаларынан жүргізіледі. Д аралының барлық технологиялық объектілері және жерүсті кешенінің мұнай, газ және күкірт жөніндегі технологиялық желілері, сондай-ақ екі кешеннің инженерлік қамсыздандыру учаскелері қолданыста.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

► **11 843¹**



ЫҚПАЛДАСТЫРЫЛҒАН ГАЗ-ХИМИЯ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ (екінші фаза)

Жобаның мақсаты

және қысқаша сипаттамасы

- Атырау облысында жобалық қуаттылығы жылына 1 250 млн тонна полиэтилен өндіру зауытын салу.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

► **2 719**



ЫҚПАЛДАСТЫРЫЛҒАН ГАЗ- ХИМИЯ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ (бірінші фаза)

Жобаның мақсаты

және қысқаша сипаттамасы

- Атырау облысында жылдық қуаттылығы 500 мың тонна полиэтилен өндіретін ықпалдастырылған газ-химия кешенін салу.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

► **953**



БЕЙНЕУ – БОЗОЙ – ШЫМКЕНТ ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Жобаның мақсаты

және қысқаша сипаттамасы

- Бозой және Қараөзек 2 компрессорлық станциясымен (бұдан әрі – КС) ұзындығы 1 475 км (нақты 1 450 км) Магистральдық газ құбырын, сондай-ақ ИОА салған төрт қосымша компрессорлық станцияны салу. Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз ету мақсатында Магистральдық газ құбырын салу, қазақстандық газдың экспорттық жеткізілімдерін әртараптандыру және бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құру.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

► **740**

¹ СКП шеңберінде босатылуына байланысты валюталардың тарихи бағамдары ескерілген және ҚҚС-сыз құны көрсетілген..



ГАЗ БӨЛУ ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Жобаның мақсаты және қысқаша сипаттамасы

- «Полиэтилен өндірісі» жобасын шикізатпен қамтамасыз ету үшін Теңіз кен орнында (ТШО) этан өндіруге арналған қуаты 1,6 млн тонна газ бөлу қондырғысын салу.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

▶ 621



«ҰЛТТЫҚ ИНДУСТРИЯЛЫҚ МҰНАЙ-ХИМИЯ ТЕХНОПАРКІ» АЭА ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Жобаның мақсаты және қысқаша сипаттамасы

- Атырау облысында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы инфрақұрылымының объектілерін салу.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

▶ 385



№ 3 СТАНЦИЯНЫҢ ЭНЕРГИЯ БЛОГЫН ОРНАТЫП, ЕКІБАСТҰЗ ГРЭС-2 СТАНЦИЯСЫН КЕҒЕЙТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ

Жобаның мақсаты және қысқаша сипаттамасы

- Қазақстанның электр энергиясы мен электр қуатын тұтындағы өсіп келе жатқан қажеттілігін қамтамасыз ету, ҚР-ның экспорттық әлеуетін ұлғайту; тұтынушыларды электр қуатымен жабдықтаудың сенімділігін арттыру; нарық жағдайында энергия көзінің тұрақты тиімді жұмысын қамтамасыз ету.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

▶ 374



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАЛҚИЯ ПОЛИМЕТАЛЛ КЕН ОРЫНДАРЫН ӨНЕРКӘСІПТІК ИГЕРУ

Жобаның мақсаты және қысқаша сипаттамасы

- Кейін мырыш және қорғасын концентраттарын шығару мақсатында жылдық қуаттылығы 4 млн тонна байыту фабрикасын іске қосу.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

▶ 270



БЕЙНЕУ – БОЗОЙ – ШЫМКЕНТ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ГАЗ ҚҰБЫРЫНДА ТӨРТ КОМПРЕССОРЛЫҚ СТАНЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

Жобаның мақсаты және қысқаша сипаттамасы

- Өткізу қабілетін жылына 15 млрд м³-ге дейін қамтамасыз ету үшін Бейнеу – Бозой – Шымкент МГ құбырларында төрт компрессорлық станция салу. ҚР-ның оңтүстік өңірлеріне, әсіресе жылыту кезеңіндегі тапшылықты жабу және ҚХР-ға экспорттау мақсатында газ берілісін ұлғайту үшін тұрақты газ жеткізілімдерін қамтамасыз ету.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

▶ 215



ҚҰРЫҚ ПОРТЫНДА ПАРОМ КЕШЕНІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ӘМБЕБАП ЖҮК-ЖОЛАУШЫ ПАРОМДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Жобаның мақсаты және қысқаша сипаттамасы

- Тиімді логистикалық хаб құру және Каспий теңіз инфрақұрылымын дамыту және Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру. Шекара маңындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту, көліктік және әлеуметтік-экономикалық әлеуетті арттыру.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

▶ 96



ЕКІБАСТҮЗ ГРЭС-1 СТАНЦИЯСЫН КЕҢЕЙТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚҰРУ (№ 1 БЛОКТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ)

Жобаның мақсаты және қысқаша сипаттамасы

- Тұтынушыларды сенімді электр қуатымен жабдықтауды қамтамасыз ету. Тұтынушыларды сенімді электр қуатымен жабдықтау мақсатында қолда бар қуаттылықты арттыру.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

▶ 144,1



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АЛАЙҒЫР КЕН ОРНЫНДА ПОЛИМЕТАЛЛ КЕНІН ӨНДІРУ

Жобаның мақсаты және қысқаша сипаттамасы

- Кейін қорғасын-күміс концентраттарын шығару мақсатында жылдық қуаттылығы 900 мың тонна байыту фабрикасын іске қосу.

Жобаның жалпы
құны, млрд теңге

▶ 48

Жаңа инвестицияларды жүзеге асыру

Қордың миссиясы Қазақстан Республикасы халқының мүддесінде активтерді тиімді басқару арқылы экономиканың ұзақ мерзімді құнын құру және орнықты дамуын ынталандыру болып табылады. Пайым 2031 жылға қарай Қорды жауапты инвестициялар арқылы адамдардың әл-ауқаты мен қоршаған ортаны қорғау қағидаттарында инновациялық дамуда серпілісті жүзеге асыратын ұлттық экономиканың көшбасшысы ретінде айқындайды.

2021 жылы осы бағыт бойынша мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Қордың жаңа инвестицияларын жүзеге асыру процесінің тиімділігін арттыру мақсатында 2020 жылы әзірленген «Самұрық-Қазына» АҚ жаңа инвестицияларды жүзеге асыру жөніндегі қағидалар шеңберінде Қор жыл сайынғы негізде инвестициялық бастамалардың қысқа тізімін (Short-List) қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді. 2021 жылы 11 салада 50 бастама қаралды, инвестициялық бастамалардың қысқа тізіміне әр түрлі сатылардағы 29 бастама кірді.
- Болашақ ұрпақ қорының активтерін сапалы қалыптастыру және тиімді басқару шеңберінде болашақ ұрпақ қорының портфелін қалыптастыру жөніндегі қағидалар мен қазынашылық портфелін қалыптастыру жөніндегі қағидалар өзектендірілді.

Инвесторлармен әрекеттесу шеңберіндегі қызмет нәтижелері

Халықаралық іс-шаралар

2021 жылы жалпы әлемдік эпидемиологиялық жағдайға байланысты шектеулердің сақталуына қарамастан, Қор өзара іс-қимылдың оңтайлы форматтары мен тетіктерін пайдалана отырып, белсенді халықаралық қызметті жүзеге асырды.

2021 жылы халықаралық іс-шаралар мен шетелдік сапарлар аясында 10 екіжақты құжатқа қол қойылды.

Бұл ретте Қор ынтымақтастығының Азиялық бағыты күшейді. Қытай шекараларының жабылуына қарамастан, Қор 3 онлайн іс-шара өткізіп, қытайлық серіктестермен өзара іс-қимылды сақтап қана қоймай, күшейте алды. Іскерлік кеңес бойынша корейлік әріптесін ауыстыру бойынша жұмыс жүргізілді,

бұл екі елдің бизнес-қоғамдастықтарының өзара тиімді ынтымақтастығы үшін сенімді платформаға айналуға мүмкіндік береді және жаңа серпін береді.

Халықаралық сапарлардың ішінде ерекше атап өткен жөн:

- Қор Басқармасы төрағасының Петербург Халықаралық экономикалық форумының жұмысына қатысуы (ПХЭФ, 2021 жылғы 2-5 маусым), оның барысында «РОСНАНО» және «Синтез ОКА» тобымен шағын және орта тонналық мұнай-газ химиясы саласындағы инвестициялық платформаны құру жөніндегі ынтымақтастықтың негізгі шарттары туралы келісімге, сондай-ақ «Әл-Фараби» жобасы бойынша «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ-мен сатып алу-сату шартына қол қойылды (49,9% үлес);
- ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев пен Оңтүстік Корея президенті Мун Чжэиннің қатысуымен өтетін Қазақстан-Корей дөңгелек үстелі (2021 ж. 17 тамыз). Іс-шараға сондай-ақ Samsung Electronics, Doosan Heavy Industries&Construction, Hyundai Engineering & Construction, Dongil Construction, Lotte Confectionery, BC Card, Seegene Medical Foundation, Korea Health Industry Development Institute (KHIDI) және Kolon World Investment сияқты Оңтүстік Кореяның ірі компанияларының басшылары қатысты.
- Мемлекет басшыларының қатысуымен Қор мен «Korea International Trade Association» арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Жалпы, дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 1,7 миллиард доллар көлемінде 34 келісімге, оның ішінде 21 коммерциялық және 13 коммерциялық емес құжатқа қол қойылды;
- Қазақстан-Катар іскерлік кеңесінің мәжілісі (2021 жылғы 22 тамыз), оған ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан мен Катардың ірі компанияларының басшылары, ҚР Үкіметінің мүшелері, мемлекеттік ведомстволар мен қаржы институттарының өкілдері қатысты;
- Ұлыбританияға сапар (28 қазан – 2 қараша), оның барысында бірқатар маңызды іс-шаралар өткізілді:
 - 28 қазанда дөңгелек үстел форматында өткізілген Қазақстан-Британ Іскерлік кеңесінің 4-отырысы. Дөңгелек үстел алаңында Қазақстанда көмір өндіру қалдықтарын мұнай өнімдерімен одан әрі араластыру және кемелерге экологиялық таза отын алу үшін отын ұнтағына айналдыру жөніндегі кәсіпорынды

салуға мүдделі Arq компаниясымен меморандумға қол қойылды;

- Лондон қор биржасы алаңындағы инвестициялық форум (29 қазан). Қордың Басқарма төрағасының «Алға жылжу және орнықтылықты қамтамасыз ету» панельдік сессиясында сөйлеген сөзі жаңартылатын энергия көздерінің жаңа технологияларын енгізу жөніндегі даму мен бастамалар туралы белсенді пікірталасқа серпін берді. Сессияға сондай-ақ Лондон қор биржасының, беделді қаржы басылымының және ірі халықаралық компаниялардың өкілдері қатысты;
- Сонымен қатар Қор Басқармасы төрағасының сапары барысында ірі британдық саяси және бизнес қайраткерлерімен маңызды кездесулер өткізілді. Британдық тараптың тең төрағасы Баронесса Николсонмен қабылдаудың және нақты өткізілген келіссөздердің жоғары деңгейін атап өту қажет, олардың қорытындысы бойынша Қазақстан-Британ Іскерлік кеңесінің одан әрі дамуы үшін негіз қаланды және 2022 жылғы көктемде Лондон қаласында бірлескен іс-шара өткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Тағы бір маңызды кездесу Лондон қор биржасының капитал нарықтары жөніндегі топтың басшысы М. Рооспен, оның ішінде «ҚазМұнайГаз» және «Эйр Астана» активтерін жекешелендіру шеңберінде «Самұрық-Қазына» компаниясымен болашақ ынтымақтастық әлеуеті, сондай-ақ ESG саласында білім алмасу және ынтымақтастық туралы талқылау болды.

Сапар шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның COP26-ға қатысуы жекелеген оқиға болды – бұл Қордың климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ-ның ауқымды конференциясының қызметіне бірінші рет тартылуы, бұл Қордың жаңа Даму стратегиясын, сондай-ақ Қордың декарбонизациялау бойынша портфельдік компанияларына қойған шамшыл міндеттерін ескере отырып, үлкен маңызға ие. COP26 шеңберінде Орталық Азиялық «Green bridge: regional unity in combating climatic change» сайд-ивенті өтті, оған Қордың атынан стратегия, орнықты даму және цифрлық трансформациялау жөніндегі бірлескен басқарушы директоры Е. Бердіғұлов қатысты.

Алдыңғы пандемия жылынан кейін 2021 жылы жандандырылған Қордың халықаралық қызметінің тағы бір бағыты Басқарма Өкілінің халықаралық компаниялар басшыларымен, шетелдік делегация-

лармен және ҚР-дағы дипломатиялық өкілдіктердің елшілерімен екіжақты кездесулері болды.

Мына серіктестермен екіжақты ынтымақтастықтың тереңдетілуін атап өткен жөн:

- ресейлік серіктестер. Мәселен, 2021 жылы «РОСНАНО» және «Росатом» басшылығымен кездесулерден басқа, Қорға Удмуртия, Свердловск облысы, «Ресей экспорттық орталығы» АҚ, «РЖД Логистика» АҚ делегациялары келді;
- араб елдері. Катар және БАӘ-мен өзара іс-қимыл белсенді дамуда. Baladna, ADQ, Aswa-мен бірқатар кездесулер өткізілді. Жан-жақты келіссөздердің нәтижесі 2021 жылғы 1 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ, Abu Dhabi Developmental Company егеменді қоры және Abu Dhabi National Energy Company ұлттық энергетикалық компаниясы арасында келісімге қол қойылды;
- шет мемлекеттердің елшілері. Францияның ҚР-дағы Елшісі Д. Канесспен кездесу маңызды болды, оның барысында Қазақстан-Француз ынтымақтастығының перспективаларын қоса алғанда, кең ауқымды мәселелер қамтылды. Бұл жерде ҚР CIM ағымдағы жылы Франциямен өзара іс-қимыл мәселелеріне көп көңіл бөлгенін (ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі деңгейінде бірнеше кеңестер өткізілді) атап өту маңызды, бұл коронавируспен күрестің оң серпінімен 2022 жылы екі ел басшылығының ресми сапарларымен алмасуды болжауға мүмкіндік береді. «Самұрық-Қазына» компаниялар тобының француз серіктестерімен ынтымақтастық деңгейін ескере отырып, BPI, Total, Orano сияқты компаниялармен екіжақты іс-шаралар өткізуді қарастыруға болады.

2021 жылы Қор шетелдік серіктестермен қарым-қатынасты дамыта отырып, халықаралық қызметті белсенді түрде жүзеге асырды. Өтіп бара жатқан жылғы халықаралық қызметтің қорытындылары мен Франциямен өзара іс-қимылдың өскелең әлеуеті және Ұлыбритания Елшілігінің жаңа басшылығы мен оның халықаралық сауда жөніндегі бөлімшесінің инвестициялық ынтымақтастықты жандандыруға дайындығы және корейлік әріптестермен өзара іс-қимылды қайта бастау – осының бәрі Қор компаниялары тобының тұрақты дамуына өз үлесін қосты және 2022 жылы шетелдік әріптестермен бірлескен жобалардың іске асырылуына негіз қалады.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Активтерді жекешелендіру және дивестициялау іс-шаралары

2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі жекешелендірудің үкіметтік жоспары қабылданған сәттен бастап жекешелендіру шеңберінде жүргізілген жұмыстардың нәтижелері, атап айтқанда 2021 жылдың қорытындылары. 2021 жылғы негізгі жетістіктер, алдағы жылдарға арналған жоспарлар.

Қор өз активтерін бәсекелес ортаға беру арқылы жекешелендірудің Кешенді жоспарына белсенді қатысу арқылы Қазақстан экономикасының тиімділігін арттыруға, Қазақстан экономикасындағы квазимемлекеттік сектордың үлесін төмендетуге қатысады. Қор сондай-ақ портфельді тиімді басқару және активтер құрылымын оңтайландыру мақсаттары үшін стратегиялық емес активтерден / дивестициялардан шығу бойынша жұмыс жүргізеді. Қабылданатын шаралардың табыстылығы корпоративтік басқару деңгейін арттыруды, жеке секторда салауатты бәсекелестікті дамытуды, экономиканың бәсекелес секторларында мемлекеттің қатысуын қысқартуды, Қазақстан Республикасының инвестициялық ахуалын жақсартуды, сондай-ақ ел экономикасына жаңа технологиялар тартуды және бизнес-секторда мемлекеттік реттеуді азайтуды ынталандыратын болады.

2020 жылдың соңында ҚР Үкіметі «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» № 908 қаулысын қабылдады (бұдан әрі – Жекешелендіру жоспары).

Жекешелендіру жоспарына сәйкес Қор тобының 25 активін бәсекелес ортаға беру ұсынылады:

1. Қордың 8 ірі активін – IPO жүргізу, стратегиялық инвесторға сату арқылы және өзге тәсілдермен.

Бұдан бұрын, 2020 жылғы маусымда және 2021 жылғы желтоқсанда ҚР Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиямен (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) бәсекелес ортаға табыстаудың келесі мерзімдері келісілді: 2022 жылға – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – «ҚазМұнайГаз»), «Эйр Астана» АҚ (бұдан әрі – «Эйр Астана»), «QAZAQ AIR» АҚ (бұдан әрі – Qazaq Air) және «Тау-Кен Самұрық» ҰМК» АҚ (бұдан әрі – ТКС); 2023 жылға – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ (бұдан

Портфельдік
компаниялардың 17
шағын активі, оның ішінде
2021 жылы жалпы сомасы
шамамен

2,7

МЛРД ТЕҢГЕ

Қор тобының 4 активін сату
бойынша іс-шаралар
аяқталды

әрі – «Қазақстан темір жолы», ҚТЖ), «Қазпошта» АҚ (бұдан әрі – Қазпошта) және 2025 жылға – «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Энерго»). Сонымен қатар, 2021 жылдың желтоқсанында ҚР Үкіметінің қаулысымен QazaqGaz да бәсекелес ортаға – IPO-ға табыстау әдісімен Жекешелендіру жоспарына енгізілді, кейіннен IPO-ның алдын ала келісілген мерзімі 2023 жыл деп белгіленді. Бұл ретте, активтерді сатудың ақырғы мерзімдері макроэкономикалық жағдайды, капитал нарықтарының динамикасын, әлеуетті инвесторлар тарапынан қызығушылықты, әлеуметтік және басқа да аспектілерді ескере отырып айқындалады деп болжанады.

Сондай-ақ Қор IPO-ға дайындық және портфельдік компанияларын өзге тәсілдермен бәсекелес ортаға беру бойынша жұмыс жүргізді:

- 1) Қазпошта: компанияны стратегиялық инвесторға тікелей мақсатты сату арқылы бәсекелес ортаға табыстау әдісі туралы бұрын Мемлекеттік комиссия мен Қордың Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерге сәйкес 2021 жылы беделді тәуелсіз кеңесшімен бірлесіп, стратегиялық инвесторды іздеу және таңдау бойынша жұмыс жүргізілді. Бұл үдеріс инвесторлар пулын анықтаудың бірнеше кезеңдерін жүргізумен классикалық құрылымдық M&A негізгі стандарттарына сәйкес болып, жүзеге асырылды, оның ішінде инвесторлардың

«ұзын» тізімін дайындау, инвестициялық тизерді тарату, ақпараттық меморандумды дайындау, біліктілік талаптарын және инвестициялық міндеттемелерді белгілеу, инвесторлардың кешенді сараптама рәсімін жүргізуі (due diligence), міндетті емес және міндетті ұсыныстарды алу, өңдеу және талдау және т.б. Алайда, осы жұмыстың нәтижесінде Қор күткеніне сай келмейтін міндетті ұсыныс түсті. Осыған байланысты, Мемлекеттік комиссиямен келісе отырып, активті бәсекелес ортаға табыстау 2023 жылға шегерілді.

- 2) ҚазМұнайГаз: мұнай бағасының қалпына келуін және айтарлықтай «теріс» құбылмалылықтың болмауын, сондай-ақ 2021 жылдың мамыр-маусымында капитал нарықтарындағы сентиментті ескере отырып, IPO-ға белсенді дайындалу бойынша іс-шаралар қайта басталды. Жалпы, IPO 2022 жылы қатарынан екі қазақстандық алаңда – «Қазақстан қор биржасы» АҚ мен «Астана» халықаралық қаржы орталығының биржасында Қазақстан Республикасының азаматтары тұлғасындағы бөлшек инвесторлардың кең ауқымын тарта отырып, кең ауқымды маркетингтік науқанды өткізу және коммуникацияның заманауи әдістерін қолдану, сондай-ақ акцияларды сатып алуға қол жеткізуді қамтамасыз ету, оның ішінде мобильді қосымшалар арқылы, өткізу жоспарлануда.
- 3) Эйр Астана: 2021 жылы компанияның IPO-ға белсенді дайындалуы жалғасты. Бұл ретте, бұрынғыдай, Қор мен BAE Systems тұлғасындағы акционерлер халықаралық платформаларда да, қазақстандық платформаларда да IPO өткізуді қарастырды. Алайда, геосаяси жағдай мен құлдыраған нарықтарды ескере отырып, 2022 жылы «Эйр Астананың» халықаралық IPO-сын өткізу мүмкін емес болып көрінеді. Осыған байланысты Қор екінші акционермен және компаниямен бірлесіп, халықаралық капитал

нарықтары қалпына келгенге дейін IPO мерзімін кейінге қалдыруды ұсынады.

- 4) Самұрық-Энерго: бұдан бұрын 2021 жылдың қазанында Қор Самұрық-Энерго акцияларының 49% дейін иеліктен алуды көздейтін БАӘ Үкіметінің және ҚР Үкіметінің басым салаларында жобаларды дамытудың ұзақ мерзімді стратегиялық серіктестігін құру туралы бірлескен декларациясына қол қойылды (бұдан әрі – Бірлескен декларация). Алайда, кейіннен ҚР Үкіметінің Бірлескен декларацияны ратификациялау туралы заң жобасын ҚР Парламенті Мәжілісінен кері қайтарып алуына байланысты бұл жұмыстар тоқтатылды. Қазіргі уақытта тәуелсіз кеңесшінің ұсынымдарын ескере отырып және ҚР Үкіметінің келісімі бойынша компанияны бәсекелес ортаға табыстаудың баламалы нұсқалары, оның ішінде кейінгі IPO мақсатында активтердің «жасыл» портфелін бөлек компанияда топтастыру жолымен қарастырылуда, бұл сөзсіз өзекті «жасыл» күн тәртібіне сәйкес келеді және сәйкесінше IPO кезінде әлеуетті инвесторлар үшін өте тартымды болады.
- 5) QAZAQ AIR: 2021 жылдың екінші жартыжылдығында Қор активтерді бәсекелес ортаға беру мәселелері бойынша, оның ішінде нарықтық және инвестициялық тартымдылыққа талдау жүргізу, сондай-ақ Qazaq Air іске асыру тәсілі бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін тәуелсіз кеңесшіні тарту бойынша жұмыс жүргізді. Кеңесші Qazaq Air инвестициялық тартымдылығына талдау жасады, оған сәйкес компанияны сатудың ең оңтайлы жолы – ашық екі кезеңді конкурсын өткізу. Осы бағытта одан әрі іс-шаралар өткізу жоспарлануда.
- 6) Қазақстан темір жолы: 2021 жылы компанияның күш-жігері операциялық тиімділікті арттыруға, берешекті басқару жөніндегі іс-шараларды өткізуге, сондай-ақ реттеуші ортаны одан әрі жетілдіру мақсатында мемлекеттік органдармен



және ҚР Үкіметімен өзара іс-қимыл жасауға бағытталды. Жалпы, компания аталған іс-шараларды жалғастыруы керек және қаржылық сауықтырудың барлық мәселелерін шешкеннен кейін ғана компанияның IPO-сын қолайлы экономикалық параметрлерде жүзеге асыруға болады.

- 7) QazaqGaz: 2021 жылы компания белсенді жұмыс істеді және жаңа қызмет бағыттарын дамыту, сондай-ақ негізгі проблемалық мәселелерді шешу арқылы өзінің инвестициялық тарихын жақсарту бойынша іс-шаралар жүргізуді жалғастыруда. Оларға ішкі нарықтағы газ саудалық операциялары бойынша жүйелік шығындар, жоғары маржалық экспорттық бағдарлар бойынша көлемдердің төмендеуі, меншікті ресурстық базаның әлсіздігі және т.б. жатады. Қаржылық-экономикалық жағдай жақсарып, «күшті» инвестициялық тарих қалыптаса бастауына қарай компанияның IPO-ға белсенді дайындалуы басталады.
- 8) ТКС: 2021 жылдың қыркүйегінде Мемлекеттік комиссия «ШалқияЦинк» АҚ және «Алайғыр» БК» ЖШС еншілес ұйымдарына ауыстырумен ТКС-ті жекешелендіру жоспарынан шығару туралы келісімге алдын ала келген.
2. портфельдік компаниялардың 17 шағын активі, оның ішінде 2021 жылы жалпы сомасы шамамен 2,7 млрд теңгеге Қор тобының 5 активін сату бойынша іс-шаралар аяқталды («Восток-машзавод» АҚ, «Astana Solar» ЖШС, «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС, «KazSilicon «МК» ЖШС және «Каустик» АҚ).

Сондай-ақ портфельдік компаниялардың қалған 12 активін бәсекелі ортаға беруге дайындық жұмыстары жүргізілуде («Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС, «Тұлпар» вагон жасау зауыты» ЖШС, «Әскерилендірілген темір жол күзеті» ЖШС, Aysir turizm veinsaат, «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС,

«ҚазМұнайГаз-Сервис-NS» АҚ, «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК» АҚ, «Ақтау теңіз солтүстік терминалы» ЖШС (бұдан әрі - АТСТ), «Silicon mining» ЖШС, «Тәу-КенТемір» ЖШС, «SSAP» ЖШС (бұдан әрі - SSAP) және «ХИМ-плюс» ЖШС).

Сонымен бірге, 2022 жылдың ақпанында Үкімет Жекешелендіру жоспарына квазимемлекеттік секторының жекешелендірілетін субъектілері тізбесіне енгізудің негізгі критерийлерін (қағидаттарын) енгізді, оларды ескере отырып бәсекелес ортаға табыстауға ұсынылатын активтер тізбесін жаңарту және оны уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша жұмыс жүргізіледі. Мысалы, әртүрлі себептермен, соның ішінде ҚР экономикасын монополиясыздандыру жөніндегі комиссия жүргізген жұмысты ескере отырып, SSAP активтерін және Ақтау солтүстік теңіз терминалын Жекешелендіру жоспарынан шығару ұсынылады. Алдын ала тізбенің жобасын Қордың Қоғамдық кеңесі оң бағалады. Жекешелендіру жоспарына соңғы өзгерістер белгіленген тәртіппен жарияланады.

2021 ж. стратегиялық емес активтерден / дивестициялардан шығу жөніндегі жұмыс шеңберінде:

- 13 актив сатылды («Семсер-Өрт сөндіруші» ЖШС, «Лизинг групп» АҚ, «КТ Cloud Lab» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-Инжиниринг» ЖШС, «Технологиялық көлік және ұңғымаларда қызмет көрсету басқармасы» ЖШС, «Бутадиен» ЖШС, «Әл-Фараби Оперейтинг» ЖШС, Rompetrol Valves Iafco, Palplast S. A., «Tin One Mining» АҚ, «KAZ Феррит» ЖШС, «Кселл» АҚ 24%, «Орталық» ЕК» ЖШС 49%);
- 2 актив мемлекеттік меншікке берілді («KOREM» АҚ, «ЖЭК бойынша ЕҚО» ЖШС);
- 8 актив таратылды («Қазатомөнеркәсіп-Даму» ЖШС, Rompetrol Ukraina, Agat, Rompetrol Distribution Albania, Rompetrol Albania Downstream, Rompetrol Albania Wholesale, Rompetrol Albania Sh.A., Logistic System Management B.V.).



ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген елдің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу, инвестициялық және операциялық қызметтің тиімділігін қажетті арттыруды қамтамасыз ету шеңберінде Қор өз қызметін және бақыланатын портфельдік компанияларының қызметін ауқымды қайта құру бағдарламасын («Самұрық-Қазына» АҚ-ның Трансформациялау бағдарламасы) әзірледі. Бұл Бағдарлама Қор мен портфельдік компанияларын қоса алғанда, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның бүкіл тобын трансформациялау үшін оның жалпы қағидаттарымен іргетасын қалайды.

Бүгінгі таңда трансформациялау бағдарламасы Қордың алты ірі портфельдік компаниясында жүзеге асырылуда: «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «KEGOC» АҚ.

Трансформациялау бағдарламасы Қордың және оның алты портфельдік компаниясының даму стратегиясын іске асыру құралдарының бірі болып табылады және цифрлық трансформациялауға көшуді көздейді. Цифрлық трансформациялауға көшудің негізгі идеясы бизнес үшін пайдаға айналатын цифр-

лық технологияларды қолдану арқылы бизнес-міндеттерді шешу болып табылады: жұмыс уақытын, коммерциялық шығындарды азайту, операциялық тиімділікті арттыру.

Бағдарлама келесі бастамаларды іске асыруға бағытталған:

1. Өндірістік қауіпсіздік;
2. Мәдениетті трансформациялау;
3. Клиенттер;
4. Жеткізушілер;
5. Процесстерді реинжинирингтеу арқылы шығындарды оңтайландыру;
6. Киберқауіпсіздік.

Қор және портфельдік компаниялары деңгейінде трансформациялау бағдарламасын тиімді басқару үшін алқалы консультативтік-кеңесші орган – Жаңғырту жөніндегі кеңес құрылды.

Трансформациялау Бағдарламасын басқару шеңберінде портфельдік компаниялары деңгейінде Қордың CDTO, салалық дирекциялар мен трансформациялау командасы өкілдерінің қатысуымен басқару органдарының тұрақты отырыстары өтеді. Жыл қорытындысы бойынша барлығы: 19 – Жаңғырту жөніндегі кеңес, 61 – Жобалардың басқарушы комитеттері өткізілді.

Іс-шаралар	«ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	«Қазпошта» АҚ	«Самұрық-Энерго» АҚ	«KEGOC» АҚ	БАРЛЫҒЫ
ҚК-ын жетілдіру жөніндегі кеңес (ҚК ЖК)	3	3	2	2	5	4	19
ҚК-ын басқарушы комитеттер (ҚК БК)	15	8	3	6	20	9	61

Бұған қосымша, жобалық кеңселердің сараптамасын арттыру үшін 13 оқу семинары, сондай-ақ жедел мәселелерді талқылау бойынша ҚК трансформациялау кеңселерімен және жобалық топтармен 274 бейресми кездесу өткізілді.

Іс-шаралар	«ҚазМұнай-Газ» ҰК» АҚ	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	«Қазатөмөнеркәсіп ҰАК» АҚ	«Қазпошта» АҚ	«Самұрық-Энерго» АҚ	«KEGOC» АҚ	БАРЛЫҒЫ
Оқыту іс-шаралары	5	5	1	2	–	–	13
ҚК-мен бейресми кездесулер	96	18	11	9	120	20	274

Әр ҚК-дағы Трансформациялау бағдарламасының нәтижелері бойынша толық ақпарат төменде келтірілген.



«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ

2021 жылы трансформациялау жобалары бойынша таза пайда – 2,1 млрд теңге жылдық жоспарымен 2 млрд теңгені құрады.

2021 жылы мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. «Мұнай өңдеу және мұнай-химия» бизнес-бағытында 31 «Lean 6 Sigma» жобасы және «Мұнай және газ өндіру» бизнес-бағытында 6 жоба енгізілді.
2. «АВАІ» АЖ әзірлеу және енгізу» жобасының 5 модулі аяқталып, қолданысқа берілді.

3. «МӨЗ-де ұлғайтылған жөндеу аралық кезеңге кешу (оның ішінде ТОРО жүйесін автоматтандыру) (АМӨЗ, ПМХЗ)» жобасы бойынша пост-мониторинг кезеңінде мұнай көлемінің дельтасын өңдеуден қосымша табыс алынды, сондай-ақ ПМХЗ-да техникалық қызмет көрсету және жөндеу шығындары төмендетілді.
4. «ҚМГ МӨЗ-да (АМӨЗ, ПМХЗ) өндірісті оңтайландыру жоспарлауын енгізу» пост-мониторинг жобасы бойынша өндірістік жоспарлау процестерінің (АМӨЗ, ПМХЗ және ПКӨП) өзгеруімен ЛП-модельдер негізінде өндірісті оңтайландыру жоспарлауын енгізу есебінен ҚМГ КО-да оң нәтижелер алынды.





«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ

2021 жылы трансформациялау жобалары бойынша таза пайда – 2,09 млрд теңге жылдық жоспарымен – 360 млн теңгені құрады.

2021 жылы мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. «Қорларды басқару» жобасы шеңберінде қорларды басқарудың функционалдық бағыты құрылды. БК және ҚТЖ ЕҮ-да желілік деңгейде әрбір филиалда 215 сараптамалық комиссия, өңірлік деңгейде 54 комиссия және желілік деңгейде ТЕӨ/ӨҚ өткізу бойынша 10 комиссия құрылды. Қорларды басқару әдістемесі әзірленді және бекітілді.
2. «Деректерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасы шеңберінде деректердің болжамды модельдері мен талдамалық сөрелерін құру жөніндегі шешім тұрақты қолданысқа енгізілді.
3. «Біріктірілген жоспарлау жүйесі (БЖЖ)» жобасы бойынша жеке тасымалдаушыларды ескере отырып, көлемдік көрсеткіштердің болжамы қалыптастырылды. Сондай-ақ, «ҚТТ» АҚ-да орта мерзімді жоспарлауды автоматтандыру әдіснамасы келісіліп бекітілді.
4. «Пойыздар қозғалысын басқару орталығы (қайта жүктеу)» жобасы бойынша 2021 жылдың 11 айында батыс өңірде 5 жылдық кезеңде (2016-2020 жж.) локомотивтердің жеке жүруі орташа мән-дерден 44%-ға төмендеді. Сондай-ақ пойыздың орташа салмағының 4,2%-ға төмендеуінің теріс әсеріне қарамастан, локомотивтің орташа тәуліктік өнімділігі 1,3%-ға өсті. Алматы қ. Оңтүстік-Шығыс өңірінің ТБӨ-ын құру және пайдалануға беру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды.
5. Локомотивтерді «бір тұлғаның» басқаруына ауыстыру жөніндегі жоба шеңберінде 2021 жылғы шілдеден бастап қайта жабдықталған 128 локомотив (екі пульті бар) «бір тұлғаның» басқаруына ауыстырылды, машинист көмекшісінің 512 бірлігі оңтайландырылды. Қалған 75 маневрлік локомотивті қайта жабдықтау және «бір тұлғаның» басқаруына ауыстыру бойынша жұмыстар жалғасуда.
6. «Кедентранссервис» АҚ терминалдары қызметінің тиімділігін арттыру бойынша жоба шеңберінде «Вагондар операторы мөлшерлемелерінің калькуляторы» бағдарламалық өнімі енгізілді және CRM-ге біріктірілген коммуникация және байланыс арналары бойынша клиенттердің өтініштерін қабылдау үшін бірінші сату желісі іске қосылды. ГТҚ-1-де автокөлік ағынын басқару және онымен жұмысты жоспарлау үшін ГТҚ-1-де «Автовизит» модулі тәжірибелік пайдалануға енгізілді.
7. «Локомотивтің тарту күшінің тиімділігін арттыру» жобасы шеңберінде қызмет көрсету иықтарын ұзартудың I және II кезеңдері аяқталды (~37 пойыз учаскелері), бұл нәтижесінде локомотивтердің өндірістік емес бос тұруының ~14 мың сағатын үнемдеуге және табиғи кему есебінен локомотив бригадалары қызметкерлерінің 96 бірлігін оңтайландыруға мүмкіндік берді.
8. «Операциялық тиімділік» жобасы бойынша ҚР ИИДМ келісімі бойынша 2021 жылғы 12 желтоқсаннан бастап бағыттардың нысаналы желісі әзірленіп енгізілді, нәтижесінде 2022 жылы 54 жолаушылар вагонын босатып алуға мүмкіндік береді.
9. «Теміржол жолаушылар тасымалы саласындағы маркетинг және сату» жобасы бойынша 2021 жылдың 11 айында жол жүру билеттерін онлайн сату үлесі 70%-ды құрады (2019 жылы – 34%, 2020 жылы – 55%). 2021 жылғы 10 қазаннан бастап «әйелдер вагондары» жаңа өнімі пилоттық пайдалануға берілді.
10. «Қызметтің негізгі емес түрлерінің аутсорсингі» жобасы шеңберінде жоспарланған қызметтің 26 түрінен қызметтің 15 түрі шығарылды, 2021 жылы қызметтің 2 түрі аутсорсингке шығарылды, қызметтің 4 түрін 2022–2023 жылдары шығару жоспарлануда. «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар.



KAZATOMPROM
NATIONAL ATOMIC COMPANY

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ

2021 жылы трансформациялау жобалары бойынша таза пайда 0,68 млрд теңге жылдық жоспарымен 2,3 млрд теңгені құрады.

2021 жылы мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Ақпараттық қауіпсіздіктің нысаналы процестері КО-ға енгізіледі.
2. «Біріктірілген жоспарлау жүйесі (БЖЖ)» жобасын «Семізбай-У» ЖШС және «Инкай «БК» ЖШС-не енгізуді мониторингтеу аяқталды.
3. «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС-де радиациялық қауіпті факторларды автоматты мониторингтеу жүйесін әзірлеу аяқталды.
4. Технологиялық бұрғылау кезеңі үшін өндірістік деректерді цифрлау үшін өндіруші ЕТУ-ға арналған Apache Superset шешімінің opensource негізінде BI-талдау құралдары әзірленді.
5. Өндіруші кәсіпорында АЖ интеграциялауға қойылатын жоғары деңгейлі талаптармен «РУ-6» ЖШС-де өндірістік процестердің архитектурасын (өндіру және қайта өңдеу) және деректер архитектурасын әзірлеу аяқталды.
6. «Қазатомөнеркәсіп-SaUran» ЖШС аффинаж өндірісін жаңғырту жобасының жобалық-металдық құжаттамасын әзірлеу бойынша жұмыстар аяқталды.
7. Өзге уран өнімін сату есебінен нарық үлесін арттыру және өзге уран өнімін сату есебінен түсім мен таза пайданың өсуін алу мақсатында өзге уран өнімі үшін баға белгілеу әдістемесінің жобасы (UF6, ЖБК, отын таблеткалары, ЖБҚ және басқалар) әзірленді.
8. Әлемдік уран нарығында қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін күшейту мақсатында табиғи уран концентратына баға белгілеу әдістемесі өзектендірілді.
9. «Хорасан-У» БК» ЖШС-де орталықтан тепкіш сорғы агрегаттарының техникалық жай-күйін мониторингілеу және талдау жүйесі (діріл, қысым, температура датчиктері) әзірленді.
10. «Хорасан-У» БК» ЖШС, «Байкен-У» ЖШС, «Семізбай-У» ЖШС кен денелерінің контурын анықтау үшін BI-талдау құралы әзірленіп енгізілді.





«Қазпошта» АҚ

2021 жылы трансформациялау жобалары бойынша таза пайда 3,8 млрд теңге жылдық жоспарымен 1,7 млрд теңгені құрады.

2021 жылы мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. «Жеделдетілген және курьерлік жеткізу қызметтерін дамыту» жобасы шеңберінде курьерлерге арналған GoPost мобильді қосымшасы пайдалануға берілді. Жеткізуге беру, курьерді шақыруға қатысты өтінімдерді өңдеу, мәртебе беру, салынған төлемдерді қабылдау, қайтару, сақтау және қайта жеткізу үшін қолма-қол ақшамен және ақшасыз тәсілмен жасалған төлемдерді қабылдау бөлігінде GoPost мобильді қосымшасымен жұмыс бойынша 144 пайдаланушы оқытылды. GoPost мобильді қосымшасында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу үшін төлем қабылдау функционалын іске қосу мақсатында EMS өңірлік бөлімшелерінің барлық курьерлері үшін Қазпоштаның ақпараттық жүйелеріне (АЖ) қолжетімділік берілді және теңшелді.
2. «ҚР-да фулфилмент-орталықтар қызметін енгізу» жобасы шеңберінде «Silk Road city express» ЖШС, «Нұрсат+» (Chocomart), «Микея», «Кар-Тел» ЖШС-мен фулфилмент (сүйемелдеу) қызметіне шарттар жасалды.
3. «IIN/BIN@POST.KZ қызметін енгізу» жобасы шеңберінде «IIN/BIN@post.kz электрондық абоненттік пошта жәшігіне тіркелетін хат» өнімі және қызметтің тарифтері мен электрондық хатты алғаны туралы хабарлама қосымша қызметі бекітілді. Пошта саласында цифрлық қызметтерді дамыту мәселелері бойынша тиісті ұсыныстар/заңнамалық бастамалар әзірленіп жолданды. 23.12.2021 ж. «Azimut Labs» ЖШС-мен IIN/BIN@post.kz АЖ-ін жобалау/әзірлеу/енгізу/орнату бойынша шарт жасалды.
4. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары А.Ә. Смайыловтың 09.04.2021 ж. хаттамалық тапсырмасы шеңберінде Бонд қоймасын дамыту міндеті, атап айтқанда, үшінші елдерге ХПО транзитін жүзеге асыру үшін «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА аумағында «Қазпошта» АҚ Бонд қоймасын құру мәселесін пысықтау іске асырылуда. «Қазақстан Республикасында В2В2С қызметтерін дамыту» жобасы аясында (БОНД ҚОЙМАСЫ) 2021 жылдың қыркүйегінде «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА аумағында Транзиттік (Бонд) қойма ашылды. Барлық ұйымдастыру іс-шаралары өткізілді, Ресей мен Өзбекстанның пошта әкімшіліктерімен ынтымақтастыққа қол жеткізілді, 320 кг көлемінде пошта транзитін қабылдау пилоты жүргізілді, «Yiwu Yuehuan Trade CO» компаниясымен шарт жасалды.
5. «Жүк тасымалы және кеден өкілі» жобасы шеңберінде Кеден операторы мәртебесі берілді. Кедендік ресімдеу қызметтерінің тарифтері бекітілді. Шекараны автожолмен өту кезінде кедендік сүйемелдеу бойынша заңды тұлғалар үшін жаңа қызмет іске қосылды. Жыл басынан бері 100 т/ж контейнерлері үшін транзиттік декларациялар рәсімделді.
6. «Деректерді талдау (BIGDATA) есебінен операциялық тиімділікті арттыру» жобасы шеңберінде клиенттің портретін құрастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Dashboards клиенттің портреті, бөлімшенің портреті, қызметкердің портреті, карталардың белсенділігі, нақтылау, қызметтер, Қызметтерді пайдалану жиілігі және т. б. әзірленген.





«KEGOC» АҚ

2021 жылы трансформациялау жобалары бойынша таза пайда 0,61 млрд теңге жылдық жоспарымен 2,7 млрд теңгені құрады.

2021 жылы мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. «БЭЖ (АҚАОЖ және ЖҚАР) жұмыс режимдерін басқарудың аварияға қарсы және режимдік автоматикасының орталықтандырылған жүйесін енгізу» жобасы шеңберінде ҚР энергия жүйесінде электр энергиясын генерациялау-тұтыну теңгерімін қолдауды автоматтандырған ЖҚАР қолданысқа енгізілді. Нәтижесінде елдің энергия жүйесінің режимдерін диспетчерлік басқару тиімділігі артты және ҰЭЖ жұмысының сенімділігі артты, қуатты реттеу бойынша қызметтер үшін шығындар қысқартылды, аварияға қарсы автоматиканың артық әсерінен тұтынушылардың ажыратылуы мен генерацияны төмендету кем дегенде 25%-ға қысқарды.
2. «Синхрофазорлық технологиялар (WAMS/WACS) негізінде мониторинг және басқару жүйесін енгізу» жобасы шеңберінде ІҚЖ орындалды, WACS жүйесі 30.07.2021 ж. бастап қолданысқа енгізілді.
3. «Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету» жобасы шеңберінде өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді: өндірістік технологиялық жүйелердің периметрін қорғау жүйесі, технологиялық желіде қалыпсыз жағдайларды анықтау жүйесі, филиалдардың ішкі желілерін сегменттеу үшін желіаралық экрандар жүйесін, желілік ауытқуларды талдау жүйесін енгізу бойынша жұмыстар орындалды. CISCO ISE пайдаланушыларын сәйкестендіру және қолжетімділікті бақылау жүйесі пайдаланушылардың өндірістік жүйелерге қолжетімдігін бақылайды.
4. «Тиімді кадрлық әлеуетті қалыптастыру» іс-шарасы шеңберінде әлеуметтік тұрақтылық деңгейін, өндірістік қатынастарды, сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзімділік деңгейін, қатыстылықты анықтау, ішкі коммуникацияларды дамыту бойынша диагностика жүргізілді. Негізгі лауазымдарға таланттар пулы енгізілді. 2020 жылдың қыркүйегінен 2021 жылдың шілдесіне дейін Функционалды пул мұрагерлерінің тізіміне 186 адам кіреді. Есепті кезеңде функционалдық пулдан тағайындаулар пайызы 80%-ды құрайды.
5. «Жобалық және портфель басқаруды жетілдіру» іс-шарасы шеңберінде стандарттар әзірленіп бекітілді, оңтайландыру жобаларын басқару регламенті өзектендірілді, күрделі жобаларды (ірі және маңызды) басқару бойынша ЖҮТ-ты өзектендіру аяқталды, компанияның ЖҮТ-қа сәйкес жобалық және портфель басқару процестерін іске асыру қамтамасыз етілді.
6. «Қосалқы станциялардың АТҚ жарықтандыруды автоматтандыру» іс-шаралары аяқталды, қозғалыс датчиктерін сатып алуға тендер өткізілді, жабдықтар жеткізілді және монтаждық жұмыстар аяқталды.






«Самұрық-Энерго» АҚ

2021 жылы трансформациялау жобалары бойынша таза пайда 0,5 млрд теңге жылдық жоспарымен 4,3 млрд теңгені құрады.

2021 жылы мынадай негізгі нәтижелерге қол жеткізілді:

1. «Кешенді қауіпсіздікті басқару бойынша жаңа модельді енгізу» жобасы енгізілді, жаңа процестер «АлЭС» АҚ, «АЖК» АҚ, «SGE» АҚ операциялық қызметінде қолданылады. Жобаның 3 толқыны аясында 6 мыңнан астам қызметкер оқытылды. Жоба іске асырылғаннан кейін 3 жыл ішінде жарақаттану көрсеткіштерінің (LTIFR, LDR) 30%-ға төмендеуі күтілуде.
2. «Қауіпсіз өндіріс» жобасы шеңберінде жүйе «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ және «АлЭС» АҚ-да өнеркәсіптік қолданысқа енгізілді. Жүйе жұмыс істеген кезде «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-де 3 514 сәйкессіздік, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да 2 062 сәйкессіздік және «АлЭС» АҚ-да 3 687 сәйкессіздік тіркелді.
3. «Деректерді талдау көмегімен желілердегі коммерциялық шығынды талдау» жобасын іске асыру шеңберінде коммерциялық шығынды талдау жүйесі әзірленді, ЭКЕАЖ-дан деректерді көшіру жүзеге асырылды, деректер негізінде тесттік іс-шаралар орындалуда, олардың қорытындылары бойынша пайдаланушылар оқытылып, жүйе нәтижелі қолданысқа енгізіледі.
4. «Электр энергиясын тұтынушылар үшін онлайн-қызметтерді енгізу» іс-шарасын енгізу қорытындысы бойынша «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС 2021 жылы заңды тұлғаларға арналған жеке кабинет арқылы 17 311 шоттан төлем алды.
5. «Ақпараттық қауіпсіздікті басқару және қамтамасыз ету жүйесін енгізу» жобасы аяқталды, «Самұрық-Энерго» АҚ және оның жобаның ұйымдастырушылық периметріндегі сегіз еншілес ұйымына барлық мәлімделген оқиғалар көздері қосылды, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын анықтауға тәулік бойы мониторинг жүргізіледі.
6. «ЖҚАР енгізу» жобасы аяқталды, ЖҚАР жүйесі «ЕГРЭС-1» ЖШС мен «ШГЭС» АҚ-на өнімді пайдалануға енгізілді. ҚР жүйелік операторымен («КЕГОС» АҚ) жасалған шарт шеңберінде БЭЖ-де жиілік пен қуаттылықты реттеу бойынша қызмет көрсетуге электр станциялары қосымша табыс алады.
7. «Біріктірілген жоспарлау жүйесі (БЖЖ)» жобасы аяқталды, жүйе 2021 жылғы сәуірде «СЕГРЭС-2» АҚ-да өнеркәсіптік қолданысқа енгізілді. БЖЖ-ны «Самұрық-Энерго» АҚ Даму жоспарын құру шеңберінде станциялардың оңтайлы жұмыс режимін таңдау құралы ретінде пайдаланудың арқасында ШОУШ көрсеткіштері және су мен мазут шығындары азайтылды.
8. «Корпоративтік менеджмент жүйесін жетілдіру» іс-шарасы шеңберінде компаниялар тобының Корпоративтік менеджмент жүйесінің саясаты, «ішкі нормативтік құжаттарды басқару» процесінің регламенті және ІНҚ ресімдеу қағидалары әзірленіп бекітілді.
9. «ЖЭК электр энергиясын сатып алу моделін жетілдіру (Өтпелі үстемеақы)» іс-шарасы аяқталды. Іс-шараны іске асыру шеңберінде электр энергетикасы саласындағы заңнамаға Қазақстандағы дәстүрлі станциялардың тариф белгілеуін және ЖЭК қолдау тетіктерін қайта қарау бөлігінде түзетулер енгізуге бастама жасалды. ЖЭК пайдалануды қолдауға өтпелі үстемеақы енгізу есебінен 2021 жылғы 1 шілдеден бастап жалпы экономикалық нәтиже алынды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша трансформациялау бағдарламасы шеңберінде 0,1 млрд теңге жылдық жоспарымен 12,8 млрд теңге көлемінде таза пайда алынды.

Трансформациялау бағдарламасы бойынша 2021 жылғы таза пайда



ЦИФРЛАНДЫРУ

Қазіргі жағдайда ақпараттық технологиялар мен цифрландыру барлық экономикалық және өндірістік процестерді қайта құруға, өнімділікті түбегейлі арттыруға, сапаны арттыруға және өзіндік құнын төмендетуге әкелетін технологиялық өзгерістердің негізгі факторы және жекелеген кәсіпорындар деңгейінде де, елдер деңгейінде де бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етудің шарты болып табылады.

Озық технологияларды енгізу және цифрландыру экономиканың барлық салаларына айтарлықтай әсер етеді және бизнесті оңтайландыру мен өнімділікті арттыруда шешуші рөл атқарады.

Қор жаһандық технологиялық трендтерді қадағалап, цифрлық технологияларды қолданудағы олқылықтарды жояды. Қолданылатын ең жаңа технологияларды енгізу, масштабтау есебінен активтер мен өнімнің қосымша құнын құру, сондай-ақ басқарушылық шешімдерді қабылдау тиімділігін арттыру қамтамасыз етіледі.

Портфельдік компаниялардың табыстылығын қамтамасыз ету және операциялық тиімділігін арттыру үшін Қор тиімсіз корпоративтік және өндірістік процестерді анықтап, оларды жою арқылы бизнес-процестерді жүйелі реинжинирингтеу және цифрландыру арқылы жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізеді.

Қазіргі уақытта Қор алдыңғы қатарлы технологияларды, соның ішінде IoT, Big Data, процестерді роботтандырылған автоматтандыру (RPA), 5G және 6G, цифрлық қосарлыларды қолдана отырып, коммерциялық, өндірістік және корпоративтік бизнес-процестерді одан әрі жақсарту мақсатында іс-шаралар жүргізуде.

Қорды цифрландыру шеңберіндегі бағыттар

1. Қордың сатып алу қызметіндегі цифрландыру

Электрондық сатып алу жүйесін дамыту / сатып алудың цифрлық экожүйесі.

Сатып алу процесін цифрландыруды қамтамасыз ету шеңберінде сатып алу рәсімдерін жеңілдету және ашық ету мақсатында электрондық дүкен арқылы ТМҚ сатып алу үлесін жоспарлы түрде арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Сондай-ақ электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі жұмыс істейді, ол Қор тобына кіретін компаниялар үшін бірыңғай портал болып табылады, онда тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қажеттілікті жоспарлау, бұдан әрі сатып алуды өткізу, шарт жасасу мен оны орындаудан басталып, тауарларды қоймаға жеткізумен аяқталатын толық цикл жүзеге асырылады.

2. Адам ресурстарын басқару (рекрутинг) процестерін цифрландыру

Қорда мынадай мақсаттарда қолданылатын Samruk Qyzmet рекрутинг онлайн-платформасы жұмыс істейді:

- ҚР барлық өңірлеріндегі халықтың қалың жігі үшін компаниялар тобының барлық бос жұмыс орындарының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- компаниялар тобының қызметкерлерін жалдауды цифрландыру және автоматтандыру;
- роботтандыру есебінен ізденушілерді іріктеу кезінде адами факторды алып тастау;
- рекрутингтік процестердің барлық кезеңдерінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- ізденушілермен жұмыс істеу барысында кері байланыс мәдениетін қалыптастыру;
- рекрутерлердің біліктілігін арттыру.

Бүгінгі таңда:

- Платформада 93 000 жұмыс іздеуші тіркелген;
- Бос жұмыс орындарын Қор тобының 183 компаниясы орналастырады;
- 11 000-нан астам бос жұмыс орны жарияланды;
- Өндірістік бағыттағы және ӘБҚ секторының 6 350-ден астам маманы жұмысқа орналастырылды.

Іске асырылған функционалдар:

- Президенттік Жастар кадрлық резерві аясында ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттікпен ынтымақтастық орнатылды;
- ҚР ЕХӘҚМ еңбек шарттарының Бірыңғай базасымен ықпалдасу;
- Онлайн-тестілеуден өту;

- Барлық қатысушылардың конкурстық іріктеудің бүкіл кезеңдерінен өтуінің көрінісі;
- Комплаенс қызметіне тікелей жүгіну мүмкіндігі.

3. Әлеуметтік-еңбек саласын цифрландыру

Қорда колл-орталықтың, өңірлік өкілдердің және әлеуметтік желілер мониторингінің нәтижелері бойынша ақпаратты тіркеуге мүмкіндік беретін «Нысана» АЖ іске қосылды. Келіп түскен хабарлама әлеуметтік қауырттылық дәрежесіне байланысты үш деңгейге бөлінеді және әлеуметтік тұрақтылық картасында өзіне сәйкес өңірі мен компаниясымен бірге көрсетіледі. Бұл ақпараттық жүйе әлеуметтік-еңбек қатынастары мәселелеріне тартылған портфельдік компаниялары мен Қордың басшылығына, бөлімшелері мен қызметтеріне оқыс жағдайлар туралы деректерге, «Samruk Research Service»s» (SRS) әлеуметтік тұрақтылық деңгейін айқындау бойынша жыл сайын жүргізілетін зерттеу нәтижелеріне интерактивті қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар сауалнама қорытындылары «Нысана» АЖ-да, әлеуметтік тұрақтылық картасында Қор компанияларының қандай да бір филиалдары мен ЕТҮ-ның неғұрлым алаңдатарлық әлеуметтік-еңбек аспектілері туралы мәліметтермен бірге көрсетіледі.

Әлеуметтік тұрақтылық деңгейін үнемі айқындау және оны цифрландыру мақсатында осы жылға арналған тоқсан сайынғы зерттеу тәсілі белгіленді және зерттеу интуитивті түсінікті интерфейсін бар web-сервиспен, телефон нөмірі бойынша верификациялаумен, респонденттерді компанияларға автоматты түрде бөлуден және жауаптарды есептеумен жүргізіледі деп ұйғарылды.



САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ

Қор тобының сатып алу жүйесі рәсімдердің ашықтығын, бәсекелестіктің тең жағдайын, адал серіктестікті, жеткізушілердің сенімділігін және барлық тараптардың тиісті нормаларды толық сақтауын кепілдейді.

Қордың сатып алу саласындағы бірыңғай операторы «Самұрық-Қазына Контракт» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып табылады, ол компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес Қор ұйымдарының сатып алу қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді белсенді іске асырады.

Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесін (ЭСАЖ) дамыту

Қор тобының сатып алуларының тиімділігі мен ашықтығын арттыру жөніндегі жұмыс шеңберінде 2018 жылы «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС сатып алуды өткізу үшін жаңа электрондық алаң (ЭСАЖ 2.0) әзірленіп, пайдалануға енгізілді, ол 2013 жылы енгізілген бұрынғы қолданыстағы жүйені алмастырды. Бүгінгі күні ЭСАЖ-де сатып алуды жоспарлау, жеткізушіні таңдау (ашық тендер және басқа да тәсілдер), шарттарды жасасу және орындау, әлеуетті жеткізушілердің алдын ала біліктілігі, сатып алуды санаттық басқару, әлеуетті жеткізушілердің шағымдарын жолдау және қарау, сондай-ақ маркетинг үдерістерін қамтитын бүкіл сатып алу циклі автоматтандырылып, электрондық форматқа ауыстырылды.

Сатып алу қызметін басқару Стандартына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес (2021 жылғы 1 наурыздағы № 07/21, 2021 жылғы 15 наурыздағы № 09/21, 2021 жылғы 24 маусымдағы № 27/21, 2021 жылғы 30 маусымдағы 28/21, 2021 жылғы 22 шілдедегі № 31/21, 2021 жылғы 4 қарашадағы № 50/21), ЭСАЖ-де уақытылы 70 пысықтау жұмыстары жүзеге асырылды.

Бұдан басқа, сатып алу процесін одан әрі автоматтандыру мақсатында пысықталды және әзірленді:

- «Пайдаланушылар сауалнамасы» модулі әзірленді және енгізілді;
- «Электрондық дүкен» қосалқы жүйесі әзірленді және енгізілді;

- ПКО 2.0 жаңа қосалқы жүйесі пысықталды (сауалнамаларды қарау тәртібін өзгерту, верификациялық аудиттен бас тарту және т. б.);
- сатып алудың санаттық стратегиялары шеңберінде ПКО 2.0 сатып алуды өткізу функционалы әзірленді және енгізілді;
- сатып алу жоспарларын, сатып алу қорытындылары мен шарттарын ұсыну бойынша 60 ЕТҰ-мен ықпалдасу жүзеге асырылды;
- сатып алу процесіне қазақ тілі әзірленіп енгізілді (жоспар, тендер, баға ұсыныстары, бәсекелес келіссөздер жүргізу жолымен тендер, бір дереккөз, холдингішілік кооперация шеңберіндегі сатып алу, шарт, есеп және басқалар);
- СКС бұғаттан шығару функционалына ұқсас МШБ және ҚЗЭ кодтары бойынша жоспар тармақтарын бұғаттан шығару функционалы әзірленді;
- «Интеграциялық шина» қосалқы жүйесі әзірленіп енгізілді.

Тапсырыс берушілер 3,4 трлн теңге көлемінде Электрондық сатып алулар жүргізді, бәсекелес сатып алулар бойынша үнемдеу – 49 млрд теңге. Өткізілген сатып алулар саны – 356 мың бірлік, бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен 35 мыңға аз. Электрондық сатып алуларды енгізген сәттен бастап (2013 жылдан бастап) Қор компаниялары 374 млрд теңгені үнемдеді.

**Бәсекелес
сатып алулар
бойынша үнемдеу**

49

МЛРД ТЕҢГЕ

Әлеуетті жеткізушілердің алдын ала біліктілік іріктеуі

Алдын ала біліктілік іріктеу – әлеуетті жеткізушілерді сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің біліктілік талаптарына бағалау процесі.

АБИ сатып алу жүйесін дамытуға, сапаны дамытуға және отандық кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілік деңгейін көтеруге және тұтастай өндіріске ықпал етеді.

2021 жылдың басынан бастап Қор «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС-мен бірлесіп әлеуетті жеткізушілерді біліктілік іріктеуді жүргізудің әлемдік қағидаттарына сәйкес әзірленген біліктілікті алдын ала іріктеудің жаңа моделін (АБИ – 2.0) қолданысқа енгізді.

АБИ – 2.0 жаңа моделі сатып алуды өткізгенге дейін әлеуетті жеткізушілердің деңгейін олардың қаржылық тұрақтылық деңгейі, өндірістік мүмкіндіктері, сондай-ақ жеткізушілердің тәжірибесі тұрғысынан объективті бағалау үшін қызмет етеді. АБИ

рәсімі сатып алудың тиімділігін ғана емес, сонымен қатар ашықтықты арттыруға, сондай-ақ тапсырыс берушілер үшін де, жеткізушілер үшін де сатып алуды өткізу мерзімін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда АБИ тек негізгі өндірістік процестерде пайдалану тұрғысынан Қордың еншілес ұйымдарының бизнес бағыттары үшін жоғары маңызға ие тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша ғана жүргізіледі.


2021 жылдың қорытындысы бойынша Қордың ҚК-мен бірлесіп 23 санат әзірленді, бұл ретте Білікті әлеуетті жеткізушілер тізіміне 71 әлеуетті жеткізуші енгізілді. Сонымен қатар АБИ-2.0 жаңа моделі келесі көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- АБИ аясында бір көзден сатып алу қысқартылды, өтпеген сатып алулардың үлесі 1%-ға дейін төмендеді;
- әлеуетті жеткізушілер арасында АБИ процесіне қанағаттану деңгейі 98,3%-ды құрады.
- АБИ 2.0 процесі аясында отандық кәсіпкерлерден 170 млрд теңгеден астам сомаға тауарлар, жұмыстар мен қызметтер сатып алынды.

Сатып алу категориялық стратегияларын іске асыру

2021 ЖЫЛЫ ҚОРДЫҢ СКС-ЫН ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ПАЙДА

2021 жылы Қор деңгейінде 12 сатып алу категориялық стратегиясы іске асырылды.
Жалпы пайда 5 097 млн теңге жоспармен 3 745 млн теңгені құрады.



Сатып алу категориялық стратегиялары бойынша пайда (млн теңге)

№	Сатып алу категориясының (стратегиясының) атауы	Нақты расталған пайда, теңге, о.і. жылдар бойынша				
		2020		2021		
		СЕО-дан үнем	өзге пайда	СЕО-дан үнем	өзге пайда	%
1	Жеңіл автомобильдер және автобустар	119,56		66,26		100%
2	Электр энергиясы	939,47		1 544,27		100%
3	Медициналық сақтандыру	681,36	347,49	635,81	15,41	29%
4	Кабельдік-өткізгіш өнім	316,73		389,84		95%
5	Арнайы аяқ киім	588,53		197,73		88%
6	Байланыс қызметі	1 338,45		158,77		56%
7	IT жабдығы және байланысқа арналған жабдық	393,18		143,35		100%
8	IT бағдарламалық жасақтамасы	303,71		149,75	41,06	39%
9	Майлар мен майлағыштар	454,31	1,49	-157,33	6,62	91%
10	Арнайы киім және ЖҚҚ	41,01		414,52	19,24	152%
11	Жүк автомобильдері және арнайы техника	386,93		120,06		69%
12	Отын			0,13		100%
Барлығы		5 943,8	707,8	3 663,18	82,34	73%



Жергілікті қамту

Жергілікті қамтуды дамыту – Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің ерекше назарында.

Жергілікті қамтудың оң серпінін сақтау мақсатында жергілікті қамтуды және импортты алмастыруды дамыту шеңберінде ЕТҰ-ның сатып алу қызметін үйлестіру жөніндегі жұмыс жалғастырылды.

2021 жылы Қор тобының сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесі 77%-ды құрады, бұл көрсеткіш 2020 жылғы деңгейде қалып отыр.

2021 жылдың қорытындысы бойынша 4 трлн 632 млрд теңге сомаға нақты тауарлар жеткізіліп, жұмыстар орындалды және қызметтер көрсетілді. Оның ішінде тауарлар – 2 трлн 030 млрд теңге (ЖҚ – 66%), жұмыстар – 864 млрд теңге (ЖҚ – 77%), қызметтер – 1 трлн 739 млрд теңге (ЖҚ – 90%), жұмыстар/қызметтер – 2 трлн 603 млрд теңге (ЖҚ – 86%). Қор тобының сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесі 77%-ды құрайды.

Ұйымның атауы	млрд тг									
	Барлығы	ЖҚ үлесі, %	Тауарлар		Жұмыстар		Қызметтер		Жұмыстар/Қызметтер	
			Сوما	ЖҚ үлесі, %	Сوما	ЖҚ үлесі, %	Сوما	ЖҚ үлесі, %	Сوما	ЖҚ үлесі, %
«ҚазМұнайГаз» АҚ	1 216	78%	273	57%	514	84%	429	86%	943	85%
«ҚазТрансГаз» АҚ	541	90%	201	97%	75	54%	266	95%	341	86%
«Қазақстан темір жолы» АҚ	1 836	79%	872	65%	129	64%	834	96%	964	92%
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	195	80%	107	74%	44	92%	44	80%	88	86%
«Самұрық-Энерго» АҚ	297	89%	174	87%	46	80%	76	98%	123	91%
«Қазақтелеком» АҚ	63	55%	33	27%	12	89%	18	86%	30	87%
«Эйр Астана» АҚ	72	45%	23	86%	9	0%	40	33%	49	27%
«KEGOC» АҚ	77	52%	40	49%	25	55%	12	57%	37	56%
«Тау-Кен Самұрық» АҚ	301	46%	297	46%	2	83%	2	76%	4	80%
«Қазпошта» АҚ	12	26%	5	22%	1	47%	6	25%	7	29%
Басқа	22	36%	5	27%	5	51%	11	33%	17	39%
Қор бойынша барлығы	4 632	77%	2 030	66%	864	77%	1 739	90%	2 603	86%

Тұрақты негізде сатып алулардағы жергілікті қамтуды дамытуды қолдау бойынша Қор компанияларын үйлестіру жүргізілуде.

Осылайша, Қор тобы бойынша отандық өнімді сатып алуға баса назар аудара отырып, ұзақ мерзімді сатып алу жоспарлары әзірленді (2021 жылдың желтоқсан айына қарай Қор тобы бойынша 175 ұзақ мерзімді сатып алу жоспары жұмыс істейді).

Жүргізіліп жатқан сатып алу науқанының нәтижесінде (2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша) Қор тобы бойынша отандық жеткізушілермен 13 трлн теңге көлемінде тауар, жұмыс және қызметтерді жеткізу бойынша 4 391 ұзақ мерзімді шарт әрекет етеді. Оның ішінде ОТӨ-мен – 3,3 трлн теңге сомасына 1 069 ұзақ мерзімді шарт бар.

2021 жылдың қорытындысы бойынша

4,6

ТРЛН ТЕҢГЕ

сомаға нақты тауарлар жеткізіліп, жұмыстар орындалды және қызметтер көрсетілді

Қарапайым заттар экономикасы

2021 жылдың қорытындысы бойынша «қарапайым заттар экономикасы» тауарлары бойынша отандық өндірушілерден сатып алу үлесі 90%-ды құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 7%-ға жоғары, оның ішінде:

- жеңіл өнеркәсіп – 97% (2020 жылғы деңгейде);
- тамақ өнеркәсібі – 91% (3%-ға ұлғаяу);
- құрылыс материалдары – 91% (6%-ға өскен);
- химия өнеркәсібі – 89% (4%-ға өскен);
- машина жасау – 82% (3%-ға өсті).

Сатып алу әдіснамасын дамыту

2020 жылы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алуларының жариялылығы мен ашықтығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті 2021 жылы тиісті заң әзірлеп, бекітуге тапсырма берді.

Қор заң жобасын әзірлеуге белсенді қатысты.

Нәтижесінде 2021 жылғы 8 маусымда ҚР Президенті «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Заң) қол қойды, онда төмендегілер көзделеді:

- Қордың сатып алуының жедел және икемді моделін сақтау;
- Қордың сатып алу веб-порталын сақтау;
- Қор компанияларының кәсіпкерлік қызметіне шамадан тыс араласуға жол бермей, мемлекет тарапынан сатып алуға бақылауды күшейту;
- кәсіпкерлердің сатып алуға қолжетімділігін қиындататын ережелерді сатып алу нормаларына енгізу тәуекелдерін нивелирлеу;
- Қазақстан Республикасының Халықаралық ұйымдарға мүшелік ету қағидаттарын бұзбай, Отандық тауар өндірушілерді (бұдан әрі – ОТӨ) қолдау жөніндегі қордың ағымдағы тетіктерін сақтау және жұмысын жалғастыру.

Заң талаптарын орындау үшін Қор және ҰКП компанияларымен келісімдеуді қамтамасыз ете отырып, сатып алудың жаңа тәртібін әзірлеу бойынша көлемді жұмыс атқарылды.

Сатып алу тәртібі сатып алу қызметін реттеудің негізгі қағидаттары мен ережелерін көздеді және Қор тобының сатып алуларының ашықтық деңгейін арттыруға бағытталған.

Сатып алу тәртібі жобасын пысықтау барысында Қор компанияларының өзгешелігі, сондай-ақ олардың өндірістік ерекшеліктері назарға алынды.

Нәтижесінде сатып алу тәртібі ҚР ҚМ 2021 жылғы 21 қазанда № 25.1-07-05.6/5908 хатпен келісіліп, Қордың Директорлар кеңесімен 2021 жылғы 9 желтоқсанда № 189 құжатымен бекітілген.

2021 жылы Қордың сатып алу қызметін басқару стандартына (сатып алу тәртібін нақтылайды, бұдан әрі – Стандарт) басқарма бекіткен және Қор компанияларының сатып алу процесін жетілдіруге және отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған бірқатар өзгерістер енгізілді.

Негізгі өзгерістер:

- 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі мерзімде 5 жұмыс күнінен кешіктірмей отандық тауар өндірушілерге ақы төлеуді жүзеге асыру жөніндегі норманың қолданылу мерзімін ұзарту;
- Қордың тауар өндірушілер тізілімін қалыптастыру рәсімін оңтайландыру және сатып алынатын тауарларға біртекті тауар өндірушілердің сатып алуларына қатысу мүмкіндігін ұсыну;
- Қордың тауар өндірушілер тізілімін қалыптастыру және жүргізу процесін жеңілдету. Әлеуетті өнім берушілердің бірқатар құрылтай құжаттарын ұсыну қажеттілігі жойылды;
- құрылыс-монтаждау жұмыстары мен тауарларға демпинг шегін оңтайландыру (тиісінше 8 және 15 пайыз).

Сондай-ақ егер тауарды өндіру үшін қажетті шикізаттың және (немесе) жиынтықтаушылардың жалпы құны 20%-дан астам ұлғайса және (немесе) сатып алынатын тауардың баға белгіленуіне әсер ететін тарифтер жоғарыласа, сатып алу туралы жасалған шартқа өзара келісім бойынша өзгерістер енгізу мүмкіндігі көзделген.

Мемлекет басшысының «Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы» кеңесте берген 2021 жылғы 22 қыркүйектегі № 04-494//21-01-7.17 тапсырмаларын орындау мақсатында, Стандартта бекітілген:

- ҚМГ басқармасы белгілеген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша сатып алуды «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ еншілес кәсіпорындары жүзеге асырған кезде, жеткізуші жұмыскерлері жалақысының ең төменгі шегін белгілеу бойынша талаптар;

- өз қызметкерлеріне жоғары жалақы төлейтін әлеуетті жеткізушілерге тендерлерде шартты жеңілдіктер беру (бағаның ең төменгі шектен 10%-дан артқаны үшін 3%-ға, 15%-дан артқаны үшін 4%-ға, 20%-дан артқаны үшін 5%-ға шартты төмендеуі).

Мемлекет басшысының биылғы 11 қаңтарда берген тапсырмасын орындау мақсатында Қор сатып алуды жүзеге асырудың жаңа тәртібінің жобасын әзірледі.

Жаңа редакциядағы сатып алу тәртібі Қордың Директорлар кеңесінің а.ж. 3 наурыздағы шешімімен бекітілді және а.ж. 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді.

Тәртіппен көзделген сатып алу рәсімдеріндегі негізгі өзгерістерді шартты түрде мынадай үш блокқа бөлуге болады:

1-блок. Сатып алудың ашықтығын арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған өзгерістер:

- 1) сатып алуды жүзеге асыру рәсімдерін регламенттейтін барлық құжаттар біріздендірілді. Қолда-

ныстағы 9 түрлі деңгейдегі құжаттардың орнына жаңа Тәртіптің 1 жобасын бекіту ұсынылады, онда өзге құжаттарға сілтеме нормаларынсыз барлық сатып алу рәсімдерінің сипаттамасы қамтылады және ол ҚР ҚМ-мен келісім бойынша Қордың Директорлар кеңесі бекітетін тікелей құжат болып табылады;

- 2) бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу үшін негіздемелер 41%-ға қысқартылды (2020 жылмен салыстырғанда 34-тен 20-ға дейін); Анықтама: сатып алу көлемінің шамамен 400 млрд теңгесі бәсекелес ортаға беріледі.
- 3) ҰКП-мен санаттық сатып алу стратегияларын әзірлеу үшін сатып алу санаттарының тізбесін, сондай-ақ біліктілік критерийлерін қоса алғанда, алдын ала біліктілік іріктеуді қолдана отырып сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін міндетті түрде келісу көзделген;
- 4) санаттар тізбесін және санаттық сатып алу стратегияларын қоса алғанда, ашық қолжетімділіктегі санаттық басқару туралы барлық ақпаратты міндетті түрде веб-порталда орналастыру көзделген;
- 5) Сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдер бар негіздер бойынша (біріздендіру шеңберінде, шарттық міндеттемелерді орындау шеңберінде

Бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу үшін негіздемелер 41%-ға қысқартылды (2020 жылмен салыстырғанда 34-тен 20-ға дейін)



сатып алу, ғимараттарды, құрылыстарды, жер учаскелерін жалға алу) бір көзден сатып алуға тапсырыс берушілердің комплаенс-қызметтерімен міндетті келісу, сондай-ақ санаттық сатып алу стратегияларын келісу көзделген;

б) жоспарлы бағалардың Қор тобы бойынша орташа бағаларға және сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алуларға сәйкестігін мониторингтеу бойынша талап белгіленді. Жобаның өзі а. ж. 2-тоқсанында іске қосылады деп жоспарлануда.

2-блок. Бизнесі, әсіресе жергілікті өндірушілермен шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОБ) субъектілерін қолдауға бағытталған шаралар:

- 1) отандық тауар өндірушілерді қамтамасыз етудің барлық түрлерінен, оның ішінде алғытөлемді қайтарудан босату. Шарт сомасының кемінде 30%-ы мөлшерінде міндетті түрде алғытөлем төлеу;
- 2) отандық тауар өндірушілер мен ШОБ үшін (электрондық дүкенде) 5 жұмыс күні ішінде есеп айырысу;
- 3) ШОБ өкілдері үшін преференциялар (жеңілдіктер) беру:
 - ШОБ субъектілеріне тендерлерге қатысу кезінде 1% мөлшерінде шартты жеңілдік;
 - әлеуетті жеткізушілердің ең төмен бағалары тең болған кезде ШОБ субъектілеріне басымдық беру;

Санаттық сатып алу стратегияларының саны 78-ден 21-ге дейін қысқарды

- 4) отандық өндірушілерден сатып алынатын барлық тауарларды жеткізу мерзімі – кемінде 60 күн, күрделі тауарлар үшін – кемінде 120 күн.

Бұл ретте отандық тауар өндірушілерді қолдаудың қолданыстағы барлық шаралары сақталады.

3-блок. Бизнеске қолжетімділікті кеңейту және кедергілерді жою:

- 1) санаттық сатып алу стратегияларының саны 78-ден 21-ге дейін қысқарды;
- 2) 2022 жылдың соңына дейін мемлекеттік сатып алуға ұқсас тәсілдерді ескере отырып, электрондық дүкеннің мүлдем жаңа тұжырымдамасы әзірленеді;
- 3) міндетті лицензиялауға жататын жұмыстарды сатып алу кезінде әлеуетті жеткізушіде техника мен жабдықтардың болуына қатысты талаптарды алып тастау.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ



ESG-трансформациялау	82
Қоршаған ортаға әсері	84
Әлеуметтік басқару	88

Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі	96
Демеушілік және қайырымдылық	97



ESG-ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫ – ESG



Қоршаған ортаға әсер және экожүйелер
Климаттың өзгеруі және төмен көміртекті экономика
Ресурстарды тиімді пайдалану



Жұмыс орнындағы амандық пен қауіпсіздік
Адам капиталы, алуантүрлілік және инклюзивтілік
Қайырымдылық және демеушілік көмек



Корпоративтік басқару
Ашықтық, этика және комплаенс
Бизнес-процестерге ESG интеграция

Қордың негізгі міндеттерінің бірі экономикалық, әлеуметтік және басқару қағидаттарын (ESG қағидаттары) енгізу арқылы орнықты дамуға септесу болып табылады.

Қор 2021 жылы Қор мен оның портфельдік компаниялары (ПК) үшін ESG саласындағы қызметтің бірыңғай қағидаттарын белгілейтін және инвесторлар үшін Қордың ESG қағидаттарына бейімділігін декларациялайтын ESG саясатын әзірлеуге кірісті. Климаттың жаһандық өзгеруіне байланысты туындайтын компаниялардың қаржылық тәуекелдері туралы ақпаратты ерікті түрде ашып көрсетуге қатысты ҚК үшін ұсыныстар әзірленуде.


Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік тәжірибесін нығайтуға және дамытуға ықпал ететін TCFD (Task Force on Climate-related Financial Disclosure) ұсыныстары негізге алынды.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру мақсатында 2022–2023 жылдары барлық ПК-ның ESG-рейтингтерді алуы жоспарлануда.

2020 жылы ҚазМұнайГаз Қазақстанда және Қорда бірінші болып Sustainalytics-тен ESG-рейтингін алды. 2021 жылы Sustainalytics халықаралық агенттігі ҚМГ-ның Орнықты даму саласындағы тәуекел-рейтингінің көрсеткішін 34,5-тен 28,4 балға (орташадан жоғары) жақсартты.

ESG қағидаттарын енгізу Қор үшін өте маңызды, өйткені ол активтердің ұзақ мерзімді құнын өсіруге, инвестициялық тартымдылықты арттыруға ықпал етеді.

Қор ESG терең трансформациясын жоспарлап отыр, онда Қор тобының қызметкерлері негізгі рөл атқарады. «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының әрбір қызметкерінің ойлау парадигмасын өзгерту және өз салымының маңыздылығын түсіну ғана орнықты даму қағидаттарын табысты енгізуге алып келуі мүмкін. Басқарудың барлық деңгейлерінде жеке экомәдениетті енгізу және дамыту қажет. Компанияның әр қызметкері халықаралық нарықтың жауапты ойыншысы ретінде компанияның бедел-бейнесін қалыптастыруға өз үлесін қосуы керек.



Екіншіден, озық технологиялық және цифрлық шешімдердің енгізілуін қамтамасыз еткен жөн. Бұл тәуекелдерді барынша азайтуға және сапалы шешімдердің уақтылы қабылдануын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, ESG-қағидаттарды енгізе отырып, корпоративтік басқару практикасын жалғастыру қажет. Портфельдік компаниялардың менеджменті мен Директорлар кеңесінің мүшелері орнықты даму тәсілдерімен бөлісіп қана қоймай, оларды уақтылы жаңа деңгейге бағыттап отыруы тиіс.

Төртіншіден, іскерлік ортаны трансформациялауға ерекше назар аудару керек. Бизнес-қоғамдастықтың «жасыл» және жауапты өкілдерімен ынтымақтастықты одан әрі жолға қою қажет. Контрагенттер мен серіктестердің орнықты және инклюзивті даму мәселелеріне бейілділік қағидаты бойынша инвестициялық және сатып алу қызметіне көзқарастарды қайта қарау қажеттігі туындап отыр.

Жұмыс берушінің бренді де маңызды рөл атқарады. Компанияның жасыл экономиканы дамытуды қолдайтын ұйым ретінде өзін танытуы оның орнықты даму саласындағы қызметтің негізгі бағыттары мен міндеттерін көрсете отырып, өзінің ESG саясатын әзірлеуін, сондай-ақ Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілікте мәлімделген міндеттемелерді орындауын талап етеді.

Жалпы, толыққанды ESG-трансформациялау үшін Қор деңгейінде де, портфельдік компаниялар деңгейінде де бизнесті жүргізу моделін түбегейлі қайта қарау керек.

Ұзақ мерзімді перспективада тұрақты даму қағидаттарымен ESG-ді енгізу экологияға, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылыққа байланысты тәуекелдерді азайтудың және басқарудың тиімді құралына, сондай-ақ жаңа мүмкіндіктер мен бәсекелес басымдықтардың көзіне айналады.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

«Самұрық-Қазына» АҚ экономиканың ірі драйвері ретінде орнықты дамуға көшуді өз жұмысындағы негізгі басымдықтардың бірі ретінде қарастырады. Стратегиялық міндет – Қордың тұрақтылығын арттыруға және бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған, жалпы Қор үшін де, экономика үшін де беделдік және қаржылық тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз ететін төмен көміртекті дамуға көшу.

Жүйелі және теңгерімделген тәсіл қолданылған кезде, энергияға көшу портфельді әртараптандыруды және жаңа индустрияларды дамытуды жеделдетуге, жаңа жұмыс орындарын құруға, кадрлардың біліктілігін арттыруға, қаржы мен инвестицияларға қол

жеткізуге, сондай-ақ озық технологиялар мен білім трансфертін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қордың 2022 жылдан 2032 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық мақсаты 2021 жылғы тікелей және жанама эмиссиялардың жалпы көлемімен салыстырғанда көміртегі ізін 10%-ға төмендету және Мемлекет басшысы жариялағандай, 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу болып табылады.

Қойылған мақсаттарды іске асыру аясында Қор Төмен көміртекті дамуға көшу жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеуге кірісті, ол Қордың көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жөніндегі пайымы мен мақсаттарын айқындайды.



Ағымдағы жағдай

«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына мұнай-газ және көлік-логистика секторларының, химия және атом өнеркәсібінің, тау-кен металлургия кешенінің, энергетика және жылжымайтын мүлік салаларының кәсіпорындары кіреді. Қордың портфельдік компаниялары экономиканың негізгі секторларының карбон ізі үшін айқындаушы болып табылады. Қор мен портфельдік компанияларының жалпы ел CO₂ шығарындыларына қосқан үлесі шамамен 12,9%-ды құрайды.

2021 жылға Қордың ПК-ның экономика секторлары бойынша бөліп көрсетілген жалпы ел шығарындыларындағы үлесі

Сектор	Елдер бойынша шығарындылар үлесі, %
Энергетика, с.і.	12,3
Электр энергиясын және жылу өндіру	9,1
Пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу	1,6
Көлік тасымалы (әуе, т/ж, су жолы)	0,8
Құбыр тасымалы	0,7
Өндірістік процестер	0,5
Барлығы	12,9

Көміртек ізі (тікелей және жанама CO₂ шығарындылары) 2021 жылға CO₂ жалпы көлемі 57,8 млн тонна деп бағаланды (тікелей – 47 млн тонна CO₂, жанама – 10,7 миллион тонна).

Қордың компаниялар тобындағы парниктік газдардың тікелей шығарындылары

Қазақстанда активтері бар Қор компаниялары бойынша CO₂ тікелей шығарындыларының нақты көлемі 2021 жылы 47 млн тонна CO₂ құрады.

2021 жылғы Қор тобы бойынша CO₂ тікелей шығарындылары

ҚК	CO ₂ шығарындылары, мың тонна	Үлес, %
«Самұрық-Энерго» АҚ	33 032	70,29%
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	7 904	16,82%
«QazaqGaz» ҰК» АҚ	2 514	5,35%
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	1 919	4,08%
«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС	848	1,81%
«Эйр Астана» АҚ	611	1,30%
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	94	0,20%
«Қазпошта» АҚ	31	0,07%
«Қазақтелеком» АҚ	28	0,06%
«KEGOC» АҚ	11	0,02%
«Тау-Кен Самұрық» ҰТКК» АҚ	1	0,00%
Барлығы	46 992	100%

Қор тобы бойынша CO₂-нің негізгі эмиттерлері «Самұрық-Энерго» АҚ (70%) және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (17%) болып табылады, олардың қызметі отынның қазбалы түрлеріне шоғырланған.

Қалған ҚК үшін ластану көзі (6%) өзінің өндірістік және операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін «қоңыр» энергия көздерін пайдалану болып табылады. Ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көздері бірінші санаттағы отын станциялары болып табылады. Жылу электр станцияларына тән маркерлік ластанушы заттар азот оксидтері, күкірт оксидтері, көміртек оксиді, шаң (күл) болып табылады.

Қор мен портфельдік компанияларының жалпы ел 47 млн тонна CO₂ шығарындыларына қосқан үлесі шамамен

12,9%-ды

құрайды

2019-2021 жж. аралығында Самұрық-Энерго өндіріс үлесінің ұлғаюына байланысты CO₂ шығарындылары деңгейінің өсуі байқалады.

Тікелей шығарындылардың құрылымында (1-қамту) басым түсетін өндірістік процестер:

- электр және жылу энергиясын (қазандықтар, пештер, газ қозғалтқыш компрессорлары, электр генераторлары) өндіру үшін қазба отындарын (көмір, газ, мазут) стационарлық жағдайда жағу
- отынды технологиялық жабдықта жағу (пештер, жылытқыштар, газ қозғалтқыш компрессорлары, газ дайындау қондырғылары, бұрғылау қондырғылары, тау-кен машиналары және т.б.)
- көлік шығарындылары (ұшақ қозғалтқыштары, іштен жанатын қозғалтқыштар, тепловозды тарту құрылғылары және т.б.)
- ұшпалы шығарындылар (жабдықтан ағу, булану, желдету және т.б.) және алаулы газ жағу
- көмірді өндіру кезінде көмірді және ілеспе қабаттарды ұнтақтау барысында бөлінетін шығарындылар, эндогендік өрт кезінде сыртқы жыныс үйінділеріне ішкі жүктемені қаттау кезінде көміртегінің төмен температуралық тотығу реакциясынан бөлінетін шығарындылар.

Қор тобы бойынша 2021 жылға ДК бойынша жанама CO₂ шығарындылары

ҚК	CO ₂ шығарындылары, мың тонна	Үлес, %
«Самұрық-Энерго» АҚ	24	0,2%
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	3 329	31,1%
«QazaqGaz» ҰК» АҚ	79	0,7%
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	3 230	30,1%
«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС	22	0,2%
«Эйр Астана» АҚ	3	0,0%
«Қазатөменеркәсіп» ҰАК» АҚ	694	6,5%
«Қазпошта» АҚ	32	0,3%
«Қазақтелеком» АҚ	224	2,1%
«KEGOC» АҚ	3 101	28,9%
«Тау-Кен Самұрық» ҰТКК» АҚ	27	0,3%
Барлығы	10 715	100%

Төмен көміртекті дамуға көшудің негізгі бағыттары

Қор климаттың өзгеруіне қатысты әлемдік қауымдастықтың алаңдаушылығына қосылады және парниктік газдардың шығарындыларын азайту, энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздеріне көшу және көміртекті отыннан бас тарту бойынша жаһандық іс-қимылды қолдайды.

Энергияны тұтынуды азайту, өндірісті, желілік инфрақұрылымды және реттеуді тиімді басқару, «таза» көмір технологияларына көшу, ЖЭК пен АЭС салу арқылы көмірқышқыл газының шығарындыларын біртіндеп азайту. Қалған ПГ шығарындыларын кеміту үшін көміртекті ұстау және сақтау технологиялары қолданылады.

1-сурет. Төмен көміртекті дамуға ауысудың негізгі бағыттары





Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі

Қордың портфельдік компаниялары көбіне энергияны көп қажет ететін технологияларды қолданатын өндірістік алпауыттар бола тұра, энергияны үнемдеуге және энергия тиімділігін арттыруға көп көңіл бөледі.

Энергия ресурстарын тұтынуды оңтайландыру мақсатында барлық өндірістік ҚК-да ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйелері» халықаралық стандартын басқару процестері енгізілген.

«Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасы шеңберінде 2021 жылдың сәуірінде ұлттық маңызы бар электр станциялары – Екібастұз ГРЭС-да біріктірілген жоспарлау жүйесі (БЖЖ) бойынша жоба сәтті аяқталды. БЖЖ жобасының нәтижелері бойынша шартты отынның үлестік шығысы ГРЭС-1-де 13,51 г/кВт*сағ-қа және ЕГРЭС-2-де 8,30 г/кВт*сағ-қа қысқартылды.

ЖЭК бөлігінде 2013-2021 жылдары Қор «Алатау» АТП АЭА-да 2 МВт Samruk-Green Energy КЭС, 1 МВт СЭС, Қапшағай қаласында 416 кВт СЭС, Шелек дәлізінде 45 МВт ПВЭС және 5 МВт ЖЭС пайдалануға берді. 2020 жылы жабдықтарды толық жаңартып, белгіленген

қуатты 100 МВт-тан 126 МВт-қа дейін ұлғайту арқылы Шардара ГЭС-ін жаңғырту аяқталды.

Қордың ҚК-да энерготімді жабдықты пайдалану және ресурс үнемдеу технологияларын жетілдіру, сондай-ақ энергияны өндіру, беру және тарату жүйелерінде энергия тиімділігін енгізу жоспарлануда.

Қордың барлық ҚК-да энергия үнемдейтін жарықтандыруды орнату, сондай-ақ электр энергиясын тұтыну тиімділігін арттыру бойынша шаралар жүргізілуде немесе жоспарлануда.

Осылайша, ҚазМұнайГаз өндіру сегментінде пештер мен жол жылытқыштарын оңтайландыруды, МӨЗ тиімділігін арттыруды, сондай-ақ ПМХЗ және ПКОП-та мазутты жағудан бас тартуды жоспарлап отыр. КЕГОС өз кезегінде электр жылыту термостаттарын орнатуды жоспарлап отыр.

Қазақстанда жылына 500 ш.о.т-тан астам энергия тұтынатын кәсіпорындар 5 жылда бір рет мемлекеттік Энергия аудитінен өтеді, оның қорытындысы бойынша энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді.


ӘЛЕУМЕТТІК БАСҚАРУ

ҚОРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мемлекет басшысының қорды жедел реформалау жөніндегі тапсырмасына сәйкес 2022 жылғы 24 қаңтарда Қор процестері мен стратегиялық қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында функционалды қайта бөлуді көздейтін Қордың ұйымдық құрылымының жаңа моделі әзірленді. Жаңа Ұйымдық құрылым әкімшілік-басқару персоналын

ұстауға арналған шығындарды оңтайландыру, бизнес-процестердің барынша тиімділігін, оның ішінде Қордың портфельдік компанияларын сатып алу қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және әкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі талаптарға жауап береді.





Қордың кадрлық саясаты

Қордың кадрлық саясаты Қордың тиімді және орнықты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті жоғары кәсіби қызметкерлер командасын қалыптастыруға бағытталған. Қор қызметкерлердің зияткерлік, кәсіби және шығармашылық әлеуетін ашу үшін жағдайлар жасайды.

Қор қызметкерлерді ынталандыру мен ұстап қалудың тиімді жүйесін құруды, оларды оқыту мен білік-

тілігін арттыруды, тәлімгерлік институтын іске асыруды, жас кадрларды тартуды және олардың кәсіби өсуіне көмектесуді қамтитын Адам ресурстарымен жұмыс жөніндегі ауқымды іс-шаралар кешенін іске асыруда.

Қор тобы Қазақстан Республикасындағы ең ірі жұмыс берушілердің бірі болып қала береді. 2021 жылы Қор тобындағы қызметкерлердің орташа тізімдік саны 247,1 мың адамды құрады.

Қор тобы және Қор бойынша қызметкерлердің саны мен тұрақтамаушылығы*1

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Қордағы қызметкерлердің саны/тұрақтамаушылығы, %	185	156	165
	15	10	25
Қор тобындағы қызметкерлердің саны/тұрақтамаушылығы, %	307 637	265 820	258 155
	9,2	9,0	11,3
Қор тобындағы өндірістік персоналдың тартылуы, %	56	82**	78**
Қор тобындағы әкімшілік-басқарушы персоналдың тартылуы, %	61	84**	83**

**жаңартылған әдіснама бойынша

Қордың корпоративтік іс-шаралары мен құндылықтары

Қордың барлық деңгейдегі табыстылығының негізін қалаушы фактор – кәсіби және мақсатқа ұмтылған қызметкерлерді біріктіретін корпоративтік мәдениет.

Нақ осындай мәдениет бізге өсу стратегиясын іске асыруға және өз қызметімізді табысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік бағыттарды белсенді қолдау мен дамытудың жыл сайынғы бастамасын жалғастыра отырып, 2021 жылы Қор тобы бойынша қайырымдылықты дамытуға, жалпыға ортақ еңбек туралы идеяны ілгерілетуге және өндірістік кәсіптерді танымал етуге бағытталған іс-шаралар өткізілді. Мәселен келесі негізгі жобалар іске асырылды: «Үздік маман», 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнін мерекелеу шеңберінде өндірістік персонал қатарындағы әйел қызметкерлер арасында «Көктем шуағы» конкурсы өткізілді. ҚР бойынша ардагерлер тұратын барлық өңірлерде «Жеңіс» әлеуметтік-қайырымдылық жобасы шеңберінде ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне қолдау көрсетіледі. Квест және ойын форматтыңда ағаш отырғызылып, сенбіліктер ұйымдастырылады.

Адам капиталын дамыту шеңберінде Қордың 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясатына сәйкес Қор тиісті қызметкерлердің инвестициялық құзыреттерін дамыту, корпоративтік мәдениетті одан әрі дамыту және персоналдың тартылуын арттыру, жұмыс берушінің брендін жақсарту, «Жас Өркен» болашақ көшбасшыларды дамыту бағдарламаларын іске асыру және т.б. жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды жалғастыруда.

Қызметкерлерді іздеу және іріктеу

2021 жылы қорда 82 бос жұмыс орны жарияланды және жабылды. Бұл ретте 1 бос орынға ниет білдіргендердің орташа саны 56 адамды құрады, ал 1 кандидатты іздеу және іріктеудің орташа ұзақтығы – 32 жұмыс күні.

2021 жылдың нәтижелері бойынша Қордың Samruk Qyzmet қызметкерлерді іздеу және іріктеу жөніндегі компаниялар тобының бірыңғай платформасы мынадай нәтижелерге қол жеткізді: 5 669 бос жұмыс орны жарияланды, 1 810 ізденуші платформа арқылы жұмысқа орналастырылды, сондай-ақ сайтта 51 383 жаңа ізденуші тіркелді.

¹ Кестеде орташа тізімдік саны көрсетілген.



Қызметкерлерді кәсіби дамыту

2021 жылы Қордың жаңартылған даму стратегиясын іске асыруды қолдау мақсатында «Көміртек ізі» конференция-семинары өткізілді, оған Қор мен ҚК-ның 250 қызметкері қатысты. Сондай-ақ ҚК-дың және ҚК ЕТҮ-ның ақпараттық қауіпсіздік бөлімшелерінің 110 қызметкері үшін «Cyberday» форумы өткізілді, онда киберқауіпсіздік саласындағы жетекші сарапшылар сөз сөйледі, тәсілдер мен заманауи шешімдер ұсынылды.

Қор қызметкерлері үшін АХҚО негізінде «English Common Law» және «IPO-да сертификаттау» корпоративтік бағдарламалары ұйымдастырылды. Оқыту бағдарламаларын осы саладағы тәжірибелі сарапшылар әзірлеп өткізді. Тыңдаушылар нақты уақыт режимінде сұрақтар қоюға және алған білімдерін нақты кейстерді талдау барысында қолдануға мүмкіндік алды.

Қордың индустриалды-инновациялық дамуы аясында «Өсу және даму: ҒЗТҚЖ, инновациялар, цифрландыру және тұрақты даму» тақырыбында оқыту ұйымдастырылды. Бағдарлама халықаралық тәжірибені ескере отырып және Қордың өсуін опе-

рациялық тиімділікті арттыру, ҒЗТҚЖ жобаларын әзірлеу және енгізу, орнықты даму, цифрландыру және инновациялық жобалар көмегімен ұзақ мерзімді орнықтылықты арттырудың және активтер құнын ұлғайтудың үздіксіз процесі ретінде түсінуге негізделе отырып әзірленді.

Қор басшылары үшін бірқатар дамыту іс-шаралары іске асырылды: «Басшының қамқорлығы» марафоны, қызметкерлердің қызметін бағалау, команданың тартылуын басқару, адамдарды басқару дағдыларын дамыту, кері байланыс ұсыну және т. б. бойынша корпоративтік оқытулар.

«Дублер күні» өткізілді – онда қызметкерлерге жаңа/қалаған рөлде өзін сынап көруге, оны болашақта іске асыру үшін қажетті дағдылары мен мінез-құлқы туралы білуге мүмкіндік берілді.

Бұдан басқа, персоналдың кәсіби, басқарушылық және жеке тұлғалық-іскерлік құзыреттерін кеңейтуге бағытталған онлайн режимде оқыту іс-шаралары тұрақты негізде ұйымдастырылған.

Сыйақы және бағалау

Еңбекақы төлеу және сыйақы беру жүйесі қызметкерлердің лауазымдары мен жұмыс тиімділігінің бағалауына негізделген:

- лауазымдарды бағалау үшін Қор мен Компаниялар «Korn Ferry» компаниясының әдістемесі бойынша грейдирлеу жүйесін пайдаланады. Лауазымдарды бағалаудың бірыңғай тәсілі компаниялар арасындағы лауазымдарды объективті салыстыруға, елдегі, өңірдегі және жаһандық деңгейдегі мамандардың жалақысын салыстыруға мүмкіндік береді;
- жұмыс тиімділігін бағалау процесі марапаттау, көтермелеу, бонустар, оқыту және кәсіби даму үшін негіз болып табылады, сондай-ақ қызметкерлерді ұстап қалу мақсатында қолданылады.

Қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау. Қордың стратегиялық мақсаттарын орындау үшін қызметкерлердің жұмыс нәтижелеріне, дағдыларына, білімі мен құзыреттеріне қойылатын талаптарды белгілеуге мүмкіндік береді және мынадай негізгі қағидаттарға негізделеді:

- сенімге негізделген әділ және объективті кері байланыс беру;
- оқу мен даму қажеттіліктерін анықтауға көмектесу;
- қызметтің жеке көрсеткіштерін жақсартуға жәрдемдесу.

Қор қабылдаған ынталандыру жүйесі біздің қызметкерлеріміздің сыйақысының, енгізілген қызметті бағалау және сыйақылар жүйесін қоса алғанда, олардың жұмыс нәтижелеріне нақты тәуелділігін қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру үшін қажетті экономикалық тиімді сыйақы жүйесін құруға басымдық беріледі. Еңбекақы төлеу және сыйақы берумен қатар жеңілдіктер мен ақшалай емес сыйақы беруді қамтитын жиынтық сыйақы тағайындауға баса назар аударылады.

Қор тобы бойынша және қор бойынша персоналдың тартылу дәрежесі

2013 жылдан бастап жыл сайын Қорда және Қор тобында қызметкерлерді тарту мәселелері бойынша әлеуметтік зерттеу жүргізіледі, оның мақсаты қызметкерлердің қанағаттану және тартылу деңгейін айқындау ғана емес, сондай-ақ неғұрлым өзекті проблемалар мен мәселелерді анықтау болып табылады.

Әкімшілік-басқарушылық персоналды тартудың шоғырландырылған индексі 2021 жылы 83%-ды құрайды және тұрақтылық аймағында тұр. 2020 жылмен салыстырғанда көрсеткіш 1%-ға төмендеді. «Самұрық-Энерго» АҚ (89%), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (88%), «Тау-Кен Самұрық» ҰТКК» АҚ (87%), «Samruk-Kazyna Construction» АҚ (86%) қызметкерлерінің тартылу деңгейі жоғары.

Қызметкерлерді тартудың тұрақты көрсеткіштері Қор тобының барлық басқа компанияларын да байқалады. Өткен жылмен салыстырғанда «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС (-19%), «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС (-16%) қызметкерлерінің тартылуы айтарлықтай төмендеді. Тартылудың аздаған төмендеуі «KEGOC» АҚ (-5%), «Самұрық-Энерго» АҚ (-3%), «Эйр Астана» АҚ (-2%), «ҚТЖ» ҰК» АҚ (-2%), «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-да (-1%) байқалады. Компанияның бір бөлігі қатысуды бірдей деңгейде ұстап, тіпті индексін едәуір арттыра алды. Қызметкерлерді тарту өсімі келесі компанияларда байқалады: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС (+8%), «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ (+6%), «Qazaq Air» АҚ (+4%), «Samruk-Kazyna Construction» АҚ (+3%), «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (+3%), «Қазақтелеком» АҚ (+1%). Қалған компаниялардың көрсеткіштері бұрынғы деңгейде қалды.

2021 жылдан бастап тарту сауалнамасына сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік индексін өлшеу үшін сұрақтар қосылды. Сауалнама нәтижелері бойынша компаниялар бөлінісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің ең жоғары деңгейі «СК Инвест» ЖШС-де 87% және «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-да (86%). Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушіліктің салыстырмалы төмен деңгейі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да (62%).

7 жыл қорытындысы бойынша Қор тобындағы персоналдың тартылуы


Персонал санаты	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021
ӨП	50%	51%	66%	58%	56%	82%	78%
ӘБП	55%	58%	55%	53%	61%	84%	83%
ӨП	тұрақтылық аймағы	тұрақтылық аймағы	позитивті аймақ	тұрақтылық аймағы	тұрақтылық аймағы	тұрақтылық аймағы	тұрақтылық аймағы
ӘБП	тұрақтылық аймағы	тұрақтылық аймағы	тұрақтылық аймағы	тұрақтылық аймағы	позитивті аймақ	тұрақтылық аймағы	тұрақтылық аймағы

Samruk Research Services

Қордың компаниялар тобында өндірістік ұжымдардағы әлеуметтік ахуалдың жыл сайынғы мониторингі жүргізіледі. 2020 жылы Әлеуметтік тұрақтылық индексінің және әлеуметтік ақпаратты жинау және өңдеу процесінің негізгі индекстері бойынша сабақтастықты сақтай отырып, Samruk Research Services (бұдан әрі – SRS) әдістемесі әзірленді:

- COVID-19 пандемиясынан туындаған түбегейлі жаңа сыртқы жағдайлар;
- басшылық пен негізгі стейкхолдерлердің зерттеу нәтижелері бойынша жедел ақпарат алу қажеттіліктері;
- ҚҚ және ЕТҰ кадрлық қызметтерінің өкілдері тарапынан зерттеу нәтижелерінің практикалық қолданылуын арттыруға сұраныс.

Әлеуметтік әл-ауқат индексінің серпіні



Зерттеу қорытындысы бойынша 2021 жылы Қордың компаниялар тобындағы SRS көрсеткіші 73%-ды құрады. Негізгі үш индекстің ішінде 2020 жылдан бері есепті кезеңдегі 45% көрсеткішімен 9 п.т-қа төмендеген әлеуметтік әл-ауқат индексі басқаларына қарағанда көбірек елеңдетеді.

Қордың портфельдік компаниялары қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйіне ерекше көңіл бөледі. Өндірістік персоналдың әлеуметтік жағдайы мен көңіл-күйі олардың туындаған мәселелерді шешудегі оң әрі сындарлы көзқарасын байқатады.

Есепті кезеңде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қызметкерлерді тарту индексі өткен жылмен салыстырғанда 4 п.т-қа төмендеп, 78%-ды құрады. Зерттеудің барлық кезеңінде Қор бойынша ТИ-дің ауытқулары 2013 жылғы ең төменгі 35%-дан 2020 жылғы ең жоғары 82%-ға дейінгі аралықта болды. Алынған нәтижелерге сәйкес, Индекстің төмендеуі көп емес – ол 2020 жылы көтерілгеннен кейін төмендеді, бірақ барлық алдыңғы кезеңдерден төмен емес.

Қызметкерлердің көпшілігінің бағалауы бойынша, жалпы жұмыс беруші персоналды барлық қажетті еңбек және қауіпсіздік жағдайларымен, оның ішінде карантин кезінде де қамтамасыз етті.

«Жас Өркен» бағдарламасы

2017 жылы Қордың бастамасымен жоғарғы оқу орындарының талантты түлектерін тарту, іріктеу, дамыту және жұмысқа орналастыру бойынша «Жас Өркен» бағдарламасы бастау алды.

«Жас өркен» еліміздің талантты жастары үшін әлеуметтік лифтілер ұсынады. Бағдарлама Қазақстан Республикасының адам капиталына инвестициялар, өзекті білімі мен креативті тәсілдерін пайдалана отырып, түрлі салалық міндеттерді шешуге үлес қосатын, 10-15 жылдық перспективада табысты басқарушы бола алатын Жас кәсіпқойлар үшін Қор тобы компанияларының басқарушылық әлеуетін және тартымдылығын арттырудың ұзақ мерзімді құралы ретінде қарастырылады.

«Жас Өркеннің» әрбір жас маманы 20 ай ішінде Қордың компаниялар тобында өзінің Жеке даму жоспарына сәйкес әрқайсысы 5 айдан 4 ротациядан өтеді. Жұмыс орнында оқытудан басқа, Хаттама аралық кезеңде жас мамандар техникалық және жеке тұлғалық-іскерлік дағдыларды игеру үшін қарқынды оқытудан өтеді. Бағдарламаны сәтті аяқтағаннан кейін түлектердің 100%-ы Қор компаниясында жұмысқа орналасады, содан кейін жобалық топ бағдарлама түлектерінің мансабына мониторинг жүргізеді.

Бағдарламаның басты артықшылығы жас мамандардың жедел дамуы және компаниялардың тәжірибелі басшылары қатарынан жеке тәлімгерлердің

басшылығымен нақты өндірістік және бизнес-жобаларға қатысуы болып табылады.

Бағдарламаға 80-нен астам компаниядан 200-ден астам тәлімгер тартылған. Тәлімгерлік институтын дамыту осы бастаманың негізгі драйвері болып табылады. Әрбір тәлімгер жас мамандармен жұмыс істеу және таланттарды дамыту бойынша оқытудан өтеді.

2021 жылы Бағдарламаны «Жас Өркен 2019» бойынша 23 жас маман сәтті аяқтап, Қор тобының келесі компанияларына жұмысқа қабылданды (100%): «Қазақтелеком» АҚ филиалы – «Корпоративтік бизнес бойынша Дивизион», «КАТКО» БК» ЖШС, «KEGOC» АҚ филиалы, «Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы», «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС, «АМӨЗ» ЖШС, «ҚМГ Құмкөл» ЖШС, «Qazaq Air» АҚ, «ЭйрАстана» АҚ, «Fly Arystan» авиакомпаниясы, «Самұрық-Қазына» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы «ҚТЖ» – «Магистральдық желі дирекциясы», «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы».

4 ротацияның қорытындысы бойынша «Жас Өркен 2019» жас мамандары Қор компаниялары тобының әлеуетті жұмыс берушілерінен жұмыс туралы 35 ұсыныс алды.



2021 ж. «Жас Өркен» бағдарламасының қатысушысы **Қуат Зияданов**, талдаушы, Алматы қ. брондау және ақпарат орталығы, «Эйр Астана» АҚ



«Жас Өркен» арман театрына ұқсас, сені үлкен сахнаға алып келеді, онда сен маңызды рөл атқарасың. Ірі ұлттық компаниялар, бірегей жобалар, тәлімгер – топ-менеджерлер сенің арманыңа жол ашады. Жол соңында жас маманнан корпоративтік бизнестің барлық шындығына дайын жоғары білікті маман шығады. Жобадағы екі жылдан кейін мен «Эйр Астана» ұлттық авиакомпаниясынан ұсыныс алдым. Қазіргі уақытта орталықта басшылық лауазымдардың бірін атқарамын, 70-тен астам қызметкердің жұмысын ұйымдастырып, үйлестіремін. Мен өз міндеттерімді орындау барысында өзіммен талмай жұмыс істеп, барын салған «Жас Өркен» бағдарламасының тәлімгерлерінен алған тәжірибемді қолданамын».

«Цифрлық жаз» бағдарламасы

Кадрлық әлеуетті дамыту мақсатында «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасына сәйкес 2021 жылғы қаңтар-қазан аралығында «Цифрлық жаз 2021» Тағылымдама бағдарламасы іске асырылды.

Бағдарлама 2018 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Бұл бастаманың мақсаты – ақпараттық технологиялар және басқа да сұранысқа ие бағыттар саласындағы жас таланттарды дамыту мен қолдауға ықпал ететін жағдайларды қамтамасыз ету. Бағдарлама процестерді оңтайландыру, Қор тобы компанияларын цифрландыру және трансформациялау жобаларының тиімділігін арттыру барысында студенттер мен ЖОО түлектерін өзекті білімдерімен іске қосуға мүмкіндік береді.

«Цифрлық жаз 2021» бағдарламасы аясында 5 868 өтінім алынды. Конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша 45 үміткер тағылымдамаға шақырту алды.

Жұмысқа орналастыру процесінің нәтижесінде 5 тағылымдамадан өтуші өз мансабын Қордың «Эйр Астана» АҚ, «ҚМГ-Инжиниринг», «QazCloud» ЖШС сияқты портфельдік компанияларында сәтті бастады.

«Цифрлық жаз» бағдарламасы трансформациялау және цифрландыру саласындағы өзгерістер мен жаңа сын-қатерлерге дайын, кәсіби ой-өрісі кең, бизнесті түсінетін ертеңгі күннің таланттарын өсіруге септігін тигізеді. Бағдарлама түлектер мен тәлімгерлер үшін кәсіби дамудың жаңа мүмкіндіктерін жасауға мүмкіндік береді, сондай-ақ бағдарлама бойынша тағылымдамадан өтушілерге құнды білім мен тәжірибенің берілуін қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде Қордың барлық портфельдік компанияларында көшбасшылық дағдылар мен тәлімгерлік мәдениетін дамытуға көмектеседі.



Айдана Байжомартова, «Цифрлық жаз 2021» бағдарламасының қатысушысы



«Мен үшін «Цифрлық жаз» бағдарламасына қатысу – бұл жайлылық аймағынан шығу, өз білімімді тексеру және қызықты жобаларға қатысу мүмкіндігі. Қазақ ұлттық өнер университетінің 3-курс студенті бола жүріп, «Цифрлық жаз» бағдарламасына «Маркетинг» бағыты бойынша қатысуға өтінім беруді ұйғардым. Менің тағылымдамам «KEGOC» АҚ компаниясында телекоммуникация департаментінде Мүсілімов Айдардың тәлімгерлігімен өтті.

«Цифрлық жаз 2021» бағдарламасының арқасында 45 дарынды студент ірі ұлттық компанияларда тәжірибе жинақтады. Тағылымдама кезінде мен көп жаңа білім алдым, олар маған кәсіби салада дамуға және өсуге көмектесті.

Тағылымдама аясында менде жыл сайынғы «Summer Hack» Хакатон конкурсына қатысуға мүмкіндігім болды. Жаңа нәрсеге кірісу және бейтаныс жағдайларда әрекет ету – бүгінгі күннің талаптары. Әр адам жаңа сын-қатерлерге жауап бере отырып, жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады. Ең бастысы, менің тәлімгерім айтқандай, бұл жасампаздық, еңбексүйгіштік және іске жауапкершілікпен қарау».

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қор өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығын сөзсіз мойындайды және қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларымен апатсыз өндірісті қамтамасыз ету үшін өзінің жауапкершілігін сезінеді. Қор тобы еңбекті қорғау жүйесін, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін басқару тәсілдерін үздіксіз жетілдіріп отырады.

Соңғы жылы Қордың компаниялар тобында H&S (Health & Safety) көрсеткіштері жақсарды. Ортақ күш-жігеріміздің арқасында 2021 жылы өткен жылға қарағанда 10,7%-ға көбірек қызметкеріміз үйлеріне аман-есен оралды. Өткен жылдың 12 айында LTIF (lost time injury frequency) жұмыс уақытын жоғалтумен жарақаттану коэффициенті 0,22-ні құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен (0,23) 4,2%-ға жақсырақ.

Қор басқармасы жанындағы Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) жұмысы шеңберінде үлкен жұмыс көлемі іске асырылды, оған ең ірі 13 ҚК-ның жауапты өкілдері кіреді. Комитет жұмысы шеңберінде Қор компаниялары тобының H&S саласында корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша ҚК іс-шараларының орындалу бағысын үйлестіру және бақылау қамтамасыз етіледі.

2021 жылы Қордың ЕҚ, ӨҚ, ҚОҚ саласындағы басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі синергетикалық жобасын іске асыру шеңберінде ҚК-ның 59 сарапшысы HSE басқару жүйелеріне диагностика жүргізуге оқытылды. Негізгі кезең – диагностикада басты назардағы аймақты анықтау үшін ҚК құжаттарына жоғарғы деңгейлі талдау жүргізілді.

2021 жылдың қыркүйегінен бастап HSE секторының қызметкерлері ЕҚ және ӨҚ ағымдағы жағдайымен танысу және анықталған бұзушылықтар бойынша ұсынымдар беру мақсатында өндірістік объектілерге шыға бастады:

- Нұр-Сұлтан қ. және Алматы қ. бойынша «Қазақстан Темір Жолы» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ (ЖЭО -1,2 «АлЭС» АҚ, «АЖК» АҚ), «Қазатомөнеркәсіп» АҚ («Аппак» ЖШС, «Орталық» ЖШС), «Қазпошта» АҚ (EMS-Kazpost, «Оңтүстік «ақпараттық-логистикалық орталығы») өндірістік объектілеріне сапарлар жүзеге асырылды.

- сапар қорытындыларымен және сәйкессіздіктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеумен танысу үшін ҚК корпоративтік орталықтарына көшпелі кеңестер өткізілді.

Алайда жүргізіліп жатқан жұмысқа қарамастан, ауыр жазатайым оқиғалар, соның ішінде өлім-жітім жиі кездеседі, бұл жұмысшылардың қауіпсіздік мәселелеріне жете көңіл бөлмейтінін көрсетеді. 2021 жылы біздің 14 әріптесіміз кенеттен қайтыс болды. Қаза тапқандардың отбасыларына тиісті қолдау көрсетілді. Тағы 48 адам ауыр жарақат алды. Қордың компаниялар тобы бұл оқиғаларды басты назарында ұстады, сөйтіп 2021 жылдың соңында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін 2022 жылды Қордың компаниялар тобында «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жылы» деп жариялау туралы шешім қабылданды:

- Жарақаттану мен сырқаттанудың ауыр жазатайым оқиғаларын, оның ішінде өлім-жітімді болдырмау;
- Зардабы ауыр өндірістік оқиғаларды болдырмау;
- Әлемнің үздік салалық тәжірибелерін енгізу.

Міндеттерді жоспарлы іске асыру мақсатында 2022 жылға арналған H&S бойынша жоспар әзірленді. 2022 жылға мынадай іс-шаралар жоспарланып отыр:

Оқыту

- HSE, «Қауіпсіз жүргізу» (defensive driving), «Leadership Accountability» (CEO және CEO-1 өндірістік компания), «Incident Injury Free» немесе қауіпсіздік мәдениетін арттыру жөніндегі баламалы бағдарлама үшін жауапты қызметкерлерді, желілік менеджерлерді, қызметкерлерін «Neboshse certificate in health and safety leadership excellence» бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру. Осылайша, ҚТЖ-да 305 адамды NEBOSH/IOSH курстарына, 212 жүргізушіні «Қорғаныстық жүргізу» курсына оқыту жоспарлануда;
- Қор мен ҚК менеджментінің біліктілігін арттыруға бағытталған HSE саласындағы корпоративтік оқыту бағдарламасы мен электрондық курсты іске қосу.

ІНҚ әзірлеу

- объектілерге бару барысында пайдалану үшін «жұмыстарды қауіпсіз жүргізу» процесін қолдау жөніндегі басшылық;
- өндірістегі желілік басшыларға арналған құзыреттер матрицасы, онда HSE элементтері және атқаратын лауазымдарына сәйкестікті тексеру әдістері нақты жазылған.

Тәжірибе алмасу

- ТШО, КПО, НКОК көшбасшы компанияларымен одан әрі қолдану мақсатында үздік тәжірибелерді зерттеу бойынша тәжірибе алмасу;

- жергілікті жерлерде Өндірістік кеңестердің жұмысын күшейту;
- ESG және HSE жөнінде Форум өткізу.

Диагностика және орындарға шығу

- ЕҚ, ӨҚ, ҚК ҚОҚ саласындағы басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі жоба;
- ЕҚ және ӨҚ секторы және салалық департамент қызметкерлерінің ЕҚ және ӨҚ жай-күйімен танысу және анықталған бұзушылықтар бойынша ұсынымдар беру мақсатында өндірістік объектілерге шығуы.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қордың Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен (№ 126 хаттама) бекітілген Қор тобының Қайырымдылық бағдарламасына және Қордың Қайырымдылық саясатына сәйкес «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қоры (бұдан әрі – Samruk-Kazyna Trust) Қор тобының атынан қайырымдылық жобаларын іске асыру жөніндегі оператор болып табыла отырып, қайырымдылық қызметін төрт негізгі бағыт бойынша жүзеге асырады:

1. әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға, қоғамдастықтарға көмек;
2. медиа, мәдени қоғамдастықты қолдау, адам әлеуетін дамыту, еңбек қатынастарын нығайту және қоғамның орнықты дамуына инвестициялар;
3. Қор тобы орналасқан өңірлердегі әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламасы;
4. Қордың және/немесе Қор тобының беделін нығайту және имиджін ілгерілету.

2021 жылы «Samruk-Kazyna Trust» Корпоративтік қоры еліміздің коммерциялық емес секторымен әріптестікте әлеуметтік маңызы бар проблемаларды шешуге бағытталған қайырымдылық жобаларын іске асыра отырып, өз қызметін жалғастырды.

Осы уақыт ішінде әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруда үлкен тәжірибе жинақталды, жүздеген жобалар іске қосылды, оларды жүргізу тәсілі жетілдірілді, жүздеген мың адамға көмек көрсетілді.

Бүгінде Samruk-Kazyna Trust Қазақстандағы қайырымдылық көшбасшыларының қатарына кіреді және ірі донор-қор болып табылады. Қисынды инве-

стицияларды қолдайды және өңірлерді дамытуға қаражат салады, бизнес, коммерциялық емес сектор және мемлекеттік органдар арасындағы үш жақты ынтымақтастықты дамытуға ұмтылады.

2021 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының атынан қайырымдылық аясында 500 мыңнан астам бенефициар көмекпен қамтылды. Samruk-Kazyna Trust Қайырымдылық саясатына және Қордың Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес негізгі төрт бағыт бойынша әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асырады.


Samruk-Kazyna Trust Қамқоршылық кеңесі 2021 жылы 7,1 млрд теңге көлемінде 32 жобаны мақұлдады, оның ішінде:

- әлеуметтік және медициналық секторларда адамдарға, қоғамдастықтарға көмек көрсету бағытында жалпы сомасы 2 801 579 131 теңгеге 12 жоба іске асырылды;
- медиа, мәдени қоғамдастықты дамыту, адам әлеуетін дамыту бағытында жалпы сомасы 2 610 784 509 теңгеге 16 жоба іске асырылды;
- әлеуметтік инвестициялардың өңірлік бағдарламасын іске асыру бағытында Қор тобы орналасқан өңірлерде жалпы сомасы 1 724 237 569 теңгеге 4 жоба іске асырылды.

Сонымен қатар, Samruk-Kazyna Trust «Әрекет» жобасы аясында еліміздің өңірлерінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған 24 ҰЕҰ бастамасын қолдады.

Корпоративтік басқару жүйесі	100	Директорлар кеңесінің 2021 жылғы жұмысы	107
Қорды басқару жөніндегі кеңес	102	Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер	109
Жалғыз акционер	102	Басқарма	117
Дивидендтік саясат	103	Қор басқармасының құрамы	118
Директорлар кеңесі	104	Басқарма жұмысы туралы есеп	120
Директорлар кеңесінің құрамы	105	Басқарма жанындағы комитеттер	120

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Директорлар кеңесінің мүшелері мен басқарма мүшелеріне сыйақы беру саясаты	123
Корпоративтік хатшы	123
Ішкі аудит қызметі	123
Омбудсмен	123
Комплаенс қызметі	123

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	124
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	126
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	129
Қоғамдық кеңес	130



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қор корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарын сақтауға ұмтылады, себебі оны бизнестің жоғары тиімділігі мен орнықтылығының аса маңызды шарттарының бірі, сондай-ақ Қор қызметін әлеуметтік жауапты басқарудың негізі деп есептейді.

Қорда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін корпоративтік басқарудың тиімді және ашық жүйесі жұмыс істейді. Қордың корпоративтік басқару жүйесі Қордың қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестердің жиынтығын, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма және мүдделі тараптар арасындағы өзара қатынастар жүйесін білдіреді. Корпоративтік басқару жүйесіне сондай-ақ Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері, Басқарма, Басқарма жанындағы комитеттер, Ішкі аудит қызметі және Корпоративтік хатшы кіреді. Барлық органдардың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қордың корпоративтік басқару кодексімен, Қордың Жарғысымен және ішкі құжаттармен реттеледі.

Қордың корпоративтік басқару жүйесі Жалғыз акционердің және негізгі мүдделі тараптардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеуге негізделеді. Қор Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген корпоративтік басқару қағидаттарын барынша сақтауға ұмтылады.

Қор тұрақты негізде үздік әлемдік тәжірибе негізінде практикаларды жетілдіру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде. Осылайша, 2021 жылы келесі маңызды шараларды бөліп көрсетуге болады:


- 2021 жылғы 13 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 633 қаулысымен «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) өзгерістер бекітілді. Өзгерістер енгізудің мақсаты Кодексті «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, «Самұрық-Қазына» АҚ «Ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі Кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 1116 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 543 «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының дивидендтік саясатын белгілеу туралы» 2013

жылғы 29 мамырдағы қаулысына сәйкестікке келтіру болып табылады.

- 2021 жылы Қордың 11 портфельдік компаниясында Корпоративтік басқару деңгейін бағалауға және Кодекстің қағидаттарын/ережелерін енгізуге бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің тәуелсіз диагностикасы өткізілді, оның нәтижелері Қор Басқармасының 2021 жылғы 28 қазандағы № 49/21 шешімімен бекітілді және Қордың Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2021 жылғы 18 қарашадағы № 12 шешімімен қаралды. Диагностиканың қорытындысы бойынша Қордың «Корпоративтік басқару рейтингісінің» стратегиялық ПӘК «ВВ» деңгейінде қол жеткізілді. Портфельдік компанияларының Директорлар кеңестері бекітуі үшін және одан әрі іске асыру үшін Қордың 11 портфельдік компаниясына Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспарлар жіберілді.
- 2021 жылдың тамызында Қордың Басқарма төрағасының № 110-п бұйрығымен LSE, АХҚО листингінің талаптарына сәйкес корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Қордың LSE жоспары) бекітілді. Қордың LSE жоспары негізінде Қордың 13 портфельдік компаниясында LSE, АХҚО листингінің талаптарына сәйкес корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу бойынша Ішкі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Жоғарыда көрсетілген барлық іс-шаралар Қордың «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қордың тобына корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибесін енгізу жөніндегі міндетін іске асыруға бағытталған. LSE листинг қағидаларында, LSE листингінен кейінгі міндеттемелерде, Ұлыбританияның корпоративтік басқару кодексінде, Ақпаратты ашу және ашықтық жөніндегі нұсқаулықта, FCA корпоративтік басқару ережелерінде белгіленген негізгі талаптар Қор тобының корпоративтік басқару кодексінде, Қор тобының корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесінде көзделген және портфельдік компаниялары тарапынан сақталады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



ҚОРДЫ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

Елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы, экономиканың орнықтылығын қамтамасыз ету және ықтимал қолайсыз сыртқы факторлардың әсерінен қорғау мақсатында Қорды басқару мәселелері Қорды басқару жөніндегі кеңестің отырысында қаралады.

Қорды басқару жөніндегі кеңес Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы басқаратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қорды басқару жөніндегі Кеңестің функциялары:

- 1) Қор қызметінің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 2) Қордың даму стратегиясын мақұлдау және оның іске асырылу барысы туралы Қордың жыл сайынғы есебін қарау, сондай-ақ Қор өз қызметін жүзеге асыратын экономиканың басым секторлары бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады;
- 3) әлеуметтік маңызы бар және индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруды қоса алғанда, оның ішінде республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан қаражат бөле отырып, Қордың Қазақстан экономикасын әртараптандыру мен жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысуы жөніндегі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсыныстарын қарау;

- 4) Қордың тәуелсіз директорларын сайлау үшін кандидатураларды, сондай-ақ Қордың тәуелсіз директорларына берілетін сыйақылардың мөлшері мен оларды төлеу шарттарын келісу;
- 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесін немесе өзге де мемлекеттік қызметшіні Қордың тобына кіретін ұйымның Директорлар кеңесінің немесе байқаушы кеңесінің құрамына сайлау үшін ұсынымдар беру болып табылады.

Қорды басқару жөніндегі кеңестің құрамы:

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы, қорды басқару жөніндегі Кеңестің төрағасы;
2. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі;
3. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы;
4. Қордың Басқарма төрағасы (келісім бойынша);
5. Отандық бизнестің екі өкілі;
6. Шетелдік бизнес өкілі.

Қорды басқару жөніндегі кеңесті құру туралы шешімді, оның құрамын және ол туралы ережені Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Қордың Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Қор мен Жалғыз акционер арасындағы өзара қарым-қатынастар «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қордың арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісіммен реттеледі, олар біздің қызметіміздің мәселелері бойынша өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттарын және Үкіметтің Қорға қоятын талаптарын белгілейді.

Үкімет пен Қор арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

- Қордың Үкімет тарапынан басқарылуы, бұл «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) Қордың жарғысында көзделген Жалғыз акционердің

өкілеттіктерін іске асыру және Үкімет мүшелерінің Қордың директорлар Кеңесіндегі өкілдігі арқылы ғана жүзеге асырылады;

- Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарында, актілерінде және тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Үкіметтің, оның мүшелерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының Қор тобының жедел (ағымдағы) қызметіне араласпауы;
- Қор тобы қызметінің есептілігі мен ашықтығы.

Қордың Жалғыз акционеріне шешімдерін тікелей Жалғыз акционер қабылдауы тиіс міндеттер тізбесі беріледі. Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жататын мәселелерге шолу төменде келтірілген. Бұл мәселелер стратегиялық және қаржылық нәтиже-

2021 жылы Қордың 11 портфельдік компаниясында корпоративтік басқару жүйесінің тәуелсіз диагностикасы өткізілді

лердің қорытындыларын шығару кезінде Қор үшін негіз қалаушы болып табылады.

- Қордың Жарғысын бекіту;
- Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- Қордың даму стратегиясын бекіту;
- Қордың Корпоративтік басқару кодексін бекіту;
- Қордың дивидендтік саясатын айқындау, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Қордың таза кірісін бөлу туралы шешім қабылдау, дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- Қорды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
- Қордың Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Басқарма төрағасын тағайындау және оны қызметінен мерзімінен бұрын босату;
- Қордың Жалғыз акционері белгілеген тізбе бойынша компаниялардың акцияларын иеліктен шығару, сондай-ақ көрсетілген акцияларды сенімгерлік басқаруға беру;
- Қордың Жалғыз акционері белгілеген тізбе бойынша компанияларды тарату, қайта ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау.

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі Қордың Жарғысында www.sk.kz сайтында көрсетілген.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ

- Жарияланған акциялар саны – 3 500 000 000;
- Акция түрі – жай;
- Қордың орналастырылған акцияларының саны – 3 481 961 408;
- Еркін айналымдағы акциялар саны (орналастырылмаған акциялар) – 18 038 592.

Дивидендтік саясат

2021 жылы дивидендтерді есептеу мөлшерін анықтау тәсілдерін жаңарту қажеттілігіне байланысты Қордың Дивидендтік саясаты жаңартылды.

Дивидендтік саясаттың негізгі қағидаттары:


1. Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;
2. Қордың және Қор тобы компанияларының ұзақ мерзімді құнын ұлғайту;
3. Қордың және Қор тобы компанияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
4. Қордың қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлерін және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қордың қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету;
5. дивидендтердің мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығы болып табылады;
6. Жалғыз акционердің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мүдделерінің теңгерімділігі.
7. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша есепті жылдан кейінгі жылы іске асыру жоспарланатын жобаларды Қордың қаржыландыру көлеміне төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту.

Қордың дивидендтік Саясаты www.sk.kz сайтында қолжетімді.

Төленген дивидендтер туралы мәліметтер

2021 жылы Қор Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес 2020 жылдың қорытындысы бойынша Жалғыз акционерге 88,3 млрд теңге көлемінде дивиденд төледі.

Акционерге төленген дивидендтер, млн теңге



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Қордың Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге есеп беретін, Қор Басқармасының қызметіне стратегиялық басшылықты және бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесінің рөлі – жоғарыдан төменге қарай тігінен тиісті басқаруды қамтамасыз ету арқылы Қорды басқару.

Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жататын негізгі міндеттер тізбесіне төмендегілерге қатысты шешім қабылдауды және бекітуді талап ететін мәселелер кіреді:

- орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау, Қор қызметінің негізгі көрсеткіштері;
- аудиторлық ұйымды, аудиторлық қызметтерге ақы төлеудің шекті мөлшерін белгілеу;
- тәуекелдерді басқару, әлеуметтік жауапкершілік, демеушілік және қайырымдылық көмек, ақпаратты ашу жөніндегі саясат;
- кредиттік және индустриялық-инновациялық саясат;
- Директорлар кеңесінің комитеттері;
- Басқарма төрағасын қоспағанда, Басқарма мүшелерінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі,

сайлануы және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

- Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі, оның басшысын тағайындау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Корпоративтік хатшының өкілеттік мерзімін белгілеу;
- Қордың басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын сатып алуы;
- корпоративтік басқаруды бағалау және Қордың Директорлар кеңесінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша есептерді қарау;
- жасалуына мүдделілік бар мәмілелер;
- Қордың жылдық есебі.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңымен айқындалады және Қордың Жарғысында www.sk.kz сайтында көрсетіледі.

Қордың Директорлар кеңесінің құрамындағы 2021–2022 жылдардағы өзгерістер

Күні	Директорлар кеңесінің мүшесі	Оқиға
2021 жылғы 18 қаңтар	Дәленов Руслан Ерболатұлы	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды
2021 жылғы 27 наурыз	Есімов Ахметжан Смағұлұлы	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды
2021 жылғы 11 маусым	Мәжібаев Қайрат Қуанышбайұлы	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 17 қаңтар	Ким Вячеслав Константинович	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 28 қаңтар	Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 28 қаңтар	Ақышев Данияр Талғатұлы	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды
2022 жылғы 19 ақпан	Онг Бун Хви	Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ*



Джон Дудас
Директорлар кеңесінің төрағасы,
тәуелсіз директор

Білімі:

- Витватерсранд университеті (ОАР) – тау-кен ісі бакалавры;
- Витватерсранд университеті (ОАР) – тау-кен металлургиясы бойынша магистр;
- Хериот-Уотт университеті – (Ұлыбритания) – MBA дәрежесі.

Еңбек жолы:

Джон Дудас өзінің еңбек жолын 1984 жылы Rand Mines Ltd компаниясында бастады, шикізатты басқару бойынша түрлі басшылық қызметтерді атқарды, BHP Billiton және Gencor Ltd сияқты компанияларда жұмыс істеді, онда ол алюминий дивизионының бас директоры болды.



Сүлейменов Тимур Мұратұлы
Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасы Президенти
нің Әкімшілігі Басшысының
бірінші орынбасары

Білімі:

- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – әлеуметтік саладағы экономика және менеджмент;
- С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті – құқықтану;
- Мэриленд университеті (АҚШ) – «Қаржы» мамандығы бойынша бизнес магистрі.

Еңбек жолы:

2009 жылдан 2010 жылға дейін ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі болды. 2010 жылдан 2012 жылға дейін ҚР Экономикалық даму және сауда вице-министрі қызметін атқарды. 2012-2016 жылдары Еуразиялық экономикалық комиссияның Экономика және қаржы саясаты жөніндегі алқа мүшесі (министр) болды. 2016 жылдан 2019 жылға дейін ҚР Ұлттық экономика министрі қызметін атқарды. 2019 жылғы ақпан-наурыз аралығында ҚР Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары болды. 2019 жылғы наурыз-шілде аралығында ҚР Президентінің көмекшісі болды.

«Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» және т.б. медальдарымен марапатталды.



Қуантыров Әлібек Сәкенұлы
Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Білімі:

- Томск мемлекеттік университеті – «Қаржы және несие» және «Лингвистика және мәдениет аралық коммуникация»;
- Мичиган университеті – қолданбалы экономика магистрі.

Еңбек жолы:

2013 жылы Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті төрағасының орынбасары болды. 2013 жылдан 2019 жылға дейін Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Стратегиялық әзірлемелер және талдау орталығы меңгерушісінің орынбасары, әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары лауазымдарын атқарды. 2019-2021 жылдары – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңесінің Бөлім меңгерушісінің орынбасары. 2021 жылғы ақпанда Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі болды.

Марапаттары: «Ерен еңбегі үшін» медалі, 4 мерейтойлық медаль.

* Қордың Директорлар кеңесінің құрамы 2022 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ұсынылды



Лука Сутера

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

Білімі:

- Enel SpA / SAA менеджмент мектебі. (Италия) – жоспарлау және бақылау шебері;
- «Л. Боккони» Университеті (Италия) – іскерлік әкімшілендіру бакалавры, бухгалтерия, қаржы және бақылау саласында мамандану;
- «Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебі» студенттермен алмасу бағдарламасы (Англия).

Еңбек жолы:

Лука Сутера – 22 жылдан астам тәжірибесі бар тәжірибелі бизнес-менеджер, оның ішінде 15 жыл Еуропа, Ресей және Таяу Шығыстағы жаһандық энергетикалық компаниялар мен Тәуелсіз әл-ауқат қорларының қаржы директоры болды.

Лука Сутера қазіргі уақытта жетекші британдық интеграцияланған көп салалы коммуналдық компания Energy Asset Group тобының бас қаржы директоры болып табылады.

Energy Asset Group-қа келгенге дейін, 2015 жылдан 2020 жылға дейін Сутера мырза мемлекеттік жаһандық энергетикалық компанияның Катарда орналасқан Nebras Power тобының қаржы директоры лауазымын атқарды.



Жәмiшев Болат Бидахметович

Директорлар кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор

Білімі:

- Қазақ Ауыл шаруашылығы институты – экономист

Еңбек жолы:

«Қазақстан халқына» ҚӘҚ төрағасы. 2004 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарын реттеу және қадағалау туралы Агенттік төрағасы болды. ҚР Қаржы министрі, Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрі, «Қазақстанның Даму банкі» АҚ-ның Басқарма төрағасы қызметін атқарды.

Марапаттары:

«Құрмет», «Парасат» ордендері, «Астанаға 10 жыл» мерейтойлық медалі.



Сәтқалиев Алмассадам Майданұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – «Механик, қолданбалы-математик»;
- Халықаралық Мемлекеттік қызмет және басқару институты (ХМҚБИ), қоғамдық сектор қаржысы кафедрасы, «Экономика» бағыты, «Қаржы экономикасы» бағдарламасы;
- Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы, Мәскеу қ., экономика магистрі;
- Executive MBA бағдарламасы бойынша Назарбаев Университеті Жоғарғы бизнес мектебі, Duke university's Fuqua School of Business-пен бірлескен бағдарлама – «Іскерлік әкімшілендіру» магистрі;
- Stanford Executive Program бағдарламасы бойынша Стэнфорд университетінің Жоғарғы бизнес мектебі.

Еңбек жолы:

«KEGOC» АҚ бірінші вице-президенті, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры, Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы лауазымдарын атқарған.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ

Қордың Директорлар кеңесінің жұмысы стратегиялық мақсаттар призмасы арқылы өз құзыретіне кіретін мәселелерді қарай отырып, ағымдағы міндеттерді шешуге бағытталады. Мәселелер тізбесі және олар бойынша шешімдер Директорлар кеңесі отырыстарының тиісті хаттамалары мен шешімдерінде көрсетіледі. Директорлар Кеңесінің отырыстары Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 181 шешімімен бекітілген Қордың Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның комитет-

терінің отырыстарын өткізу күндізгі немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады.

Ұйымның ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шаралар шеңберінде 2021 жылы Қордың Директорлар кеңесінің 10 отырысы, оның ішінде 8 күндізгі және 2 сырттай отырыс өткізілді. Барлығы 116 мәселе қаралып, олар бойынша 116 шешім қабылданып, 222 тапсырма берілді.

Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу туралы ақпарат

№	Директорлар кеңесінің мүшесі, қызметі	2021 жылы ДК отырыстарына қатысу/ жалпы саны
1.	Дудас Д. – Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор	10/10
2.	Бозымбаев Қ.А. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі	9/10
3.	Ақышев Д.Т. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің көмекшісі	6/6
4.	Ерғалиев А.А. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі	7/10
5.	Сутера Л. – тәуелсіз директор	10/10
6.	Мәжібаев К.К. – тәуелсіз директор	4/4
7.	Онг Б.Х. – тәуелсіз директор	10/10
8.	Ким В.К. – тәуелсіз директор	3/6
9.	Есімов А.С. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қор Басқармасының төрағасы	1/1
10.	Сәтқалиев А.М. – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қор Басқармасының төрағасы	9/9

Ұйымның ұзақ мерзімді құнын өсіру және орнықты даму бойынша Қордың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу үшін Директорлар кеңесі қабылдаған шаралар

Қордың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес Қордың және портфельдік компанияларының қызметін реттейтін ағымдағы мәселелерді қарау бойынша белсенді жұмыс жүргізілді, оларды мынадай үш стратегиялық мақсат пен төрт бастамаға жатқызуға болады.

2021 жылы Қордың Директорлар кеңесінің 10 отырысы, оның ішінде 8 күндізгі және 2 сырттай отырыс өткізілді. Барлығы 116 мәселе қаралып, олар бойынша 116 шешім қабылданып, 222 тапсырма берілді

Бірінші стратегиялық мақсат шеңберінде «компаниялардың тиімділігі» және «компаниялардың рентабельділігін арттыру» бастамасы

бекітілді:

- Қордың 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспары;
- Қордың 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке), таза табысты бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданды және бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері бекітілді;
- Қордың 2022 жылға арналған жылдық бюджеті;
- Қордың даму жоспарының 2020-2024 жылдарға орындалуының 2020 жылға арналған жылдық есебі қаралды;
- Қордың еурооблигацияларын шығару.

Екінші стратегиялық мақсат шеңберінде «портфельді басқару» және «портфель құрылымын оңтайландыру» және «табыстарды әртараптандыру» бастамалары

бекітілді:

- Қордың «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-мен сатып алу-сату шартын жасасу арқылы «ҚазТрансГаз» АҚ-ның 100% жай акцияларын сатып алу тәсілдері;
- «Kazakhstan Petrochemical Industries inc» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 49,5%-ын беру»;
- «PVH Development» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 50%-ын сатып алу;
- «QAZAQ AIR» АҚ ұсынған несие шарттарын өзгерту.

қаралды:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 Қаулысы шеңберінде Қордың және оның еншілес ұйымдарының активтерін өткізуге шығару барысы туралы ақпарат;
- Қор тобының ірі инвестициялық жобаларының тоқсан сайынғы мониторингі туралы ақпарат;
- Қорды трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысы туралы ақпарат.

Үшінші стратегиялық мақсат шеңберінде «орнықты даму» және «корпоративтік басқару және орнықты даму» бастамалары

бекітілді:

- Қордың 2020 жылға арналған жылдық есебі және Қордың 2020 жылға арналған Орнықты даму саласындағы есептілігі;
- Қордың ішкі аудит қызметінің 2020, 2021 жылдарға арналған Жылдық аудит-торлық жоспары.

қаралды:

- Қордың Жалғыз акционерінің қарауына «Қордың Директорлар кеңесінің 2020 жылғы қызметі туралы есеп туралы» мәселені шығару туралы ақпарат;
- Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің 2020 жылға, Қордың ішкі аудит қызметінің есептері;
- Қордың қайырымдылық бағдарламасының 2020 жылға орындалуы туралы жылдық есебі;
- Қордың корпоративтік басқаруын жетілдіру бойынша ұсынылатын шаралар туралы есеп.

Директорлар кеңесінің шешімдерімен Қордың мынадай ішкі құжаттары бекітілді және өзектендірілді:

- Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуын жүзеге асыру тәртібі (жаңа редакция);
- Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыруына бақылау жүргізу қағидалары (жаңа редакция);
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеуге және инсайдерлердің мұндай ақпаратты заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмауға арналған ішкі бақылау ережелері;
- Аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясат (жаңа редакция);
- Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты;
- Қордағы корпоративтік басқаруды бағалау тәртібі (жаңа редакция);
- Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті туралы ереже (жаңа редакция);
- Тәуелсіз директорларды іріктеу ережелері;
- Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу саясаты (жаңа редакция);
- Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму ережелері;
- Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі комитеттерінің сарапшыларды тарту ережелері;

- Директорлар кеңесінің стратегия жөніндегі комитеті туралы ереже (жаңа редакция);
- Ішкі аудит қызметі туралы ереже (жаңа редакция);
- Комплаенс қызметі туралы ереже.

Директорлар кеңесі қараған негізгі тәуекел факторлары:

Тоқсан сайын Қор тәуекелдері бойынша есептер, тәуекелдер карталары/тіркелімдері, Қор мен портфельдік компанияларының сыни тәуекелдері туралы ақпарат, тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар қаралып, олардың нәтижелері бойынша оларды митигациялау жөнінде шешімдер қабылданды.

Бұл ретте жазатайым оқиғалардың негізгі тәуекелдері, маңызды инвестициялық жобалардың тәуекелдері, әлеуметтік тұрақтылық тәуекелдері, кредиттік, валюталық тәуекелдер, сот талқылауларының тәуекелдері, қаржылық орнықтылық тәуекелдері, құпия ақпараттың жария болу тәуекелі, ақпараттық жүйелердің тәуекелдері, беделге нұқсан келтіру тәуекелі Директорлар кеңесінің бақылауының тұрақты назарында болғанын атап өту қажет.

Сонымен қатар еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйі, сондай-ақ Қорда және Қордың портфельдік компанияларында COVID-19 вирусының таралуы мен әсерін басқару бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат Директорлар кеңесінің ерекше бақылауында болды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР



АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Аудит комитеті Қордың Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады және Қордың Директорлар кеңесіне оның қаржылық есептіліктің тұтастығына, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқару қағидаттары мен заңнаманы сақтауға бақылау функцияларын орындауына көмектесу үшін құрылған. Аудит комитеті, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесіне сыртқы аудиторды тағайындау немесе қайта тағайындау туралы ұсынымдар береді.

Аудит комитетінің құрамы

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 186 шешіміне сәйкес Данияр Талғатұлы Ақышев Аудит комитетінің мүшесі болып сайланды.

2021 жылы Аудит комитеті барлығы 14 отырыс, оның ішінде 11 күндізгі және 3 сырттай отырыс өткізді. Аудит комитеті өз құзыреті шегінде әртүрлі салаларда 67 мәселені қарады.

Аудит комитеті отырысынан тыс, Аудит комитетінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Аудит комитеті мүшелерінің және Қор басшылығының қатысуымен қосымша бірқатар кездесулер ұйымдастырылды.

Комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Аудит комитетінің мүшесі	Қызметі	Комитеттің отырыстарына қатысу	%
1.	Лука Сутера	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	14 отырыстың 14-і	100%
2.	Онг Бун Хви	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	14 отырыстың 14-і	100%
3.	Ақышев Данияр Талғатұлы*	Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	14 отырыстың 5-і	36%

* 2020 жылғы 9 шілдеде Қордың Директорлар кеңесінің құрамынан шықты

Бір жыл ішінде Аудит комитеті ішкі және сыртқы аудит, ішкі бақылау жүйесі және тәуекелдерді басқару, қаржылық есептілік, корпоративтік басқару және комплаенс саласындағы мәселелерді қарады. Материалдардың, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесіне берілетін ұсынымдардың сапасын арттыру мақсатында Аудит комитеті күн тәртібінің әрбір тармағын қарауға және талқылауға жеткілікті уақыт бөлу үшін, қатысушылардың санын ескере отырып, отырыстарды жоспарлауға және дайындауға ерекше назар аударды. Аудит комитеті мына міндеттерді орындады:

Ішкі аудит мәселелері бойынша:

- Ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарын қарады;
- бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес тоқсан сайынғы аудиторлық есептерді қарады;
- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін бағалады;

- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін қоса алғанда, Қордың Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді, сыйақы беруді, әлеуметтік қолдау мен қызметін бағалауды регламенттейтін ішкі құжатты қарады;
- «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы синергетикалық тәсіл негізінде Ішкі аудит қызметі туралы ережені және аудитті ұйымдастыру және жүргізу туралы ережені қарап бекітті;
- аудит циклін жоспарлауды жақсарту және дағдылар мен әлеуетті орта мерзімді дамытуды қамтамасыз ету, ішкі аудит ресурстарын

2021 жылы Аудит комитеті барлығы 14 отырыс, оның ішінде 11 күндізгі және 3 сырттай отырыс өткізді.

оңтайлы бөлу және Ішкі аудит жұмысын Қорды трансформациялаудың Жол картасымен үйлестіру мақсатында Аудит комитеті Ішкі аудит қызметінің 2021-2023 жылдарға арналған даму стратегиясын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жеке даму жоспарларын және Ішкі аудиттің үш жылдық жоспарын қарап бекітті;

- сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет кепілдіктердің корпоративтік картасы шеңберінде қорғаудың 1-ші және 2-деңгейлерін орындайтын корпоративтік функциялармен өзара іс-қимылды жақсарту үшін Ішкі аудит қызметі туралы ережені жаңартты;
- ішкі аудиттің тәуелсіздігін және жеткілікті ресурстардың болуын арттыру үшін Аудит комитеті Ішкі аудит қызметінің жеке бюджетін енгізуді мақұлдады;
- жыл ішінде бизнес-процестердің тиімділігін арттыруға және қосылған құнды құруға бағытталған, құндылыққа бағдарланған аудиттерді ілгерілету бойынша елеулі күш-жігер жұмсалды (яғни, цифрлық трансформациялау бағдарламасының аудиті, инвестициялық қызметтің аудиті).

Сыртқы аудит мәселелері бойынша:

- 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға шоғырландырылған және қаржылық есептік аудитінің нәтижелерін қарады, сондай-ақ аудиторлардың тәуелсіздігі туралы растау алды;
- 2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілікте көзделген шектеулі шолу рәсімдерінің нәтижелерін қарады;
- «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының Аудит комитеттерінің сыртқы аудиторлар ұсынымдарының орындалу барысы туралы есептерін қарады;
- аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы Саясатты және «Самұрық-Қазына» АҚ аудиторларын іріктеу қағидаларын қарап растады;

- «Самұрық-Қазына» АҚ үшін аудиторлық ұйымды іріктеу жөніндегі Бірыңғай комиссияның және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ тобының 2022-2024 жылдарға арналған жеке құрамын қарап енгізді;
- Қорға және Қордың еншілес ұйымдарына Қордың аудиторлық ұйымының аудиторлық емес кеңесшілік қызметтер көрсетуін мақұлдау мәселелерін қарады;
- сыртқы аудитті ұйымдастырудың тәуелсіздігін арттыру мақсатында, Аудит комитеті Қордың және портфельдік компаниялардың қаржы қызметімен келісу бойынша портфельдік компаниялары мен Қордың аудит жөніндегі комитеттерінің өзара іс-қимылы кезінде сыртқы аудит қызметтерін сатып алудың жаңа процесін енгізуді ұсынды;
- сонымен қатар Аудит комитеті сыртқы аудитор ұсынатын аудиторлық емес қызметтерді сатып алудың қолданыстағы саясатына түзетулер енгізу туралы ұсыныс жасады және осы қызметтерге Халықаралық сыртқы аудит стандарттары ұсынғаннан гөрі қатаңырақ ақша лимитін енгізді.

Комплаенс қызметінің мәселелері бойынша

- комплаенс функциясын Директорлар кеңесінің есептілігіне аударуды қарады және ұсынды;
- комплаенс қызметінің 2021-2022 жылдарға арналған жұмыс жоспарын зерделеді;
- комплаенс қызметінің жарты жылдық және жылдық есебін қарады;
- Директорлар кеңесіне инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, мүдделер қақтығысын реттеу саясатын және «Самұрық-Қазына» АҚ ішкі бақылау қағидаларын бекіту бойынша ұсынымдарды қарады және ұсынды;
- «Самұрық-Қазына» АҚ ақпаратты ашу саясатына өзгерістер енгізуді Директорлар кеңесінің бекітуін қарап, мақұлдады;
- комплаенс мәдениетін нығайту және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Аудит комитеті тиісті мемлекеттік органдармен (Сы-



байлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі және Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы) ынтымақтастықты кеңейту және заңнамалық ұсыныстарды қоса алғанда, бірлескен бастамаларды әзірлеу бойынша комплаенс қызметімен бірлескен жұмыс жүргізді;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын қамтитын қызметкерлерді тиімді комплаенс-оқытумен қамтамасыз етті;
- талаптарды сақтауды бұзу және әдепке жат қылықтар туралы жасырын хабарлау үшін үшінші тарап басқаратын «жедел желіні» (KPMG) енгізуді қарады және мақұлдады.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша:

- 2020 және 2021 жылдардағы Қор тобының тәуекелдері бойынша шоғырландырылған тоқсандық және жылдық есептерді қарады және Директорлар кеңесіне ұсынды;
- Директорлар кеңесіне Қордың 2022 жылға арналған картасы мен тәуекелдер тіркелімін, тәуекел-тәбетті бекіту бойынша ұсынымдарды қарады және ұсынды;
- тәуекел мәселелерін талқылауға және тәуекел иелерімен өзара әрекеттесуге көп уақыт бөлді, ашық қарым-қатынасқа, сондай-ақ негізгі тәуекелдерді сапалы талқылауға ықпал етеді;
- тәуекелдер бойынша есептердің сапасын арттыру, болашақ тәуекелдер мен ықтимал қауіптерді талдау бойынша, тәуекелдерді басқарудың прогрессивті шаралары бойынша, сондай-ақ Қордың тәуекелдері бойынша есептілік мерзімдерін оңтайландыруға бағытталған шаралар бойынша ұсынымдар берді.

Қаржылық есептілік мәселелері бойынша:

- Директорлар кеңесіне 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігін қарады және бекіту үшін ұсынды;
- Қордың 2021 жылғы 30 наурызда және 30 маусымда аяқталған 3 және 6 айдағы аралық қысқартылған шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігін қарады;
- егжей-тегжейлі шолу жүргізіп, басшылықпен және сыртқы аудит өкілімен талқылады:
 - қаржылық есептілікке енгізілген негізгі көрсеткіштер, әсіресе ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануымен байланысты көрсеткіштер;
 - жаңа мәмілелер мен бизнес бірлестіктерін есепке алу;

- қызмет үздіксіздігі және өтімділік;
- қарыздық ковенанттарды сақтау;
- түзетілмеген аудиторлық сәйкессіздіктер.

Корпоративтік басқару мәселелері бойынша:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есепті қарады;
- Қордағы және портфельдік компанияларындағы корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының нәтижелерін қарады;
- корпоративтік басқаруды жетілдіру жоспарын қарап, Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынды.

Стратегия комитеті

Қордың Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 13 желтоқсандағы шешімімен Стратегия комитеті құрылды, оның құзыретіне Қордың Директорлар кеңесіне мынадай мәселелер бойынша ұсынымдар әзірлеу кіреді:

- Қордың 10 жылдық кезеңге арналған даму стратегиясын және Қордың 5 жылдық кезеңге арналған Даму жоспарын Қордың Директорлар кеңесінде одан әрі қарау үшін алдын ала мақұлдау;
- Қордың Директорлар кеңесінің Қордың Даму стратегиясы мен даму жоспарының іске асырылуын мониторингтеу және бақылау мақсатында Қордың Даму Стратегиясының, Даму жоспарының іске асырылу (мониторингі) барысы туралы есептерді қарауы;
- ұлттық компаниялардың даму стратегияларының ұлттық стратегиялардың, міндеттер мен мемлекеттік бағдарламалардың декомпозицияланған стратегиялық көрсеткіштеріне сәйкестігі туралы Қордың ақпаратын қарау;
- қаралуы Қордың Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін Қор компаниялары тобының инвестициялық қызметі;
- Қордың Даму Стратегиясында, Қордың даму жоспарында және Қор компанияларының бизнес-жоспарларында пайдалану үшін алдын ала және ақтық макроэкономикалық көрсеткіштер болжамының индикативтік болжамын/диапазонын бекіту.

Комитет кемінде 3 (үш) мүшеден тұрады, олардың біреуі тәуелсіз директор болуға тиіс. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімі олардың Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.

Комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Стратегия комитетінің мүшесі	Қызметі	Комитеттің отырыстарына қатысу	%
1.	Ерғалиев Әсет Арманұлы	ҚР Ұлттық экономика министрі, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет төрағасы	7 отырыстың 7-і	100%
2.	Дудас Джон	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет мүшесі	7 отырыстың 6-ы	83%
3.	Мәжібаев Қайрат Қуанышбайұлы*	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	3 отырыстың 3-і	100%
4.	Онг Бун Хви	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	7 отырыстың 7-і	100%
5.	Ким Вячеслав Константинович	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	1 отырыстың 1-і	33%

* 2021 жылдың маусымында Қордың Директорлар кеңесінің құрамынан шықты

2021 жылы Стратегия комитетінің 7 отырысы, оның ішінде 2 күндізгі және 5 сырттай отырыс өткізілді.

Комитеттің отырыстары Комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтті, ол өз кезегінде Комитет қызметінің 2021 жылға арналған бірінші кезектегі және неғұрлым маңызды мәселелерін қамтыды.

Комитет отырыстарында мына мәселелер қаралып, талқыланды:

- Қордың Директорлар кеңесінің Стратегия комитетінің 2020 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есеп;
- «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 2020 жылғы шоғырландырылған аудиттелген қаржылық есептілігін ескере отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның даму жоспарын орындау туралы;
- 2020 жылдың 4 тоқсанының қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ірі инвестициялық жобаларының тоқсан сайынғы мониторингі, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ іске асырған жобаларының кейінгі мониторингі туралы;
- 2021 жылдың 1 тоқсанына даму жоспарын іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы ақпарат;
- 2021 жылдың 1 тоқсанының қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ірі инвестициялық жобаларының тоқсан сайынғы мониторингі туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспарында және Бизнес-жоспарларында пайдалану үшін алдын ала индикативтік макроэкономикалық көрсеткіштер туралы;

- 2021 жылдың 1 жарты жылдығындағы даму жоспарын іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы ақпарат;
- «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларының 2022-2026 жылдарға арналған даму жоспарында және Бизнес-жоспарларында пайдалану үшін ақырғы индикативтік макроэкономикалық көрсеткіштер туралы;
- 2021 жылдың 2 тоқсанының қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ірі инвестициялық жобаларының тоқсан сайынғы мониторингі туралы;
- 2021 жылғы 3 тоқсандағы даму жоспарын іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы ақпарат;
- 2021 жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ тобының ірі инвестициялық жобаларының тоқсан сайынғы мониторингі туралы.

2022 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Әлібек Сәкенұлы Қуантыров Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі болып тағайындалды. 2022 жылғы 26 қаңтарда Вячеслав Ким Қордың Директорлар кеңесінің құрамынан шықты. 2022 жылғы 19 ақпанда Онг Бун Хва Қордың Директорлар кеңесінің құрамынан шықты.

Жоғарыда аталған өзгерістерге байланысты стратегия комитетінің жаңартылған құрамы мынадай:

Қуантыр Әлібек Сәкенұлы – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі – Комитет төрағасы;

Дудас Джон – тәуелсіз директор.

Тағайындау және сыйақы комитеті

Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамдарына, Корпоративтік хатшы лауазымына білікті мамандарды тарту, тәуелсіз директорлардың сыйақыларын мақұлдау, Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу мен сыйақы беру шарттары мәселелері бойынша ұсынымдар беруге және ұсыныстар қалыптастыруға жауапты болып табылады.

2021 жылы бейне конференция байланысы арқылы Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетінің 5 (бес) күндізгі отырысы өткізілді. Жұмыс жоспарына сәйкес 23 (жиырма үш) мәселе қаралды.

Комитеттің құрамы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 11 маусымдағы № 403 қаулысымен тәуелсіз директор Мәжібаев Қайрат Қуанышбайұлының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылданды.

Директорлар кеңесінің күндізгі отырысының 2021 жылғы 8 шілдедегі № 186 хаттамасымен Комитет құрамына тәуелсіз директор Ақышев Данияр Талғатұлын сайлау туралы шешім қабылданды.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы мен Ақышев Данияр Талғатұлының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комитет құрамына келесі тұлғалар кірді:

- Дудас Джон – тәуелсіз директор – Комитет төрағасы;
- Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы;
- Ақышев Данияр Талғатұлы – Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, Комитет мүшесі;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің мүшесі	Қызметі	Комитеттің отырыстарына қатысу	%
1.	Джон Дудас	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет төрағасы	5 отырыстың 5-і	100%
2.	Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет мүшесі	4 отырыстың 4-і	100%
3.	Ақышев Данияр Талғатұлы	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының көмекшісі, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	3 отырыстың 3-і	100%
4.	Мәжібаев Қайрат Қуанышбайұлы	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	1 отырыстың 0-і	0%
5.	Лука Сутера	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	5 отырыстың 5-і	100%

Комитеттің отырыстары комитеттің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 51 шешімімен бекітілген Комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде өтіп тұрған.

Комитет отырыстарында келесі мәселелер қаралып талқыланды:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының құрамы туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшелерінің «Самұрық-Қазына» АҚ тобының кейбір компанияларында және басқа да ұйымдарда Директорлар кеңесінің мүшесі, Қадағалау кеңесінің мүшесі және Қамқоршылық кеңесінің мүшесі қызметтеріне тағайындалуына келісім беру туралы;

- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы, мүшелері үшін 2020 жылғы нақты мәнімен Қор қызметінің негізгі көрсеткіштерінің картасын (ҚТК) және 2020 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы мөлшерін бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының Қоғамдық кеңесі туралы ережені бекіту туралы» мәселені «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына шығару туралы;
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жарғысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 1418 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз директорларын іріктеу қағидаларын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің кейбір мәселелері туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу саясатын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшелерінің 2021 жылға арналған бизнес-мақсаттарын орындау туралы келісімдерді қарау туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ қызметінің корпоративтік негізгі көрсеткіштерінің 2022 жылға арналған картасын қарау туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшелерінің 2022 жылға арналған бизнес-мақсаттарын орындау туралы келісімдерді қарау туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерін кәсіби дамыту қағидаларын бекіту туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің сарапшыларды тартуға қатысты кейбір мәселелері туралы;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеті туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2021 жылы бейне конференция байланысы арқылы 5 (бес) күндігі отырысы өткізілді

Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитеті

Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитеті Қордың Директорлар кеңесінің консультациялық-кеңесші органы болып табылады және Қорды трансформациялау бағдарламасының іске асырылуына мониторинг пен бағалау жүргізу және Қордың Директорлар кеңесіне қажетті ұсынымдар дайындау жөніндегі міндеттерді орындау үшін құрылған.

2021 жылы бейне конференция байланысы арқылы Қордың Директорлар Кеңесі жанындағы трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитетінің 5 (бес) күндігі отырысы өткізілді. Жұмыс жоспарына сәйкес 13 (он үш) мәселе қаралды.

Комитет құрамы

Қордың Директорлар кеңесінің күндігі отырысының 2021 жылғы 8 шілдедегі № 186 хаттамасымен Комитет құрамына тәуелсіз директор Вячеслав Константинович Кимді сайлау туралы шешім қабылданды.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкілдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 34 қаулысына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшесі Қанат Алдабергелұлы Бозымбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Комитет құрамына мына тұлғалар кірді:

- Дудас Джон – тәуелсіз директор – Комитет төрағасы;
- Бозымбаев Қанат Алдабергелұлы;
- Онг Бун Хви – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Ким Вячеслав Константинович – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Комитет мүшелерінің 2021 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Трансформациялау бағдарламасының іске асырылуын бақылау комитетінің мүшесі	Қызметі	Комитеттің отырыстарына қатысуы	%
1.	Дудас Джон	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, Комитет төрағасы	5 отырыстың 5-і	100%
2.	Бозымбаев Қанат Алдабергенұлы	Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	5 отырыстың 4-і	80%
3.	Онг Бун Хви	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	5 отырыстың 5-і	100%
4.	Ким Вячеслав Константинович	Тәуелсіз директор, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі	2 отырыстың 1-і	50%

2021 жылы Комитет өз өкілеттіктерін орындау шеңберінде тұрақты негізде отырыстар өткізді.

Комитет отырыстарында төмендегі мәселелер талқыланып, қаралды:

- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік құқығымен «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамына тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың активтерін бәсекелес ортаға беру қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- 2020 жылдың нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 қаулысын орындау шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарының активтерін іске асыруға шығару барысы туралы есеп;
- активтерді бәсекелес ортаға берудің кейбір мәселелері туралы;
- 2020 жылдың және 2021 жылдың 1 тоқсанының қорытындылары бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларын трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысы туралы есеп;

- «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС жарғылық капиталына қатысу үлесінің 49,5%-ын беру туралы»;
- 2021 жылдың бірінші жарты жылдығының нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысын орындау шеңберінде «Самұрық-Қазына» АҚ және оның еншілес ұйымдарының активтерін өткізуге шығару барысы туралы есеп;
- 2021 жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысы туралы есеп.

Мамандандырылған комитет

Мамандандырылған комитет Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, Республикалық бюджеттің қаражатын, сондай-ақ мемлекет кепілгерліктері мен активтерін пайдалануға байланысты мәселелерді қоспағанда, Қор тобына кіретін ұйымдар қызметінің экономиканы немесе экономиканың жекелеген бір саласын дамытуға әсерін кешенді және объективті талдауды жүзеге асырады.

БАСҚАРМА

Басқарма Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын және Даму стратегиясы мен жоспарының, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционері қабылдаған шешімдердің іске асырылуына жауапты болатын Қордың алқалы атқарушы органы болып табылады. Қор басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына, Жалғыз акционердің, Қордың Директорлар кеңесінің шешіміне, Басқарма туралы ережеге және Қордың өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Басқарма төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма мен Басқарма төрағасы өз қызметінде Қордың Жалғыз акционеріне және Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарманың құзыретіне, басқалармен қатар, мыналар жатады:

- «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңға сәйкес Қордың Жалғыз акционері немесе Директорлар кеңесі шешім қабылдайтын мәселелер бойынша шешімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға сәйкес акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысының, Компанияның өзге органының немесе Қор оның акционері, қатысушысы болып табылатын немесе мүліктегі үлеске құқығы бар

өзге заңды тұлғаның құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

- компанияларға қатысты инвестициялық шешімдер мен инвестициялық жобаларды іске асырудың толықтығы мен мерзімдері бойынша іркілістерге жол бермеу бойынша жедел шаралар қабылдау;
- компанияларға қатысты бірыңғай (оның ішінде компаниялар қызметінің салалары бойынша) қаржылық, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық, ақшаны басқару, кадрлық, әлеуметтік және өзге де саясатты қалыптастыру;
- компаниялардың даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және олардың орындалуын мониторингтеу қағидаларын бекіту;
- Қордың штаттық санын, штаттық кестесін және ұйымдық құрылымын бекіту;
- жыл сайынғы негізде ҚК қызметінің нәтижелерін тыңдау және Қордың Директорлар кеңесіне компаниялар қызметінің нәтижелері туралы есептер беру;
- Қордың ішкі қызметі мәселелері бойынша шешімдер қабылдау.

Қор Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің толық тізбесі Қор Жарғысында www.sk.kz сайтында көрсетілген.



ҚОР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ



Сәтқалиев Алмассадам Майданұлы
Басқарма төрағасы

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – «Механик, қолданбалы-математик»;
- Халықаралық Мемлекеттік қызмет және басқару институты (ХМҚБИ), қоғамдық сектор қаржысы кафедрасы, «Экономика» бағыты, «Қаржы экономикасы» бағдарламасы;
- Ресей Федерациясы Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы, Мәскеу қ., экономика магистрі;
- Executive MBA бағдарламасы бойынша Назарбаев Университеті Жоғарғы бизнес мектебі, Duke university's Fuqua School of Business-пен бірлескен бағдарлама – «Іскерлік әкімшілендіру» магистрі;
- Stanford Executive Program бағдарламасы бойынша Стэнфорд университетінің Жоғарғы бизнес мектебі.

Еңбек жолы:

«KEGOC» АҚ бірінші вице-президенті, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ электр энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры, Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі, «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарушы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы лауазымдарын атқарған.

Марапаттары: Ордендер: «Құрмет», «Парасат». Медальдер: «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл мерекелік медалі», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 25 жыл», «KAZENERGY Қауымдастығына 10 жыл», ТМД еңбек сіңірген энергетигі, III дәрежелі «Барыс» медалімен марапатталды.



Жанәділ Ернар Бейсенұлы
Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор

Білімі:

- Қазақстандық менеджмент, Экономика және болжамдау институты (ҚМЭБИ), мамандығы «Бухгалтерлік есеп»;
- Манчестер Бизнес Мектебі, Манчестер университеті (Ұлыбритания), магистр дәрежесі, Бухгалтерлік есеп және қаржы.

Еңбек жолы:

Ернар Бейсенұлы түрлі жылдары PricewaterhouseCoopers халықаралық аудиторлық фирмасында, Philip Morris Kazakhstan филиалында жұмыс істеді. 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржылық бақылаушы лауазымына тағайындалып, кейіннен Қаржы және операциялар жөніндегі Басқарушы директор, Экономика және қаржы жөніндегі бірлескен Басқарушы директор лауазымына, «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі лауазымына бекітілді.



Нұрбаева Назира Нұртілеуқызы

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Білімі:

- Wisconsin Center Richland университеті, АҚШ, мамандығы «Бизнес-әкімшілендіру».

Еңбек жолы:

Назира Нұртілеуқызы еңбек жолын 1998 жылы PriceWaterhouse филиалында бастады. 2003 жылдан 2004 жылға дейін LUKOIL Overseas Services, Ltd аға салық кеңесшісі болып жұмыс істеді. 2014 жылдан 2020 жылға дейін «PriceWaterhouseCoopers Tax & Advisory» ЖШС-нің директоры қызметін атқарды. 2020 жылғы маусым мен 2021 жылғы сәуір аралығында «Deloitte TCF» ЖШС-нің Серіктесі ретінде жұмыс істеді.



Бердіғұлов Ернат Құдайбергенұлы

Стратегия және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор

Білімі:

- 2007–2010 University of Toronto, Canada, Public Policy and International Studies;
- 2015–2018 University of Warwick, United Kingdom, Master of Business Administration.

Еңбек жолы:

Ернат Құдайбергенұлы өзінің еңбек жолын 2011 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-да бастаған. 2013-2018 жылдар аралығында «Самұрық-Энерго» АҚ-ның түрлі департаменттерінің директоры және Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2019 жылдан 2021 жылға дейін Whiteshield Partners компаниясында жоба жетекшісі болып жұмыс істеді. 2021 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ Стратегия, орнықты даму және цифрландыру жөніндегі Басқарушы директор қызметін атқарды.



Казутин Николай Юрьевич

Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор

Білімі:

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, мамандығы «Бухгалтерлік есеп және аудит».

Еңбек жолы:

Николай Юрьевич өзінің еңбек жолын 2001 жылы бастады және 2005 жылға дейін сақтандыру компанияларында қаржы талдаушысы ретінде жұмыс істеді. 2006-2016 жылдар аралығында «Прайсуотерхаускуперс Такс энд әдвайзри» ЖШС-де жұмыс істеді. 2016 жылдан 2020 жылға дейін «Көкшетау минералды сулары» АҚ және «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-да Ішкі аудит қызметінің директоры және Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2020 жылдан 2022 жылға дейін ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

БАСҚАРМА ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылы басқарманың 60 отырысы өткізілді, оның ішінде 56 күндізгі және 4 сырттай. 403 мәселе қаралды, оның ішінде 399-ы күндізгі форматта.

Қор Басқармасы қараған ең маңызды мәселелер:

- Қордың портфельдік компанияларының 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептіліктерін бекіту;
- Қордың портфельдік компанияларының директорлар кеңестері мен қадағалау кеңестерін сайлау;
- Қордың портфельдік компанияларының бірінші басшыларын келісімдеу және/немесе тағайындау;
- Қордың портфельдік компанияларының жарғылық капиталдарын өзгерту;
- Қордың портфельдік компанияларының Жарғыларына өзгерістер енгізу;
- мәселелерді алдын ала мақұлдау және Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығару;
- Қордың корпоративтік стандарттарын бекіту және/немесе оларға өзгерістер енгізу;
- сатып алу, инвестициялық қызмет, адам ресурстарын басқару мәселелері бойынша Қордың ІНҚ-ын бекіту және/немесе оған өзгерістер енгізу;
- Қордың ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесінің өзгеруі;
- Қор бюджетін түзету;
- Қордың контрагент-банктеріне лимиттерді бекіту.

БАСҚАРМА ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР

Басқарманың қабылданатын шешімдерінің тиімділігін арттыру мақсатында, бес комитет жұмыс істейді: инвестициялық-стратегиялық; кадрлық; еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеттері; ғылыми кеңес және жаңғырту кеңесі.

Басқарма жанындағы комитеттер





Инвестициялық-стратегиялық комитет

Инвестициялық-стратегиялық комитет қызметінің мақсаты – талқылауға арналған алаң ұсыну, төмендегі мәселелер бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу арқылы (тәуекелге бағдарланған шешімдер қабылдауды қамтамасыз етуді қоса алғанда) Қордың стратегиялық ҚНК-не қол жеткізу үшін Қор активтері портфелін басқару кезінде шешімдер қабылдауда тиімділікті арттыруға көмектесу болып табылады:

- Қордың және ПК-ның стратегиялық дамуы;
- Қордың активтер портфелін және Қор мен ПК-ның инвестициялық жобалары портфелін басқару;
- тәуекелдерді басқару (қаржылық, инвестициялық, операциялық);
- инвестициялық саясатты, кредит саясатын, борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатын іске асыру;
- инвестициялық қызмет, стратегиялық және бизнес-жоспарлау, ірі күрделі жобаларды басқару бойынша корпоративтік стандарттарды іске асыру.

2021 жылы инвестициялық-стратегиялық комитеттің 54 отырысы өткізілді.



Кадр комитеті

Кадр комитетінің мақсаты – Қордың кадрлық саясатын үйлестіру мен іске асыруды қамтамасыз ету, адам ресурстарын басқару мәселелері бойынша ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау, Қор тобы үшін HR саласында әдіснамалық және сараптамалық-талдамалық қолдау көрсету болып табылады.

Кадр комитетінің құрамы Қор Басқармасының шешімімен белгіленеді және Кадр комитетінің төрағасын қоса алғанда, кемінде 5 (бес) тұрақты мүшеден тұрады. Кадр комитетінің жұмысына Комитеттің жұмыс органының және хатшысының өкілдері (дауыс беру құқығынсыз) қатысады.

2021 жылы Қордың Кадр комитетінің 10 күндізгі отырысы өткізілді. Барлығы 31 мәселе қаралып, 62 шешім қабылданды.

Атап айтқанда, бұл отырыстарда мынадай мәселелер қаралды:

- Қордың жекелеген қызметкерлерінің лауазымдарын (грейдтерін) бағалау мәселелері;
- Қор қызметкерлерін оқыту және кәсіби дамыту мәселелері;
- ҚР Конституциясы күніне және ҚР Тәуелсіздік күніне орай Қор тобының қызметкерлерін марапаттауға қатысты мәселелер.



Жаңғырту кеңесі

Жаңғырту кеңесінің негізгі мақсаты – Қор тобындағы трансформациялау бағдарламасын іске асыруға және компанияларды тиімді басқарудың озық практикаларын, технологияларын мен стандарттарын енгізуге бағытталған қызметті басқару және үйлестіру болып табылады.

Кеңес Қор Басқармасы жанындағы алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, оның шешімдері трансформациялау бағдарламасын іске асыру кезінде ескерілуге тиіс.

Жаңғырту кеңесінің негізгі міндеттері:

1. Трансформациялау бағдарламасының мазмұнын, негізгі бағыттарын, қаржыландыру мәселелерін, тиімділіктің түйінді көрсеткіштерін, қамтуды және іске асыру мерзімдерін белгілеу;
2. Қор және компаниялар қызметінің функционалдық бағыттары бойынша Трансформациялау бағдарламасын енгізуді үйлестіру;
3. Қордағы және компаниялардағы Трансформациялау бағдарламасына қатысушылар арасында коммуникацияны қамтамасыз ету;
4. Трансформациялау бағдарламасын енгізу сапасына қойылатын бірыңғай талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
5. Трансформациялау бағдарламасын іске асыруды мониторингтеу, өзгерістерді енгізу нәтижелерін бағалау, талдау, Бағдарламаның өзін түзету;
6. Трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысында туындайтын мәселелер мен проблемаларды, оның ішінде бірнеше компания үшін ортақ сипаттағы мәселелер мен проблемаларды жедел қарау болып табылады;
7. Трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қордың тиісті органдарының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қарауына мәселелер шығаруға бастамашылық жасау болып табылады.



Ғылыми-техникалық кеңес

«Самұрық-Қазына» қорының Ғылыми-техникалық кеңесі 2019 жылы құрылған. Ұлттық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін ҒЗТҚЖ және инновациялар бойынша жобаларды таңдау, есепке алу, мониторинг-ілеу және бақылау, шешімдер қабылдаудың алқалы және транспарентті процесінде кеңестің негізгі рөлі.

2021 жылы келесі тақырыптар бойынша 6 отырыс өткізілді: қайталама материалдық ресурстарды қайта өңдеу, көмір химиясы, мұнай химиясы, тау-кен металлургия кешенінің технологиялары және энергияға ауысу.

49 ғылыми-зерттеу әзірлемесі қаралып, 37 перспективалық пилоттық жоба іріктелді.

ҒЗТҚЖ және Қор тобының инновациялық қоржынын басқарудағы бірыңғай тәсілді регламенттейтін ҒЗТҚЖ, инновациялар және білімді басқару бойынша корпоративтік стандарт қалыптастырылды.



Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеті қызметінің мақсаты Қор Басқармасы мен ПК-ның Директорлар кеңестеріндегі Қор өкілдері үшін ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында портфельдік компаниялары жүргізетін іс-шараларды үйлестіру болып табылады.

HSE комитеті 2021 жылы өз функциясын сәтті орындауды жалғастырды – проблемалық мәселелерді талқылау, тәжірибе алмасу, сондай-ақ стратегиялық бастамалар мен идеяларды қарау үшін диалог алаңы ретінде қызмет етті.

HSE комитетінің 12 отырысы өткізілді, оның аясында келесі өзекті мәселелер талқыланды:

- HSE саласындағы ҚК қызметінің прогресі мен нәтижелері;
- жазатайым оқиғаларды тергеу нәтижелері және қабылданған іс-шаралар;
- Қор тобында HSE басқару жүйесін дамыту бойынша стратегиялық пайымды талқылау және қабылдау;

- Health, Safety & Environment (HSE) басқару жүйесі бойынша саясат пен нұсқаулық әзірленді. Бекіту сатысында;
- Қордың HSE саласындағы басқару жүйесінің Мақсаттары, Міндеттері мен Процесі анықталды;
- ірі оқиғалар туралы дереу хабарлау хаттамасына өзгерістер енгізілді;
- Қор компаниялары тобындағы COVID-19 бойынша эпидемиологиялық жағдайға мониторинг жүргізу практикасы, профилактикалық шараларды, сондай-ақ қызметкерлерді вакциналауға/ре-вакциналауға ынталандыру құралдарын қарастыру жалғастырылды.



Орнықты даму комитеті

Орнықты даму комитетінің құрудың мақсаты – Қор Басқармасы мен ПК Директорлар кеңестеріндегі Қор өкілдері үшін ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ портфельдік компаниялары жүргізетін орнықты даму саласындағы іс-шараларды үйлестіру болып табылады, атап айтқанда:

- орнықты даму қағидаттарын жоспарлы және үздіксіз сақтау жүйесін енгізу;
- мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың, компанияның орнықты даму саласындағы стандарттарға адалдығын растаудың тиімді жүйесін әзірлеу;
- Қордың және ПК-ның стратегиялық мақсаттарына олардың мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақтылығына нұқсан келтірмей қол жеткізуді қамтамасыз ету.

2021 жылы көміртекті бейтараптық мәселелері бойынша Орнықты даму жөніндегі комитеттің бір отырысы өтті.



Ақпараттық қауіпсіздік комитеті

Ақпараттық қауіпсіздік комитетінің құрудың мақсаты – Қор Басқармасы үшін, Қор тобында ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесін құру және дамыту бойынша ұсынымдарды пысықтау, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, ПК-ның Ақпараттық технологиялар бөлімшелерімен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру болып табылады.

Есепті кезеңде Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі комитеттің отырыстары өткізілген жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ МЕН БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫ

Қордың Жарғысына және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәуелсіз директорларға сыйақы мөлшерін Жалғыз акционер белгілейді.

Тәуелсіз директорларға сыйақы төленеді және олардың өз функциялары шеңберінде орындаған міндеттеріне байланысты шығындар өтеледі.

Қордың Басқарма төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу шарттарын Қордың Директорлар кеңесі белгілейді. Олардың сыйақы мөлшерін белгілеуде Қордың Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеті негізгі рөл атқарады.

Қордың Басқарма төрағасы мен мүшелеріне сыйақы беру жүйесі Қордың Директорлар Кеңесі бекіткен Қордың Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарына сәйкес айқындалады және лауазымдық айлықақыны, тиісті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай біржолғы сыйлықақыны қамтиды.

Тиісті кезеңдегі жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы Басқарма төрағасы мен мүшесінің қызметін бағалау нәтижелеріне байланысты қол жеткізген жетістіктері үшін материалдық көтермелеу және жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында төленеді.

Сыйақы төлеу үшін негізгі шарт есепті жылға шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы болып табылады.

Жалпы және әкімшілік шығыстарға енгізілген негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақының жалпы сомасы 2021 жылы 615 млн теңгені құрады. Көрсетілген сома тәуелсіз директорлардың сыйақысын және атқарушы органның мүшелеріне төленген сыйақыны қамтиды.

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы Қордың органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерінің іске асырылуын кепілдейтін корпоративтік басқару қағидалары мен рәсімдерін сақтауын қамтамасыз етеді.

Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі атқаратын қызметінің негізгі мақсаты Директорлар кеңесі мен Комитетке Қордағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру бойынша бағалау мен ұсынымдар беру арқылы Қорды тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпарат беру болып табылады.

Омбудсмен

Омбудсменнің негізгі функциялары өзіне жүгінген Қор қызметкерлеріне консультация беру және еңбек дауларын, жанжалдарын, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ Қор қызметкерлерінің іскерлік әдеп қағидастарын сақтауға жәрдемдесу болып табылады.

Комплаенс қызметі

Комплаенс қызметінің мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша реттеушілік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың үздік халықаралық практикасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу тетіктерін енгізу болып табылады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет Қор тобының корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі, сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабында көзделген талап болып табылады.

Осылайша, Қордың және оның портфельдік компанияларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты шеңберінде келісілген іс-қимылдарды іске асыру мақсатында, 2021 жылғы 16 ақпанда Қор мен Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды және Қор ғимаратында «Адалдық алаңы» бірлескен жобалық офисі ашылды.

Осы Меморандум аясында Самұрық-Қазына Корпоративтік университетінде комплаенс-квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мамандарын даярлау/қайта даярлау жобасы іске қосылды.

Заңның 16-бабының талаптарын орындау үшін 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор компаниялары тобында 77 дербес комплаенс-қызмет және 44 бөлімше құрылды, оларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындау жүктелген.

Қордың Комплаенс қызметінің жұмысы 2021 жылы мынадай бағыттарды дамытуға шоғырланды:

1. Қор және оның портфельдік компаниялары қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

Қордың Басқарма төрағасы (29.01.2021 жылғы № 13-р) Қордың 2021 жылға арналған заң талаптарын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті. Осыған ұқсас жоспарлар Қор тобының барлық портфельдік компанияларында бекітілді.

Осы жоспарларға сәйкес мыналар іске асырылды:

- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген қызметкерлердің тізбесі белгіленді және олармен сыбайлас

жемқорлыққа қарсы заңнаманы қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар әзірленді.

- Қорда және портфельдік компанияларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.
- қызметкерлер үшін комплаенс-тренингтер өткізілді, «жедел желі» және Қор мен портфельдік компанияларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар туралы жаңартылған ақпарат жазылған баннерлер орналастырылды.
- салық заңнамасына шолу нәтижелері бойынша Қордың басшы қызметкерлерінің активтер мен міндеттемелерді декларациялау талаптарын орындауы қамтамасыз етіледі.
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті тұлғаларға теңестірілген барлық тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауын бақылау жүзеге асырылады.

2. Заң шығару, Қордың ішкі нормативтік базасын жетілдіру және өзектілендіру, оны Қазақстан Республикасының заңнамасына және үздік халықаралық практикаға сәйкестікке келтіру.

Комплаенс қызметінің басшысы Дәурен Ақшалов ҚР Парламенті Мәжілісіндегі жұмыс тобының тұрақты мүшесі болып енгізілді, оның шеңберінде Қордың бастамасы бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген комплаенс-квазимемлекеттік сектор қызметтерінің тәуелсіздігі бөлігінде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына өзгерістер енгізілді (Заңның 16-бабының 3-тармағы).

Комплаенс саласындағы заңнаманың өзгерістеріне шолу және ішкі нормативтік базаға талдау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша 4 ішкі құжат (сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, контрагенттердің сенімділігін тексеру жөніндегі қағидалар, мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат, инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату үшін ішкі бақылау қағидалары) әзірленіп бекітілді, Директорлар кеңесі туралы ережелерге өзгерістер енгізілді және Қордың Аудит жөніндегі комитеті, комплаенс-қызметтердің тәуелсіздігі және Директорлар кеңесіне есеп беру туралы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына сәйкестікке келтіру бөлігінде комплаенс қызметі туралы ереже жаңа редакцияда бекітілді.

2021 жылғы қыркүйектен бастап компаенс қызметінің басшысы Дәурен Ақшалов «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарау бойынша ҚР Парламенті Мәжілісіндегі жұмыс тобының сарапшысы ретінде тартылды. Қордың ұсыныстарын ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары қолдады, заң жобасы бойынша жұмыс жалғасуда.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Заңның 8-бабын орындау мақсатында Қордың Басқарма төрағасының 07.04.2021 ж. № 31-п бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстардың жүзеге асырылуына жағдайлардың болуы тұрғысынан Қор процестеріне ішкі талдау жүргізілді. Осыған ұқсас іс-шаралар Қор тобының барлық портфельдік компаниялары бойынша өткізілді, оларды митигациялау жөніндегі тиісті іс-шаралар жоспары әзірленді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері компаниялардың бірінші басшыларына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жіберілді.

4. Қор мен портфельдік компанияларында компаенс процестерін автоматтандыру.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 10-2-Н-қбп «Самұрық-Қазына» АҚ активтерін басқару тиімділігінің мемлекеттік аудитінің қорытындылары туралы» Нұсқамасына сәйкес 2020 жылғы 31 қазанда Қордың Басқарма төрағасы бекіткен үшінші тұлғалардың сенімділігін және олардың «Самұрық-Қазына» АҚ Қоры мен компаниялар тобы қызметкерлерімен үлестес болуын тексеру рәсімін әзірлеу және енгізу жоспары дайындалды.

Қордың компаенс-бағдарламасының жекелеген элементтерін автоматтандыру аясында 2021 жыл-

Заңның 16-бабының талаптарын орындау үшін 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор компаниялары тобында 77 дербес компаенс-қызмет және 44 бөлімше құрылды, оларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметтердің функцияларын орындау жүктелген.

дың маусым айынан бастап орталықтандырылған автоматтандырылған жедел желі жүйесі жұмыс істейді (<https://sk-hotline.kz/>), оған Қорға тәуелсіз үшінші тарап – KPM Гәкімшілік етеді. Жедел желі операторынан келіп түскен барлық өтініштер нақты уақыт режимінде Қор компаниялары тобының компаенс-офицерлерінің қарауына келіп түседі. Сондай-ақ компаенс автоматтандырылған жүйесінде үшінші тұлғалардың сенімділігін және олардың Қор тобының қызметкерлерімен үлестестігін тексеру рәсімін әзірлеу және енгізу жөніндегі функционал, белсенді (шарттық міндеттемелері бар) контрагенттерді талдау мақсатында әзірленген <Автомониторинг> модулі, жедел желі өтініштерімен жұмыс істеуге және жаңа кейстер жасауға мүмкіндік беретін <Кейстермен жұмыс істеу> модулі іске асырылды. Сонымен қатар жүйе қызметкерлер тізімі бойынша SAP HCM-мен ықпалдастырылды, электрондық сатып алу жүйесімен ықпалдастықты жүзеге асыру үшін Деректер моделі іске асырылды. Қазіргі уақытта жүйе пилоттық нұсқада жұмыс істейді.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және компаенс-мәдениетті қалыптастыру.

Компаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті – сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған іс-шаралар жүргізеді, оның ішінде Қор қызметкерлері үшін күндізгі оқыту және ақпараттық іс-шаралар өткізіледі, Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының талаптары бойынша бейнероликтер және өзге де көрнекі материалдар жалпыға қолжетімді жерлерде орналастырылған, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен бірлескен іс-шаралар өткізіледі, атап айтқанда, бірлескен «Адалдық алаңы» жобалық кеңсесі ашылды.

6. Бұзушылықтар туралы бастамашылық ақпараттандыру шеңберінде келіп түсетін өтініштер бойынша тексерулерді жүзеге асыру.

Бастамашылық ақпараттандыру саясатына сәйкес, Қор бастамашылық ақпараттандыру желісіне (Жедел желі) сенімді арттыру маңызды екенін түсінеді. 2021 жылы Жедел желіге барлығы 594 өтініш келіп түсті, оның 150-і расталды. Өтініштердің басым бөлігі ҚТЖ, ҚМГ және Қазпошта қызметіне қатысты келіп түсті. Бұзушылықтардың түрлері бойынша өтініштердің басым бөлігі белгіленген рәсімдер мен заңнаманы бұзумен (83), еңбек жанжалдарымен – 103 және сатып алулармен – 53 өтініш байланысты болды.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару жүйесі стратегиялық, операциялық мақсаттарға, дұрыс есептілікті дайындау саласындағы мақсаттарға және қолданыстағы заңнама мен ішкі талаптарды сақтау саласындағы мақсаттарға қол жеткізуге қисынды сенімділікті қамтамасыз етуге арналған. Ішкі бақылау операциялық мақсаттарға, дұрыс есептілікті дайындау саласындағы мақсаттарға, қолданыстағы заңнаманы, Қордың және оның портфельдік компанияларының ішкі талаптарын сақтауға қол жеткізуге шоғырланды.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесінің міндеттері:

- тәуекел-мәдениетті арттыру және тәуекел-менеджмент пен ішкі бақылауды Қор қызметінің барлық аспектілеріне енгізу;
- Қордың мақсаттарға қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу, жағымсыз «тосынсыйларға» тиімді жауап қайтару және мұндай жағдайлардың орын алған кездегі салдарын қолайлы деңгейге дейін азайту қабілетін арттыру арқылы қызмет нәтижелерінің құбылмалылығын төмендету;
- ұзақ мерзімді перспективада Қордың активтері мен кірістілігін арттыру үшін мүмкіндіктердің пайдаланылуын қамтамасыз ету.

Қор тобындағы тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылауды ұйымдастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері Қордың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі саясатында көрсетілген. Бұл Саясат COSO-ның «Ұйымдардың тәуекелдерін басқарудың тұжырымдамалық негіздері: стратегиямен және тиімділік көрсеткіштерімен интеграция» ұсынымдарын ескере отырып жасалған және тәуекел иелерінің Қордың барлық деңгейлеріндегі тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілігін күшейтуді қамтамасыз етуге, тәуекел менеджментінің Қордың барлық процестеріне ықпалдасуын арттыруға арналған.

Саясатқа сәйкес, Қордың Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы өз функцияларын орындау барысында «Үш қорғаныс желісі» моделіне сүйенеді, онда қорғаныстың бірінші желісі (бизнес-функциялар) құрылымдық бөлімшелер атынан әрекет ететін әрбір қызметкер түрінде ұсынылады, олар өз құзыреті шеңберінде тәуекелдерді тікелей сәйкестендіреді, басқарады және бақылау рәсімдерін орындайды. Қорғаныстың екінші желісі (мониторинг функциялары) Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау департаментімен және Қордың Комплаенс қызметімен ұсынылған, олар тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді тәжірибесінің бизнес-функцияларын енгізу мониторингіне, заңнаманың және



Қордың ішкі нормативтік құжаттарының сақталуына жауап береді. Үшінші қорғаныс желісі (тәуелсіз кепілдік) Қордың Ішкі аудит қызметімен ұсынылған, Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне тәуелсіз бағалау жүргізеді және оларды жетілдіруге септеседі.

Қорда және портфельдік компанияларында жыл сайынғы негізде тәуекел-тәбет, тәуекелдер тіркелімі мен картасы бекітіледі; портфельдік компанияларының және Қордың Директорлар кеңестерінің/Бақылау кеңестерінің қарауына қызметтің маңызды салалары бойынша басқарушылық есептілік тұрақты негізде ұсынылады.

Қор активінің әкімшілендіруімен тәуекелдерді қайта сақтандырудың корпоративтік бағдарламасы іске асырылуда, ол акционерлердің Қор компанияларының тәуекелдерін қайта сақтандыру ретінде сенімділігін қамтамасыз етеді.

Ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құру бойынша жұмыс жалғастырылды. Процестік тәуекелдерді төмендету мақсатында Қорда қызметкерлердің Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын білуіне қатысты жалпы міндетті және функционалдық сертификаттау жүргізіледі.

Қор мен портфельдік компаниялары тәуекелдерінің толық емес тізбесі мынадай:

Стратегиялық тәуекелдер:

Маңызды инвестициялық жобалардың тәуекелдері ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Жоба-

ны іске асыру мерзімдерінің бұзылуы және күрделі шығыстардың ұлғаюы ретінде классикалық жобалық тәуекелдерден басқа, сыртқы факторлар, мысалы, жоғары инфляция, бағамдық айырмашылықтың өзгеруі және логистикалық мәселелер жобалардың көрсеткіштеріне теріс әсер етеді. Әлеуетті және іске асырылған тәуекелдерді сәйкестендіру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі, оларды барынша азайту бойынша іс-шаралар әзірленеді.

Беделге нұқсан келтіру тәуекелі – клиенттер, контрагенттер, акционерлер, инвесторлар, кредиторлар, нарықтық талдаушылар, қадағалау органдары және жалпы жұртшылық тарапынан Қордың және портфельдік компанияларының теріс қабылдауына байланысты тәуекел. Осы тәуекелді басқару үшін Қор тобының бірыңғай имидждік және коммуникациялық саясатын құру мақсатында портфельдік компанияларымен тұрақты негізде өзара іс-қимыл жүргізіледі, Қор мен портфельдік компаниялары қызметкерлерінің заңнама талаптарын және белгіленген этикалық мінез-құлық нормаларын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар іске асырылады.

Қаржылық тәуекелдер:

Өтімділік және ковенант/листинг талаптарын бұзу тәуекелдері – компанияны өз қызметін қаржыландыруға, өз міндеттемелері бойынша уақтылы және толық көлемде жауап беруге қабілетсіздігіне байланысты тәуекелдер. Осы тәуекелдерді басқару шеңберінде Қордың және портфельдік компанияларының борыштық жүктемесінің дәрежесіне лимиттер белгіленіп, мониторинг жүзеге асырылады,



портфельдік компанияларының ковенанттарды орындауын қамтамасыз ету және Қор тобының қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша түрлі шаралар қабылданады.

Валюталық тәуекел – шетел валюталары бағамдарының қолайсыз өзгеруі салдарынан болатын шығындар тәуекелі. Қордың және портфельдік компанияларының валюталық борышының деңгейін бақылау және бағамдық айырмашылықтардың таза пайдаға әсерін талдау жүзеге асырылады, ішкі және сыртқы нарықтардағы жағдайлар, реттеушінің іс-қимылы қадағаланады. Валюталық борышты қысқарту, оның ішінде валюталық қарыздарды қайта қаржыландыру және валюталық түсімді ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Операциялық тәуекелдер:

Әлеуметтік тұрақсыздық тәуекелі – Қор қызметкерлері мен портфельдік компанияларының әртүрлі топтарының әлеуметтік шиеленісімен байланысты тәуекел. Әлеуметтік тұрақтылық тәуекелінің жағдайын қадағалау үшін Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығы жыл сайынғы негізде Қор тобының еңбек ұжымындағы әлеуметтік тұрақтылық деңгейін талдайды. Әлеуметтік-еңбек қатынастарын мониторингтеу және реттеу мақсатында Қор тобы қызметкерлерінің шағымдары мен өтініштеріне мониторинг жүргізіледі. Қор портфельдік компанияларымен, республикалық және жергілікті билік органдарымен бірлесіп, жұмыскерлердің әл-ауқатын жақсарту және туындайтын мәселелерді шешу бойынша жүйелі шараларды пысықтауда.

Жазатайым оқиғалар тәуекелі – негізінен өндіріспен айналысатын Қордың портфельдік компаниялары үшін маңызды болып табылатын қызмет ерекшелігіне байланысты тәуекел. Тәуекелді митигациялау мақсатында Қорда еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы басқару жүйесін Қордың портфельдік компанияларында үздік халықаралық стандарттар деңгейіне шығару үшін «өндірістік қауіпсіздік» синергетикалық бастамасы көзделген. Жоғарыда аталған бастама Қор басқармасы жанындағы ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитеттің жұмысы шеңберінде іске асырылады, оған ең ірі 13 портфельдік компаниясының жауапты өкілдері кіреді. ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитеттің негізгі мақсаты – портфельдік компаниялардың еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздікті басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларының орындалу барысын үйлестіру мен бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Құқықтық тәуекелдер:

Сот талқылауларының тәуекелі – Қормен портфельдік компанияларын ірі сот талқылауларына тарту тәуекелі. Келіссөздер арқылы дауларды алдын ала шешу, қолданыстағы келісімдер бойынша Қор міндеттемелерінің мониторингі, Қор қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру және Қор тобының мүдделерін қорғау бойынша құқықтық сипаттағы өзге де іс-қимылдар арқылы осы тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Мүдделі тараптар тобы	Ұсынылатын ақпараттың түрі	Коммуникация әдістері
Акционерлер	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың мүдделерін қозғайтын компания қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қолжетімділікті ұсыну Директорлар Кеңесінде акционерлердің мүдделерін білдіру Корпоративтік сайтта жариялау
Инвесторлар <i>Толығырақ ақпарат «Инвесторлармен өзара іс-қимыл» бөлімінде</i>	Инвесторлардың және жалпы инвестициялық қоғамдастықтың мүдделерін қозғайтын компания қызметі, корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қолжетімділікті ұсыну Корпоративтік сайтта, оның ішінде «Инвесторлар мен стейкхолдерлерге» бөлімінде жариялау (www.sk.kz) Инвесторлар үшін және басқа да көпшілік іс-шаралар шеңберінде көшпелі тұсаукесерлер (роуд-шоу) ұйымдастыру Кездесулер, конференц-қоңыраулар өткізу Электрондық пошта, телефон консультациялары арқылы сауалдармен жұмысты қамтамасыз ету Баспасөз хабарламаларын орналастыру
Қаржы институттары	Қаржы институттарының мүдделерін, компанияның қаржылық тұрақтылығы мәселелерін қозғайтын қаржылық сипаттағы ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Ақпаратқа қолжетімділікті ұсыну Корпоративтік сайтта жариялау БАҚ-та жариялау
Бұқаралық ақпарат құралдары	Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес құпия ақпараттан басқа кез келген ақпарат	<ul style="list-style-type: none"> Баспасөз хабарламаларын, ақпараттық хабарламаларды, мақалаларды Қор сайтында және БАҚ-та жариялау Пресс-релиздерді тарату БАҚ сауалдарына жауап беру Баспасөз конференцияларын, брифингтер, баспасөз турларын, форумдар, инфосессиялар және басқа да медиа іс-шараларды өткізу Сұраныстармен жұмыс

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

«Самұрық-Қазына» АҚ Қоғамдық кеңесі туралы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.11.2021 жылғы № 828 қаулысымен бекітілген. «Самұрық-Қазына» АҚ қоғамдық кеңесі – бұл азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру, шешімдерді талқылау және қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру, Қордың және Қор тобына кіретін ұлттық компаниялар қызметінің есептілігі мен ашықтығын арттыру мақсатында құрылған консультативтік-кеңесші, бақылаушы орган.

«Сатып алу комиссияларының жұмысына тарту арқылы қоғамдық кеңестердің рөлін одан әрі арттыру қажет. Сондай-ақ квазимемлекеттік секторда да қоғамдық кеңестер құруды көздеу керек» (Мемлекет


Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан).

Қоғамдық Кеңестің Мақсаты

- Қоғамның пікірін жинау, шоғырландыру және есепке алу

Қоғамдық Кеңестің Міндеттері:

- Азаматтық қоғам мүдделерін білдіру
- Азаматтық қоғаммен өзара сындарлы іс-қимылды дамыту
- Қордың даму стратегиялары мен жоспарларының іске асырылуына мониторинг
- Қор қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу



ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ



Жәмішев Болат Бидахметұлы

*Қазақстан Республикасының
мемлекеттік қайраткері*

Еңбек жолы: «Қазақстан халқына» ҚӘҚ төрағасы. 2004 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы қызметін атқарды. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасы болып жұмыс істеді.



Булавкина Ольга Александровна

*Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты,
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі*

Еңбек жолы: Еңбек жолын Өскемен қаласында балабақша тәрбиешісі болып бастады. ШҚО Шемонаиха ауданы әкімі аппаратының экономисті, есепшісі, бөлім бастығы, ШҚО Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары, ШҚО Бородулиха ауданының әкімі болып жұмыс істеді. 2020 жылдың тамыз айынан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты.



Сайыров Ерлан Бияхметұлы

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі

Еңбек жолы: Қоғам қайраткері, саясат ғылымдарының кандидаты. 30 ғылыми мақаланың, саяси модельдеу және ақпараттық технологиялар бойынша 3 кітаптың авторы. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі.



Қазыбаев Айдар Қалымтайұлы

«Астана» Халықаралық қаржы орталығы әкімшілігінің басқарушы директоры

Еңбек жолы: Экономика ғылымдарының кандидаты. Әр жылдары ҚР Ұлттық экономика министрлігінде, ҚР Индустрия және сауда министрлігінде, «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, ҚР Ұлттық Банкінде, «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Әкімшілігінде жұмыс істеді. ЭКСПО-2008, ЭКСПО-2010, ЭКСПО-2012, ЭКСПО-2015 көрмелерінде Қазақстан Республикасының Бас комиссары.



Тажобаева Ирина Лашкаровна

Ядролық технологиялар қауіпсіздігі орталығының атқарушы директоры

Еңбек жолы: Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор. Қазіргі уақытта ядролық технологиялар қауіпсіздігінің ғылыми-техникалық орталығы (ЯТҚ FTO) қауымдастығы нысанындағы ЗТБ атқарушы директоры, «Қазақстанның ядролық қоғамы» (ҚЯҚ) Басқармасының Төрағасы болып табылады. 2009 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін МАГАТЭ термоядролық энергия жөніндегі Ғылыми кеңесінде Қазақстанның ресми өкілі болып табылады, НАТО-ның «Ғылым бейбітшілік пен қауіпсіздік үшін» ғылыми комитетінде Қазақстанның сарапшысы, МАГАТЭ-нің жылдам реакторлар жөніндегі жұмыс тобындағы Қазақстанның өкілі болды. 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚР Энергетика министрлігі Қоғамдық кеңесінің мүшесі. 2017 жылғы «Алтын Адам» – «Қазақстандағы Жыл адамы» сыйлығының «Ғылым қайраткері» номинациясы бойынша лауреаты.



Жолдыбалина Алу Серікқызы

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары

Еңбек жолы: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ұлттық мемлекеттік саясат мектебінің профессоры. «Саясаттану» бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің (РОӘК) мүшесі. «Әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулер» бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің (ҰҒК) мүшесі. Ph.D. докторы, саясаттану магистрі.



Жүнісова Ләззат Олжабайқызы

«Хабар» агенттігі» АҚ Басқарма төрағасының Бірінші орынбасары

Еңбек жолы: Әр жылдары «Қазақстан» Республикалық телерадиокорпорациясы» АҚ Қаржы директоры, Басқарма төрағасының орынбасары, «Arna Media Production» ЖШС Бас директорының орынбасары, «Телевизиялық жаңалықтар агенттігі» ЖШС директоры, «Евразия+ОРТ» ЖШС Бас директоры болып жұмыс істеді.



Нұрбаева Назира Нұртілеуқызы

*Экономика және қаржы жөнінде-
гі басқарушы директор*

Еңбек жолы: Еңбек жолын 1998 жылы PriceWaterhouse филиалында бастады. 2003 жылдан 2004 жылға дейін LUKOIL Overseas Services, Ltd аға салық кеңесшісі болып жұмыс істеді. 2014 жылдан 2020 жылға дейін «PriceWaterhouseCoopers Tax & Advisory» ЖШС-нің директоры қызметін атқарды. 2020 жылғы маусым мен 2021 жылғы сәуір аралығында Deloitte TCF ЖШС-нің Серіктесі ретінде жұмыс істеді. 2021 жылдың сәуірінен бастап «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі лауазымына тағайындалды.



Жанәділ Ернар Бейсенұлы

Даму және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директор

Еңбек жолы: Ернар Бейсенұлы түрлі жылдары Philip Morris Kazakhstan, PricewaterhouseCoopers халықаралық аудиторлық фирмасында жұмыс істеді. 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Қаржылық бақылаушы лауазымына тағайындалып, кейіннен Қаржы және операциялар жөніндегі Басқарушы директор, Экономика және қаржы жөніндегі бірлескен Басқарушы директор лауазымына - «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі лауазымына бекітілді. Кейін Инвестициялар, жекешелендіру және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі болып тағайындалды.



Казутин Николай Юрьевич

Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор

Еңбек жолы: Николай Юрьевич өзінің еңбек жолын 2001 жылы бастады және 2005 жылға дейін сақтандыру компанияларында қаржы талдаушысы ретінде жұмыс істеді. 2006-2016 жылдар аралығында «Прайсуотерхаускуперс Такс энд эдвайзри» ЖШС-де жұмыс істеді. 2016 жылдан 2020 жылға дейін «Көкшетау минералды сулары» АҚ және «Шығыс Қазақстан аймақтық энергетикалық компаниясы» АҚ-да Ішкі аудит қызметінің директоры және Басқарма төрағасының кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2020 жылдан 2022 жылға дейін ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарды.

ҚОСЫМШАЛАР



КБК сақтау туралы 2021 жылға арналған есеп 136

Глоссарий 140

Жасалуына мүдделілік бар мәмілелер туралы 2021 жылға арналған есеп 138

Байланыс ақпараты 143



КБК САҚТАУ ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

2012 жылдың қарашасында «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі Қорға және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі болатын ұйымдарға (бұдан әрі – ұйымдар) таралатын корпоративтік басқару кодексін бекітті.

Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары:

- Қорда және Ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- басқару ашықтығын қамтамасыз ету;
- Қор мен Ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділігін растау.

Корпоративтік басқару кодексі «орында немесе түсіндір» қағидатына негізделген. Демек, Қордың Директорлар кеңесі қызметтің ерекшелігін және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының тиісті Заңын ескере отырып, Қор барлық маңызды аспектілерде Корпоративтік басқару кодексі ережелерінің көпшілігін сақтайтынын растайды, алайда Корпоративтік басқару жүйесі одан әрі жетілдіруді қажет ететіндігінің дәлелі бар.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру саласында жасалған жұмыс осы Жылдық есептің Корпоративтік басқару туралы есебінде егжей-тегжейлі баяндалған және мынадай бастамаларды атап өтуге болады:

- корпоративтік басқаруды жетілдіру мақсатында 2021 жылы сыртқы кеңесшіні (PWC) тарта отырып, корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау жүргізілді, диагностикалау қорытындысы бойынша корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді;
- Үкіметтің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі № 633 қаулысымен Қордың Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді;
- корпоративтік басқару саласындағы қызметті реттейтін ішкі құжаттар әзірленіп өзектендірілді: Директорлар кеңесі туралы ереже, Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы комитеті туралы ереже, жаңа редакциядағы Стратегия комитеті туралы ереже, Тәуелсіз директорларды

іріктеу ережесі, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін лауазымға енгізу саясаты, корпоративтік басқаруды бағалау тәртібі, Директорлар кеңесінің мүшелерін кәсіби дамыту ережелері, Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің сарапшыларды тартуы жөніндегі қағидалар;

- жоғары этикалық стандарттарды белгілеу мақсатында мынадай құжаттар әзірленді: Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты, Контрагенттердің сенімділігін тексеру жөніндегі қағидалар, Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат, Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқықтарының аражігін ажыратуға және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігіне жол бермеуге арналған ішкі бақылау ережелері;
- Қор Басқармасының 2021 жылғы 26 тамыздағы № 36/21 шешімімен Қордың еншілес компанияларға қатысты дивидендтік саясаты жаңа редакцияда бекітілді;
- жаһандық және корпоративтік деңгейлердегі сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді талдау негізінде Қордың 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының жобасы әзірленді, ол негізгі 3 басымдыққа: орнықты даму, жауапты инвестициялар, портфельді тиімді және белсенді басқаруға бағытталған;
- ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарының талаптарына сәйкес ішкі ережелерді өзектендіру мақсатында Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 қыркүйектегі № 187 шешімімен Ішкі аудит қызметі туралы ереже жаңа редакцияда, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Аудит комитетінің 2021 жылғы 10 маусымдағы № 6 шешімімен Ішкі аудит қызметінің Стратегиялық жоспары бекітілді;
- Қор және портфельдік компаниялары қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесіне қажетті ақпаратты уақтылы ұсыну мақсатында Басқарма тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесінің қарауына Қордың портфельдік компанияларымен қызметінің шоғырландырылған нәтижелері туралы ақпарат ұсынады;

- 2021 жылы Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңын, 2022-2031 жылдарға арналған даму стратегиясының жобасын, индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру мақсатында Басқарма жанынан Орнықты даму комитеті құрылды;
- 2021 жылы Қордың портфельдік компаниялары портфельдік компанияларындағы корпоративтік басқару процестерін жақсарту бойынша жұмысты жалғастырды, компаниялардың корпоративтік басқару жүйесіне кезекті тәуелсіз диагностика жүргізді;
- азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде

жұртшылықтың пікірін ескеру, Қор мен портфельдік компаниялары қызметінің есептілігі мен ашықтығын арттыру мақсатында 2021 жылы консультативтік-кеңесші орган ретінде Қордың Қоғамдық кеңесі құрылды.

Қорда корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жұмыс жалғастырылуда, тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейілділік көрсетілуде, басқарудың ашықтығы қамтамасыз етіледі және Қордың Жалғыз акционерімен өзара қарым-қатынасты одан әрі жетілдіру, Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы қызметінің тиімділігін арттыру бойынша тиісті шаралар іске асырылуда.



ЖАСАЛУЫНА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЕСЕП

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жасалуына мүдделілік бар мәмілелер бойынша шешім қабылдамады.

Қор Басқармасы жасау туралы шешім қабылдаған «Самұрық-Қазына» АҚ-ның мүдделілігі бар мәмілелердің тізбесі:

№	Контрагенттің атауы	Мүдделілік белгісі	Мәміленің атауы
1	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компаниясы	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ облигацияларын сату-сатып алу шарты
2	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ	Портфельдік компаниясы	«Самұрық-Қазына» АҚ мен «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ арасында 2020 жылғы 2 шілдеде қол қойылған № 1169-и Уақытша қаржылық көмек көрсету туралы шартқа №1 қосымша келісім
3	«Біріктірілген химиялық компания» ЖШС	Портфельдік компаниясы	2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 741-и Кредиттік шартына № 4 қосымша келісім
4	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компаниясы	«ҚазТрансГаз» АҚ-ның 100% жай акциясын сенімгерлік басқару шарты
5	«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ	Портфельдік компаниясы	SAP бағдарламалық жасақтамасына арналған қосалқы лицензиялық шарт
6	«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Портфельдік компаниясы	2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 630-и SAP бағдарламалық жасақтамасын сенімгерлік басқару шартына № 5 қосымша келісім
7	«Қазақтелеком» АҚ	Портфельдік компаниясы	Шығындарды өтеу туралы шарт
8	«Біріктірілген химиялық компания» ЖШС	Портфельдік компаниясы	2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 741-и Кредиттік шартына № 5 қосымша келісім
9	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компаниясы	Жер телімін сату-сатып алу шарты (бұдан әрі – ССАШ)
10	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компаниясы	Жоба бойынша ынтымақтастықтың негізгі шарттары – Атырау облысында бірінші интеграцияланған газ-химия кешенін салу (бірінші фаза-полипропилен өндірісі, екінші фаза-полиэтилен өндірісі)
11	«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ	Қор тобының ұйымы	2018 жылғы 01 қазандағы № 847-и Кепілдік беру туралы шартқа № 1 қосымша келісім
12	«Біріктірілген химиялық компания» ЖШС	Портфельдік компаниясы	«PVH Development» ЖШС-нің жарғылық капиталына 50% қатысу үлесін сату-сатып алу шарты

№	Контрагенттің атауы	Мүдделілік белгісі	Мәміленің атауы
13	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ	Портфельдік компаниясы	100% жай акцияны сату-сатып алу шарты
14	«Qazaq Air» АҚ	Портфельдік компаниясы	2019 жылғы 24 қазандағы № 1025-и Кредиттік шартына № 3 қосымша келісім
15	«Қазақтелеком» АҚ	Портфельдік компаниясы	2020 жылғы 18 тамыздағы № 1190-и «Кселл» АҚ акцияларын сату-сатып алу шартына № 1 қосымша келісім
16	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Біріктірілген химиялық компания» ЖШС	Портфельдік компаниясы	Полипропилен өндіру жөніндегі кешен құрылысының жобасы бойынша кеңейтілген негізгі шарттар (КРІ жобасы)
17	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «КЛРЕ» ЖШС (КейЭлПиИ)	Портфельдік компаниясы және Қор тобының ұйымы	Полиэтилен өндіру жөніндегі кешен құрылысының жобасы бойынша келісімдердің (Term sheet) базалық шарттары (Силено жобасы)
18	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Портфельдік компаниясы	2019 жылғы 24 қаңтардағы № 884-и кеңсе, тұрғын емес және жер учаскелерін сенімгерлік басқару шартына № 2 қосымша келісім
19	«ҚазТрансГаз» АҚ	Портфельдік компаниясы	SAP БЖ-ын болашақта пайдалану құқығын табыстау туралы шарт
20	«KTZ Express» АҚ	Қор тобының ұйымы	2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 517-17 SAP БЖ-ын болашақта пайдалану құқығын табыстау туралы шартты бұзу туралы келісім
21	<ul style="list-style-type: none"> • «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ; • «ҚазТрансОйл» АҚ; • «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС; • «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc. ЖШС («Қазақстан Петрокемикал Индастриз Инк.»); • «Интергаз Орталық Азия» АҚ; • «Электр желілерді басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC»; • «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ 	Портфельдік компаниялар және Қор тобының ұйымы-дары	SAP бағдарламалық жасақтамасын пайдалану құқығын табыстау туралы шартқа қосымша келісім
22	«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	Қор тобының ұйымы	Облигацияларды шығару шарттары мен тәртібіне өзгерістер енгізуге жазбаша келісім (Terms and Conditions of the bonds)
23	«Bolashaq Investments LTD» ЖК	Қор тобының ұйымы	Облигацияларды сату-сатып алу шарты
24	«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ	Портфельдік компаниясы	Уақытша қаржылық көмек көрсету туралы шарт

ГЛОССАРИЙ

Осы Жылдық есепте мынадай анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылды:

Қор, «Самұрық-Қазына» АҚ	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
%	Пайыз
AIX	«Астана» Халықаралық қаржы орталығының биржасы
EBITDA	Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization, компанияның пайыздарды, салықтарды, тозу мен амортизацияны шегергенге дейінгі пайдасы.
EMS	Express Mail Service, пошта хат-хабарларын жедел жеткізу халықаралық сервисі
ESG	Environmental, Social, and Corporate Governance, Экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару
CEO	Chief Executive Officer, Басқарма төрағасы, директор, жоғары басқарушылық лауазым
CRM	Customer Relationship Management, Клиенттермен қарым-қатынасты басқару жүйесі
IPO	Initial Public Offering, Акцияларды бастапқы жария орналастыру
IT, ИТ	Ақпараттық технологиялар
HR	Human resources, персоналды басқару
H&S	Health & Safety, қауіпсіздік және еңбек гигиенасы
KZT	Қазақстандық теңге
LTIFR	Еңбекке қабілеттілігінен уақытша айырылу мен жарақаттар жиілігінің коэффициенті
LSE	London Stock Exchange, Лондон қор биржасы
MBA	Master of Business Administration, Іскерлік әкімшілік шебері
M&A	Mergers and acquisitions, Бірігу және сіңіру
NAV	Net Assets Value, Таза активтердің құны
QAZAQ AIR, «QAZAQ AIR» АҚ	«QAZAQ AIR» акционерлік қоғамы
ROA	Активтердің табыстылық коэффициенті
ROE	Жекеменшік капиталдың табыстылық коэффициенті
S&P Global Ratings	Standard & Poor's, Қаржы нарықтарын аналитикалық зерттеулермен айналысатын McGraw-Hill америкалық корпорациясының еншілес компаниясы
SRS	Samruk Research Services
SPO	Secondary Public Offering, бар акционерлерге тиесілі акцияларды жария орналастыру
АҚШД	АҚШ доллары
ЖҚАР	Жиілік пен қуаттылықты автоматты реттеу
АМӨЗ	Атырау мұнай өңдеу зауыты
ӘБП	Әкімшілік-басқарушы персонал
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ҮОС	Ұлы Отан соғысы
ЖС	Жел электр станциялары
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ӘЖ	Электр таратушы әуе желісі
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжат

ЖОО	Жоғарғы оқу орны
Қор Тобы	Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы компанияларға тиесілі Қор, компаниялар, олардың еншілес ұйымдары, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы компаниялардың аталған еншілес ұйымдарына тиесілі заңды тұлғалар
ГРЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
Мемкомиссия	Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия
СЭС	Су электр станциясы
МИИДБ	Мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы
ЕТҮ	Еншілес және тәуелді ұйымдар
Бірл.	Бірлік
ЕО	Еуропалық Одақ
БЭЖ	Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
АЖ	Ақпараттық жүйе
ЭСАЖ	«Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі
ИОА	«Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы
СКС	Сатып алу категориялық стратегиясы
KEGOC, «KEGOC» АҚ	«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» акционерлік қоғамы, «KEGOC» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)
Қазпошта, «Қазпошта» АҚ	«Қазпошта» акционерлік қоғамы
ҚАӨ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚБМ	«Қаражанбасмұнай» акционерлік қоғамы
КВИ, COVID-19	2019 жылғы Коронавирустық инфекция
кВт*сағ	Киловатт-сағ
КЕГОК, «KEGOC» АҚ	«Kazakhstan Electricity Grid Operating Company KEGOC» акционерлік қоғамы
ҚМЭБИ	Қазақстан Менеджмент, Экономика және болжау институты
км	Километр
ҚМГ, «ҚМГ» ҰК» АҚ	«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
Компаниялар, Қордың портфельдік компаниялары, ҚК	Ұлттық компаниялар және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) 50%-дан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Қорға тиесілі басқа да заңды тұлғалар
ҚНК	Қызметтің негізгі көрсеткіші
ҚТЖ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
ҚТК, Қазақтелеком, «Қазақтелеком» АҚ	«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы
КО	Корпоративтік орталық
м³	Текше метр
МВт	Мегаватт
ХВФ	Халықаралық валюта қоры
млн	Миллион
млрд	Миллиард
МГ	Магистральдық газ құбыры
ММГ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы

ЖҚ	Жергілікті құрам
АХҚО	«Астана» Халықаралық қаржы орталығы
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚҚС	Қосымша құн салығы
МӨЗ	Мұнай өңдеу зауыты
ҮКП	Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ЭТЖ	Электр тарату желісі
ЖБ	Желілік бағдарламалау
НҚ	Негізгі құрал / негізгі құралдар
ОТӨ	Отандық тауар өндірушілер
ӨМГ	«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы
ЗТБ	Заңды тұлғалар бірлестігі
ПКОП	«Петро Казахстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ӨП	Өндірістік персонал
т.т.	Тармақша
ПМХЗ	Павлодар мұнай-химия зауыты
ҚС	Қосалқы станция
ҚР	Қазақстан Республикасы
ДК	Директорлар кеңесі
СҚИ, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	«Самұрық-Қазына Инвест» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
СЭ, «Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы
АЭА	Арнайы экономикалық аймақ
ТКС, «Тау-Кен Самұрық» ҮТКК» АҚ	«Тау-Кен Самұрық» Ұлттық тау-кен компаниясы» акционерлік қоғамы
трлн	Триллион
мың	Мың
ТЖҚ	Тауарлар, жұмыстар және қызметтер
ТШО, «Теңізшевройл» ЖШС	«Теңізшевройл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ШОУШ	Шартты отынның үлестік шығындары
ҮӘҚ	Ұлттық әл-ауқат қоры
ОАҚБЖ	Орталықтандырылған апатқа қарсы басқару жүйесі
дана	Дана
ЕГРЭС-1, «ЕГРЭС-1» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-1» АҚ	«Екібастұз ГРЭС-1» акционерлік қоғамы
ЕГРЭС-2, «ЕГРЭС-2» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	«Екібастұз ГРЭС-2» акционерлік қоғамы
Эйр Астана, «Эйр Астана» АҚ	«Эйр Астана» акционерлік қоғамы
ЕМГ, «Ембімұнайгаз» АҚ	«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Осы Жылдық есеп бойынша сұрақтарды ESG департаментінің корпоративтік басқару секторына жіберуге болады: [governance@sk.kz.](mailto:governance@sk.kz), тел. +7 (7172) 55-26-74

Толық атауы – «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы

Орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы,

Заңды мекенжайы: Сығанақ к-сі, 17/10

Нақты мекенжайы: Сығанақ к-сі, 17/10

Сайттың мекенжайы: www.sk.kz

Кеңсе: +7 (7172) 55-40-01

Сатып алу порталына техникалық қолдау Call орталығы:

+7 (7172) 55-22-66

Пошта: support@skc.kz

Жекешелендіру бағдарламасы мәселелері бойынша

Call орталығы:

+7 (7172) 55-22-66

Телефон: +7 (7172) 55-92-81

Пошта: DPRA@sk.kz

Инвесторлармен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша

Телефон: +7 (7172) 55-40-71

Пошта: ir@sk.kz

Халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша

Телефон: +7 (7172) 55-40-36

БАҚ-мен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша

Пошта: press@sk.kz

Сатып алу әдіснамасы, бақылау және мониторинг департаменті

Телефон: +7 (7172) 55-92-80



Жедел желі

8 800 080 4747



WhatsApp

+7 771 191 88 16



Интернет-портал

sk-hotline.kz



Электрондық пошта

mail@sk-hotline.kz



«НЫСАНА»

КОЛЛ-ОРТАЛЫҒЫ

(әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша)

8 800 080 3030

8 702 075 3030

